

ҚазҰУ қалашығы

Кетпесем де ғалым боп аты мәлім,
Дұрыс болған ҚазҰУ-де оқығаным...
Қалашықты сыйғызып қарашыққа,
Жағалауда жыр жазып отырамын.

Тұлпарына мінгесіп зор талаптың,
Ұлы ілімнің қақпасын қорқа қақтым.
Дәні егіліп бойыма ізгіліктің,
Дос жинадым, аяулы орта таптым.

Жылу берді жанымға жамырап нұр,
Қасиетіңнен оғланың тамыр ап тұр.
Талайлардың мінезін тезге салып,
Адалдыққа баулыған – шаңырақ бұл.

Қолда бардың қадірін елепті кім?!
Құтхана орны түлекке әр бөлек бұл күн.
Сағынтады үйреткен бұла мекен,
Қалай сүру өмірді керектігін.

Бақтарыңда естідім самал әнін,
Бар алабын армансыз араладым.
Қанша қызға айта алмай тілегімді,
Қанша қыздың жүрегін жараладым.

Көк құрағын көңілдің жел тербеуде,
Бозбала ойлар күн сайын өркендеуде.
Түспегенде қастерлі бұл Ордаға,
Қалар ма едім кездеспей еркеммен де?!

Әдемі қыз қымсынып көрікті ұлдан,
Жыр-әуенге түп-тұнық толып тұр маң.
Тағдырыма ризамын тәнті қылып,
Бағым болар арумен жолықтырған.

Қиялыңның үйірін қаптата шын,
Болашақтан батпандай бақ тосасың.
Сексендегі ақсақал мейірленіп,
Бізге беріп тұрғандай ақ батасын.

Бауыржан ӘЛҚОЖА,

Төлеген Айбергенов атындағы
сыйлықтың иегері. Халықаралық
“Шабыт” фестивалінің лауреаты.
«Айтұма» жыр жинағының авторы.
Серпер сыйлығының лауреаты.
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің журналистика
факультетінің магистранты.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАРЫ



«Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы», - Әбу Насыр әл-Фараби. Жастар – өмірдің сәні, болашақты жалғастырушылар. Жастық – арман. Бұл – сенім, бұл – ерлікке құштарлық, бұл – лирика, бұл – романтика, бұл – болашақ жөніндегі жаңа жоспарлар, бұл – болашақ атаулының бастауы. Қоғам – адамзат өркениетінің білігі мен біліміне, адамгершілік-этикалық нормаларына тікелей қатысты дамиды. Біздің бүгінгі тәуелсіз қоғамымыз бен егемен еліміздің негізгі үміт арттары – жастар. Мемлекет тәуелсіздігінің бүгінгі даму сатысында ел жастарына артылып отырған сенімнің жауапкершілігі ауыр, күтілетін үміттің үлесі мол. Жастарға сенім артып, жастардан үкілі үміт күту – қай қоғамның да басында бар болатын құбылыс. Алайда, біздің қоғамның жастардан күтер үміті айрықша. Олай дейтініміз, бүгінгі жастар – мемлекетіміздің егемендігімен тұстас, санасы кешегі қызыл қоғамның идеялық ұстанымымен уланбаған ұрпақ.

Жалғасы 2-бетте.



Қадірі биік қара шаңырақ

Ұлттық университетте оқығың келе ме? Ендеше, бізде оқы, жас түлек! Өйткені бұл – ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ.

Адамның мектепте алған білімі әрі қарай университетте дараланып, өмірге бейімделіп, шыңдала түседі. Қазіргі таңда, қайда оқыған маңызды емес болғанымен, бүгінгі қарыштап тұрған заманда заманауи, барлық жағдайы қамтылған, ұлттық университетте оқуды әркім армандары анық. Осы орайда студенттердің білім алуына қолайлы жағдай жасалған, шетелдік оқу орындарына жол ашатын Қазақ Ұлттық университетін бірдің де бірегейі деп атар едік.

Жалғасы 2-бетте.



ҚазҰУ-ға

Көктің өзі көркіңмен таласып па?!
Армандарға тұрасың жол ашып та...
ҚазҰУ-ды алғашқы көргеннен-ақ,
Мен ғашықпын осынау қалашыққа.

Жаздыкүні – көкте күн күлгендейін,
Патшалардың бағында жүргендейін.
Түлкі, тиін, құс әні –
Күй кешесің,
Бір ғажайып орманға кіргендейін.

Сарсаңға да түсер ем алып-ұшып,
Саф алтыннан қымбатты бағың үшін...

Сары күзде жапырақ жауған ҚазҰУ,
Студенттің маздатар сағынышын.

Қызғалдақтар қырдағы семіп еді,
Қаһарлы аяз шуақтан жерінеді.
Қар жамылған қалашық қыстыгүні,
Қалғып кеткен сияқты көрінеді.

Қатал қыстың қоштасып ызғарымен,
Ғашығым бұл кезде жүз барып ем...
ҚазҰУ сұлу көктемде құлпырады,
Гүлдерімен және де қыздарымен.

Неткен ғажап көрініс, кескін еді,
Көп адамдар қадірін кеш біледі.
Жаны жалын жастардың
Әр кеш сайын
Жанға жайлы әндері естіледі.

Қозы-Баян деген бар лақап ат та,
Шаттық пенен осында шапағат та.
Қол ұстасып ғашықтар кетіп барады,
Мадақ айтып жастық пен махаббатқа.

Алақайлап шаттанар келді күнің,
Тойламасақ ұят-ты енді бүгін.
Сан өренге тәрбие-тәлім берген,
ҚазҰУ ата сексенге келді бүгін!..

Алпамыс ФАЙЗОЛЛА
журналистика факультетінің
2-курс студенті

Бүгінгі санда:

XXI ғасыр:
Мен сенемін
4 бет

Бүгінгі санда:

«Қазақ әдебиеті»
газеті асылдардың
сынығы
5 бет

Бүгінгі санда:

Молдір ӘҰСЛБЕКОВА:
«Жеке кәсіппен
айналысу ойда бар».
6 бет

(басы 1-бетте)

(басы 1-бетте)

Қазақ Ұлттық жалаңды

Университетінің жастары

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті еліміздегі және одақтас мемлекеттер арасындағы білім беру жүйесінің бердісіне айналғанына осы жылы 80 жыл толып отыр, ең беделді, сан жылдар бойы оқу базасы қалыптасқан, тәрбие мен ұлттық сананың алтын қазығы, өзіндік салт-дәстүрін сақтаған бірден-бір жоғарғы оқу орны.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығы қала ішіндегі қала, жеке автономия десекте болады. Жиырма мың студент, үш мыңға жуық ұстаздары мен университет қызметкерлері бар шағын мемлекет. Студенттердің жан-жақты дамып, білім алып, ғылыммен айналысып, өз-өзін шыңдауға барлық мүмкіндіктер жасалған. Дарынды да талантты, білгір де зерек, көшбасшы мен ұлт зиялыларын қалыптастырушы білім ордасы. Студенттердің бойына білім, ғылыммен қоса ұлттық тәрбиені, патриоттық сезімді, еліне, халқына, жеріне деген сүйіспеншілік пен махаббаты үйлестіре отырып берген киелі білім ордасы. Университетіміздің әрбір студенті айқын перспективалар, болашағына сенімділік, кәсіби өсу үшін барлық мүмкіндіктерге ие бола алады. Қазақ ұлттық университеті шын мәнінде дарындылар мекені.

Қазақ Ұлттық университетінің ең басты байлығы, мақтанышы ол әрине – жалынды да жігерлі, алғыр, Мағжан Жұмабаевтың сөзімен айтар болсам «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» жалынды студент жастары.

Қазақ Ұлттық университетінде 2007 жылы бастамашы жастардың ұсынысымен «Жастар ұйымдары комитеті» құрылып, университеттегі студенттермен байланысты жұмысты өз мойнына алып, барлық ұйымдарды өз қанатының астына алды. Жастар ұйымдары комитетінің құрлымына келер болсақ. Көз алдымызға қазақ үйдің құрлымын елестетіңіз. Ортасында шанырақ – «Жастар ұйымдары комитеті», шанырақтан тарайтын уықтар – Студенттер сенаты, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, Жоғары студенттер кеңесі, «Көмек» еріктілер қозғалысы, Студенттердің ғылыми қоғамы, Балон үдерісі бойынша студенттік бюро, «Алтын сапа» пікірсайыс клубы, ал керегелері ҚазҰУ-дың жалынды да жігерлі студенттері. Осы ұйымдардың барлығы біріге келе Қазақ Ұлттық университетінің «Жастар ұйымдары комитетін» құрайды.

Университет бойынша өзіндік орны бар, мәртебе мен құрметке ие, ең көп студенттер шоғырланған, ҚазҰУ-дың қозғаушы күшіне айналған ұйым – Студенттер Сенаты, «Сенат» құрылмының өзіндік ерекшеліктері бар, мысалға адам денесіндегі ең басты мүше – жүрек болса, Сенат – жүрегіміз, ал қалған маңызды мүшелер – 13 факультеттің маслихат ұйымдары, яғни адамның барлық мүшесі бір-бірімен тығыз байланыста, бір-біріне жұмыс атқаруы мүмкін емес, сол секілді Сенат он үш факультеттің маслихат ұйымдарын өз туының астына біріктіре отырып, игі істердің бастамашысы болуда. Сенат - заман ағымымен, уақыт көшімен үдескен студенттік ұйым. Жаңашылдыққа ұмтылған, бірлесіп жұмыс атқарудың тәсілдерін терең меңгерген жастардың ордасы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Студенттер Сенаты ұйымының құрылып, жұмыс атқарып, талай жастарды өмір атты айдыңға қанат қақтырғанына 14 жылдың көлемі болыпты. 14 жылдық кезең тарихи тұрғыдан алып қарағанда, қас-қағым сәт деуге болады. Ал осы қас-қағымдық мезгілде кешегі жас ұйым буыны қатайып, бірлігі жарасқан жылжыған жылдармен ілесе тәжірибелері шыңдалған, майталман ұжымға айналып отыр. Шын мәнінде студенттік ұйымға айналған Сенат жастардың бастамаларына қолдау көрсетіп, іргелі істердің ұйытқысы болуда.

Сенат жайлы сөз болғанда, оның негізін салушылардың бірі, жаңа форматтағы ұйымның жаңару структурасын қалыптастырған біздің қазіргі таңдағы модераторымыз, бағыт, жол сілтеуші, бағдаршам іспетті ағамыз Нұрлан Абдіқадировты айтамыз кету мүмкін емес. Әрқайсымыз үшін қандай да бір жеңістің шыңына жету оңай, ал сол шың басында тұра білу, жеңістің позициясын ұстап қалу қиынның қиыны екені рас. Осы позицияны өзі ұстанып қана қоймай өзінің артынан ерген мыңдаған көшбасшы студенттерге үлгі азамат. «Сенат» дегенде Нұрланның жүрегі ерекше тебіреніске түсетіні құпия емес, себебі осы ұйымға ол барлық күш-жігерін салып, қажыр-қайратымен еңбек етіп, ұйым жұмысын жүрегі арқылы, өзінің осы іске деген махаббаты арқылы, университетіне деген сүйіспеншілігі, еліне, Тәуелсіз қазақ мемлекетінің гүлденуіне, жалынды жастардың жалынды болып қалыптасуына қосқан үлесі деп біледі. Бұл тек Нұрлан сынды жаны таза, жүрегі кең, жайсаң мінезді, әрқашан да ар мен ождан алдында абыройлы болуды қалайтын адамның қолынан келетін іс дегім келеді.

«Басқарушы болмаса, ел қадірі кетеді, елінде айтыс болса, ер қадірі кетеді», – демекші, Нұрланның баршамен ортақ тіл табысуының арқасында тату-тәтті бірлікте университетіміздің барлық белсенділері

қосылып, біртұтас ағзаның әрбір жасушасы сияқты өз жұмысын атқаруда.

«Аға ісін іні жалғар» ұрпақ сабақтастығы – аға буынды алмастырып, дәстүр мен жаңашылдықтың озық өнегесін дамытып, жаңа серіп беру мақсатында, Нұрлан Сенатты өзі тәлім-тәрбие беріп, көшбасшылық мектептен өткізген Нұрбол Тілеубергенге сеніп тапсырған болатын. Қазіргі таңда Нұрбол осы ұйымға аянбай еңбек етіп, барша үміттерді ақтап, жоғары жетістіктерге қол жеткізуде.

Сенаттың негізін құраушы, түпқайнар көзі – ол әрине әр факультеттегі «Мәслихат» ұйымы. Мәслихат - әр факультеттің жалынды, жігерлі, қиялы ұшқыр, арманы асқақ, беткеушар, әнші, биші, күйшілері мен қатар сөз шебері мен зергерлері, сана мен түйсігі қалыптасқан белсенді жастардың киелі мекені. Мәслихат – студенттердің толеранттылықты қалыптастыратын, өзіне тән мәдени-әлеуметтік ережесін, салттары мен дәстүрлерін жалыадамзаттық мақсаттағы материалдық емес жанұялық, достастық, моральдық, рухани, танымдық нысандарды тоғыстыра білген бірден-бір ұйым. Мәслихатұйымындағы әр белсенді студент адами өнегелі құндылықтарды, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздігіміздің даму деңгейін жоғарылата отырып, жалпы этиканы сақтау өз міндеті деп санап осы ұстанымды өмірлік негізге алады.

Мәслихат ұйымының басты ерекшелігі бір сөзбен айтқанда әр мүше үшін мәслихат екінші үйі, ордасы, шектеусіз шығармашылық кеңістігі, ал бір факультет маслихатының мүшелері бір отбасыны құрайды, басқа факультеттердегі маслихаттар бауырлары, сонда өзіңіз қараңызшы мәслихат махаббат пен сүйіспеншіліктен, мейірім мен түсініктен, шаттық пен қуаныштан құрылған, бұл жайғана әсерлеп айтылған сөздер емес, бұл шын мәнінде көзімізбен көріп, қолымызбен ұстаған дүние, шынайы факт, айна қатесіз ақиқат. Астын сызып айтатын тағы бір мәселе – мәслихат ұйымындағы топтық рухтың асқақ болуының негізі мүшелерінің бір-біріне демеу беріп, қолдау көрсетіп, қиын сәттерде қасынан табылып көмек көрсетуі.

Мәслихат ұйымы «Бес саусақтың саласындай, бір атанының баласындай», университет, қала, республикалық деңгейдегі конференция, фестиваль, форумдарды ұйымдастырып университет мерейін үстем етуде, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» білген он үш факультеттің маслихат ұйымдары университетіміздегі өзін-өзі басқару ұйымы ретінде басқа жоғарғы оқу орындарының студенттеріне үлгі болып отыр. Қоғам болғандықтан әр түрлі ой туындайды, мысалға мәслихат ол босқа уақыт өткізу сонымен қатар керексіз шолақ белсенділік деп ойлайтын адам өзінің қаншалықты қателесіп тұрғанын өзі түсінбейді. Себебі, маслихат мүмкіндіктер әлемі, ең алдымен, сен бір топ, команда болып жұмыс атқаруды үйренесің, елмен, үлкен-кішімен ортақ тілтабысуды меңгересің, маңызды жобаларды іске асыра отырып өзіңнің танымыңды кеңейтесің міне бұл тек қана бастамасы, әрі қарай жіктейтін болсам өте көп. Он үш факультеттің маслихат ұйымдарының басы қосылғанда үлкен механизм, жігерлі жастардың одағы «Сенат» іске қосылады. Яғни, «Бірлік түбі тірлік» бірлік болған жерде кезкелген жұмысты жоғары деңгейде атқаруға болады.

Ұлы хәкім Абай – «Берекені көкпен тілеме, еткен еңбектен тіле»,- дегендей, еңбек адамның қоғамда алатын орнының болашаққа көзқарасының азаматтық беделін ерекшелеп отырады. Біздің Сенат, маслихат ұйымдарының тағдырымен егіз өрілген жарқын болашағымыздың бастауы еңселі еңбек пен берекелі бірлікте жатыр. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – біз жаңа инновациялық технология мен жаңару, өркендеу дәуіріне басып барамыз, сондықтан бұл кезеңді біз биік рухпен, кен тыныспен, тың серпінмен бастағанмыз абзал. Біздің қуатымыз бірлікте. Біздің алдымызда Қазақ ұлттық университетінің асқар асуларға бастайтын, тарихи маңызы бар белестерді бағындыру міндеті тұр. Біз берік бірлігіміз бен бекем тірлігіміздің арқасында көптеген жетістікке қол жеткіземіз. Алдағы уақытта да ике тіресе жүріп, биік белестерді бірге бағындыра беретінімізге сенемін. Біздің бағытымыз айқын, болашағымыз жарқын.

Баршаңызға табыс тілеймін!

Мадн АХМЕТОВ,
журналистика факультетінің
Мәслихат төрағасының орынбасары



ҚазҰУ-ым киелі

Қадірі биік қара шаңырақ

Сенде десім,
Баққа апарар білімнің ең кемелін.
Алағауға, Алматы бөктеріне,
Алтандырған сәтінде жеңгелерім.

Күнімде мың,
Қасиетіңе қастерлі жүгінгемін.
Ұяларды баптаған ұлағатың,
Тербетуде жанымды бүгін менің.

Көздегенім,
Апай төсің емес пе, сезбеп едің!
Аласұрған қойныңда боз дененің,
Алғаның көр сен ертең өз дегенің.

Сүйінгенім,
Елің үшін ертеңгі күйінгенің.
Қапырықта түлетіп тааай боздақ,
Тағдырды тағылыммен түйіндедің.

Қабылдаған,
Шаңырағым киелі дамыдаған
Жырау жылдың жасай бер
жалғасымен,
Ұланыңды ұлықтап тағыңда аман!!!

Ілескен АЛБАТЫР,
журналистика факультетінің
1-курс магистранты

Есентай өзені

Өмір, сенің өзгерген бе ережең,
Неге, бұл маң көкірегіме
жаяды «у»?!
Бәрі орнында,
Сол қалашық...
Сол өзен...
Алшақтанған тек жанымнан
Ай ару...

Тұсады ақыл ол жайлы ойды
желдірген,
Енді ешқашан іздемеуге
көндірді.
Беу, «Есентай», саған жалғыз
келдім мен,
Табылмастан сырласатын тең
құрбы.

Жылы жүзбен жығра орап әр
уақытты,
Өтті күндер аққайынды саялап.
Біз осында тастап кеткен
бақытты,
Мына екі жас ұстап отыр
аялап...

Ерке өзенім, есіп аққан кешегі,
Саған сонша не көрінді, ей,
күрсініп?
Әлі айдардан керім самал
еседі,
Баққа орайды...
Токтамайды тіршілік...

Қайда кеткен күміс күлкің
сыңғырлы,
Жолыңды ізде!
Қоңыр күзге кінз артпай.
Баурайыңда күн түгілі, түн
нұрлы,
Мөлдiреп ақ ғашықтарды
жылатпай!



Бауырқан ӘЛҚОЖА,
журналистика факультетінің
2-курс магистранты

Биылғы жылы 1934 жылы 15 қаңтарда құрылған ұлттық қарашаңырақтың ордасы – Қазақ Ұлттық университетіне 80 жыл толмақ. 80 жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие, Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталығы, жоғары кәсіби жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы. ҚазҰУ-ды еліміздің барлық жоғары білім беру жүйесінің тірегі, білікті мамандар ордасы деуге болады. Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ерекше мәртебесі бар Қазақстанның жетекші оқу орындарының ішіндегі көшбасшысы, сонымен қатар еліміздің жоғары оқу орындарының арасындағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының иегері.

Университет толығымен ИНТРАНЕТ желісіне көшірілген, сонымен бірге қалашық ішінің барлық аймағы Wi-Fi сымсыз желісімен қамтылған.

Біздің университетті өзгелерден ерекшелендіріп тұратын тағы бір нәрсе – ҚазҰУ қалашығы атануында. Университет қалашығында 14 факультет пен жатақханалар, әл-Фараби атындағы кітапхана, Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, ҚазҰУ спорт кешені, 300 орындық Интернет-кафе мен 18 студенттер үйі орналасқан. Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы – ҚазҰУ қалашығының інжу-маржаны деуге болады. Мұнда Қазақ ұлттық аспаптар оркестрі, көркемөнерпаздар үйірмесі, «Біз» студенттер театры мен «КТК» командасы жұмыс істейді. ҚазҰУ спорт кешені спортқа құмар барлық студенттер үшін қолайлы жағдай жасауда.

Мен университеттің журналистика факультетінде оқығаныммен, университет ішіндегі барлық факультет студенттеріне керемет жағдай жасалғанын көзімізбен көріп, құлағымызбен естіп жүреміз. Алысқа бармай-ақ, өзіміздің факультеттегі мамандарды даярлауда жеке М. Барманқұлов атындағы телестудия, университетаралық «әл-Фараби» радиосы, «ҚазҰУ жаршысы» газеті көп көмектеседі. Сонымен қатар, білімді мамандар мен білікті, тәжірибелі дәріс оқытушыларының, танымал журналистердің дәріс оқуы ерекше әсер етеді. Өзіңізді дәріс алумен қатар, болашақ журналист ретінде сезіне аласыз.

Сондай-ақ, университетімізде Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдары бар. Бұл әрбір студенттің өз университеті үшін белсенді болуына ықпал етеді. Ұйымдар әр түрлі бағытта, атап айтсақ, «Сенат», «Мәслихат» ұйымдары университетте өтетін шараларды, «Студенттік ұйым» жатақхана арасындағы шараларды, «Әлем» әдеби бірлестігі әдеби-сазды шараларды ұйымдастырса, «Көмек», «Сұңқар» ұйымдары – университет көлемінде өтетін шаралардың, қайырымдылық концерттердің қаржысын реттеп, балалар үйіне, қарттар үйіне барып, көмек қолын созып, көмектесуді ұйымдастыратын ұйымдар. Ұйымдардың барлығын студенттер басқарады. Бұл университетте білім алатын әрбір студенттің өмірінің тиімді өтуіне, қызықты әрі алуан болуына жағдай жасайды. Студент тек қана дәрістер мен семинарларға қатысумен ғана шектелмейді, олар шығармашылығын шыңдап театр студиялары мен таланттарын ұштап поэтикалық клубтарға, көңілді және тапқырлар сайысына белсене қатысады.

Осының бәрі де студенттері үшін халықаралық деңгейде оқып, зерттеулер жүргізуге, өз университетінің белсендісі мен ЕЛІНІҒ мақтан тұтар тұлғасы болуына жол ашады.

Мен еліміздегі бірегей оқу орынында – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетіне түскеніме өкінбеймін. Бұл оқу орыны менің мамандығымның білгір иесі болуыма, еліме пайдасын тигізер, мақтан тұтар тұлға болып қалыптасуыма **ТЕМІРҚАЗЫҚТАЙ** жол ашатынына сенімім мол. **80 жылдық мерейтойың құтты болсын, ҚазҰУ-ым!!!**

Айзада ЖАЙЫҚОВА,
журналистика факультетінің
1-курс студенті.

ҚазҰУ-дың оқу үдерісі

БАРМАСАҢ, КЕЛМЕСЕҢ, ЖАТП БОЛАСЫҢ...

ҚазҰУ-ым - қарашаңырағым

ҚазҰУ ғылымның қантанымы, Білімнің Хан Тәңірі!

Алматы – мәңгі жастықтың қаласы. Ал, ҚазҰУ – жастар қалашығы. Әсіресе, тәуелсіздікпен бірге ерекше сұлуланып, жаңарып, жайнап сала берген қалашықта бой көтерген бірінен бірі өткен әсем ғимараттар көркіне көрік қосады. Өмірінің ең қызықты кезеңінің куәсі болған, «таң атқанша таласып ұйықтамайтын, арманы мол студенттік шағы өткен» қасиетті мекенге 20 жылдан соң кездесуге оралған аға – апаларымыз танымастай түлеген қалашықтарын көріп таңдай қақты. Қала ішіндегі қалашықтан жылма-жыл талай дарын білім алып, талай талант түлеп ұшуда.

Жандары жаңашылдықты қалайтын жалынды жастар, сапалы білімді санасына сіңірген сан түрлі студент еліміздегі ең үздік оқу ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде өз болашағын жолға қойып, арман, мақсаттарының орындалуы үшін білім алуға. Олардың алаңсыз білім алуына, спортты сүйюіне, өнерін өрістетуіне барлық жағдай жасалған.

Әл-Фараби бабамыздың рухымен қуаттанған университет ұжымы осы күнге дейін тек қазақ еліне ғана емес, бүкіл шет елдерге танылды. ҚазҰУ-дың 80 жылдық өмір жолында қалыптасқан дәстүрлері, ұлы ұстаздарының есімдері мен атқарған істері ұлы шаңырақтың, яғни еліміздегі жасампаз оқу орнының басынан кешкен тарихы ретінде баяндалады. Біздің ҚазҰУ-де қазақтың небір қасқа мен жайсандарының рухы бар. Мәселен, бірғана Ұлы Мұхамет-Мұхтар Әуезовті атасак... Бір өзі бүкіл бір ұлттың болашағына алаңдап, «Ел боламын десен, қазақ, бесіңді түзе!» демеді ме? Заңғар тұлғаның қалдырған мәңгілік ізі мен дәріс берген даусы бүкіл қалашықта өзіндік қуатымен жаңғырып тұрғандай.

Бүгінде ел мақтанышына айналған тұлғалардың көбісі дерлік осы оқу ордасының білімімен сусындап, қанаттанды. Талай профессор, ғалымдардың дәрістерін тындап, өз болашақтары үшін өнегелі тәрбие ала білді. Осы еңбегінің арқасында, мыңдаған таланттардың талпынысының нәтижесінде ҚазҰУ – дың дәрежесі жоғары, мәртебесі биік. Алайда, бұл жетістіктер оңайлықпен келмегені анық. Арда өткен 80 жыл ҚазҰУ-дың өсіп-өркендеуі үшін тарихи кезеңге айналды. Осы 80 жылдық тарихында киелі қарашаңырақ қазақ ғылымының барлық саласының дамуына теңдессіз үлес қосты.

Иә, 80 жыл! Биыл біз үшін, жалпы ҚазҰУ-лықтар үшін – айрықша жыл. Киелі қарашаңырақта үлкен той, үлкен мереке. Осы мерекеге орай қызу дайындықтар жүргізілуде. Түрлі шаралар мен байқаулар тек осы мерейтойға арналмақ. Университетіміздің білікті де білімді, белсенді студенттерінің көмегімен айтулы мерекені жоғары дәрежеде өткіземіз деген сенімдеміз.

Исатай АҚҚАЛЫШ,
журналистика факультетінің
1-курс студенті

Жоғары білім берудегі белгілі жүйенің жүйелілігі

Кредиттік жүйе еліміздегі әскери оқу орындарынан басқа барлық жоғарғы білім ордаларының оқу жоспарына енген. Осы жылдан бастап онлайн жүйенің тиімділігін арттырып, жаңалықтарын жаңғырта түсетін тағы да басқа оқу жүйесі жолға қойылуда. Ал оның қаншалықты пайдасы барын алдағы жыл тәлімгерлердің білім жетістігі көрсете жатар.

Қандай жаңалық болмасын, адам игілігі үшін жасалатыны анық. Келешектің кілігін ұстайтын жастардың сапалы білім алуына мұндай жеңілдіктер аса қажет. Барлық саладағы әлемдік өзгерістерден біздің де сырт қалмағанымыз дұрыс. Заман дамыған сайын жаңалықтардың көбейе түсетіні белгілі. Білім беру саласында да жаңа технология, жаңа мүмкіндіктер қарқын алуға. Осыған байланысты барша студент ата-аналарын мынадай сауал жиі толғандырса керек: «Жоғарғы оқу орындарындағы кредиттік жүйенің қандай ерекшеліктері бар?». Ендеше, жауапқа жол берейік.

Бұл жөнінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқу ісі жөніндегі проректоры Дархан АХМЕД-ЗАКИ былай дейді: «Қазіргі кезде 2001 жылдан бастап Қазақстанда белгіленген кредиттік технология, ең бастысы, студентке де, мұғалімге де академиялық еркіндік деген мүмкіншілік береді. Ол өзінің студенттік оқу траекториясындағы кез келген пәнді таңдап алу деген сөз, яғни элективтік пәнді. Соған сәйкес мұғалімнің квалификациясына сәйкес мұғалімнің өзін таңдап алу. Және келесі ең жақсы бір мүмкіншілік шетелдік университеттерге барып I семестрге немесе I жылдық семестрге барып оқып келу. Академиялық ұтқырлық деп атайды. Бұның бәрін университет ішінен іске асыру үшін жақсы міндетті түрде жақсы ақпараттық жүйе керек. Қазіргі кезде біздің университет ішінде қабылдаған интернет жүйесі жұмыс істеп тұр».

Жоғары оқу орнында оқыту үрдісінде кредиттік жүйені енгізудің негізгі мақсаты – жастарға білім беру жұмысын жетілдіру, заман талабына сай бар мүмкіндіктер арқылы жеңілдету. «Кредит» ұғымының ешқандай қаржылық мазмұны жоқ, аталған ұғым жоғарғы оқу орындарында оқылатын әрбір пәннің еңбек сыйымдылығын мөлшерлеу және студенттің оқу жұмысын өлшеу үшін қолданылады.

Кредиттік жүйе алғаш рет Америка Құрама Штатында пайда болды. Оның негізін 1870 жылдары Гарвард университетінің Президенті Чарльз Элиот салып, «кредит-сағат» ұғымын қоғамға енгізген болатын. Бұл жүйе алғашында пәндер көлемі жүйесінің шешуі нөл шешуші «кредит-сағат» болып енгізілді. 1892 жылдан бастап «кредиттік-сағаттық» жүйенің екінші кезеңі басталып, осы кезде АҚШ-тың ұлттық білім комитеті білім жағын жақсарту мақсатында оқу бағдарламаларын стандарттауда «кредит» ұғымын тек университет пен колледждерде ғана емес, орта мектептерде де, енгізе бастады.

«Кредит жүйесі әлемдік деңгейде дублин дискрипторлары деген толыққанды принциптері арқылы бар жерде қабылданған. Дублиндік дискрипторлар деген екі нәрсені бағыттағайды. Ол еуросоюз жүйесіндегі оқу үрдісіндегі қабылданған кредиттік технология кәсіп түрде жүзеге асыру керек. Соны университет тарапынан, мемлекет тарапынан Қазақстан білім жүйесіне енгіздік,» - дейді Дархан АХМЕД-ЗАКИ мырза.

Бұл жүйенің айтарлықтай артықшылығы мен тілге тиек етерлік тиімділігі көп. Оқуды аяқтау үшін студент белгілі мөлшерде кредит алуы керек, яғни міндетті және таңдау пәндері бойынша оқытылады; тәлімгердің жеке логин, паролі болады. Қажет болса, ғаламтордан ата-ана баласының оқу барысымен таныс бола алады. Студенттің жеке сабақ, алдағы емтихандар кестесі, оқу жоспары, үлгерімінің нәтижесі, оқытушылар енгізетін пәндік жоспарлар, тапсырмалар, алда өтетін тақырыптар, сонымен қатар, университетте болып жатқан жаңалықтар және болашақта іске асатын шаралар, ғылыми конференциялар, талапкерге керек әр факультет жайлы толыққанды мәлімет сияқты барлық ақпарат – жоғарғы оқу орындарындағы кредиттік жүйеге енгізілген.

«Бұл біздің балаларға оқу бітіргеннен кейін, ең бастысы, нарықтық сұранысқа сәйкес жұмыс таба білуіне көмектеседі. Және шетелге барып ары қарай өз білімін жалғастыра алады. Соған ешқандай сұрақ тудырмайтындай қылып өз деңгейін келесі сатыда магистратурада жеткізуге мүмкіншілік алады. Қазақстанда қабылданған оқу бағыты бойынша қабылданған кредиттік жүйе әлем деңгейіндегі жүйесмен сәйкес. Және толығымен біздің оқу және ғылым бағытын осы әлемдік деңгейге алып шығады деп сенеміз,» - деп қара шаңырақ білім ордасының оқу ісі жөніндегі проректоры Дархан АХМЕД-ЗАКИ университеттің беріп отырған және тәлімгерлердің алып отырған білім сапасы қай жерде де ақталып шығатынына сенімді. Ендеше, біз де сол сенімді әрдайым «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап» ақтауға асығамыз.

Жанерке ЕЛШІН,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

Торуныдықтар Коперникпен мақтанады



Н. Коперник атындағы университет – Торунь қаласының (Польша) ең беделді оқу орны. Онда 40 мың студент білім алады. Аталған университетте білім алуға ҚазҰУ-дан барған 7 магистрант, ең алдымен, Н. Коперник атындағы университеттің «Халықаралық қатынастар және саясаттану» факультетінің деканы Роман Беккер мырзамен кездестік. Роман Беккер студенттермен бейресми қалыпта сөйлесе білетін жылы жүзді кісі екен. Біз арнайы апарған қазақи тақиямызды тарту еткенімізде, Беккер мырза оны бірден басына киіп алып, балаша қуанды. Біздерге сабақ кезінде Литва, Украина, Беларусь елдерінен келген студенттер мен докторанттар көп көмектесті. Антонина Козырська, Веслав Вацлавчик, Ана Окускайте, Марианна Прокоп сынды ұстаздар бізге дәріс оқып, семинарлар өткізді. Интеграция, адам құқықтары, демократия, баспасөз және саясат тақырыптарында оқылған дәрістерде шын мәнінде қызықты мысалдар айтылды. Ұстаздардың бізге сабақ барысында қысылмай, еркін пікір білдіруімізге жағдай жасағаны ұнады. Әсіресе, жасы алпыстар шамасындағы тәжірибелі профессор Веслав Вацлавчик өз дәрісінде бізге біраз пайдалы ақпарат айтты. Мәселен, Вацлавчиктің сабағында біз 2013 жылдың қорытындысы бойынша, баспасөз бостандығы жөнінен Қазақстан «Шекарасыз репортёрлер» халықаралық үкіметтік емес ұйымы жариялаған тізімдегі 180 елдің ішінде 161-орында, ал Польша 19-орында тұрғанын білдік. Профессор осыған қатысты бір мысал айтты: Кеңес үкіметі тұсында адамдар әлдеқандай нәрсеге қатысты «Бұған рұқсат бар ма?» деп сұраса, сол кездің өзінде Батыс елдерінде «Бұған шектеу бар ма?» деп сұрайды екен...

«Ислам, бұл –лаңкестік емес...»

Торунь тұрғындары уақытқа тым ұқыпты, шақырған жерге тура уақытында баруға тырысады. Бір минут ерте не бір минут кеш бару деген жок. Алғашқы күні сабаққа сәл-пәл кешігіп барған біздер деканмен екінші рет жүздесер кезде 10 минут ерте барып алдық. Не болса да, кешіккеннен гөрі ерте барған жақсы ғой дестік. Бірақ, біздің дәлізде күтіп тұрғанымызды көрген Беккер мырза қалбалақтап қалды. «Балалар, бұларқы қалай? Сендер маған сағат 10-да келуге тиіс едіңдер ғой?» деді декан сұраулы жүзбен. Сосын «жарайды» дегендей ишара жасап, кабинетіне қарай жол бастады. Діттеген жеріне бес минут бұрын барып алғанының өзін уақытқа ұқыптылық деп ұғатын біздер үшін бұл тосын оқиға болды.

Бос уақытымызда Камиль, Агата, Станислав, Денис, Виктория есімді студенттер біздермен бірге мұражай аралап, қаланың көрікті жерлерін көрсетті. Камиль Гофрон есімді елгезек студент біздің құрметімізге орай, халықаралық қазақ-поляк конференциясын ұйымдастырды. Шарара мен «Қазақстандағы БАҚ» тақырыбында баяндама жасадым. Жанымдағы бір магистрант «Ислам, бұл –лаңкестік емес...» деген тақырыпта сөйледі. Оның тақырыпты осылай атауына жергілікті

студенттердің «Ислам туралы не білесің?» деген сұраққа «Ислам десе, көз алдымызға лаңкестер елестейді» деп жауап беруі түрткі болды. Маған ұнағаны, конференцияға студенттерді күштеп әкеліп отырғызып қою деген болмады. Бізді мұқият тыңдаған оқытушылар мен студенттер сұрақты қарша жаудырды. Мен оқу ордасының осындай салмақты шараларға өз қызығушылығымен келетін білімді жастарына риза болдым. Бәрін қойшы, Беларусь елінен келген Денис есімді студент «Қазақстандағы су ресурсы тапшы аймақтар» деген тақырыпта баяндама жасағанда, тіпті, аузымыз ашылып қалды. Денис Қазақстанның ауыз су тапшы аймақтарын нұсқап тұрып, түрлі сандық мәліметтер жазылған кестелер мен диаграммаларды алдымызға жайып салғанда, оның білімділігіне тәнті болдық. Айтпақшы, мен баяндама жасағанда қатарынан 5-6 сұрақ қойып, мені аздап састырған да осы Денис еді. Университеттегі 5 жыл бойғы оқуым мен баспасөздегі 4 жылдық жұмыс тәжірибем менің мүдірмей жауап беруіме септігін тигізді. Жергілікті студенттер баяндамаларын Қазақстанға қатысты тақырыпта таңдап алған екен. Мәселен, Ана есімді докторант Қазақстаннан Польшаға оралған поляктардың алғашқы кезде тап болатын қиындықтары туралы айтты. Ал Камиль ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік саясаттағы орны жөнінде баяндама жасады.

«Коперниктің жанында кездесеміз»

Торунь қаласы өзінің әйгілі тумасы, астроном Николай Коперникпен мақтанады. Бұл қалада Коперниктің атына оқу ордасы, көше, ескерткіш, мұражай және т.б. берілген. Николай Коперник – Жердің Күнді айналатындығын алғаш дәлелдеген ғалым, астроном, математик, механик. Ескі қала ортасындағы Коперник ескерткіші 1853 жылы ашылған. Ескерткіш бетіне лагын тілінде «Николай Коперник Күнді тоқтатып, Жерді жылжытты» деп жазылған. Коперникті жерлестері ғана емес, күллі Польша халқы қатты құрметтейді. Соның белгісі ретінде қазірге дейін Польшаның Варшава, Торунь, Краков, Лодзь, Ольштын, Вроцлав қалаларында астрономға ескерткіш орнатылған. Бізге Коперниктің Варшава және Торунь қалаларындағы ескерткіштерін тамашалау мүмкіндігі бұйырыпты. Торунь тұрғындарының барлығы кездесу орны ретінде Коперник ескерткішінің маңын белгілейтіні ұнады. Бір жағынан, ескерткіш орталыққа жақын орналасқан. Екінші жағынан, бұл торуныдықтардың ғалымға деген айрықша құрметін білдірсе керек. Кейінірек біз де поляк достарымызбен астроном ескерткішінің жанында кездесіп жүрдік:

- Қай жерде кездесеміз?
- Коперниктің жанында!



Роза ӘРЕН,
журналистика факультетінің
1-курс магистранты

XXI ғасыр: Мен сенемін ...



www.strategy2050.kz

Қазақстан 2050. МӘНГІЛІК ЕЛ

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
...Алаш атың аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін

М.Жұмабаев

Тағдырдың талай тәлкегін жеңе білген қазақ халқы бүгінде бір Көк байрақтың аясына жиналып, іргелі ел болып отыр. Сан ғасыр бойы сарқылмаған салт-санамыз да, бар әлем байлығына тең келетін тіліміз де еркін тыныс алуға Әрине, бұл – жұртың сүйетін жүрек үшін үлкен бақыт, мақтаныш.

Қазақстан – аласұрған асау толқындардан тайсалмай, алыстан көрінген жарыққа өз желкенін бұрған кеме. Ол жарық – күнгірт болашаққа деген күдігімізді сейілткен ХХІ ғасырдың алтын сәулесі.

Шығыстың ұлы ғұламасы Фердоуси: «Алдында не күтіп тұр, соны ойла. Игі мақсатқа тура жүрген жетер», - деген екен. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан-2030» бағдарламасында мынадай ой айтылады: «2030 жылғы Қазақстан әлі де барынша кемелдене алмайды. Ол әлі әлемдегі ең бай, ең білімді, ең дамыған ел бола қоймайды, бірақ ол күрделі жолдан ойдағыдай өткен және дамудың келесі кезеңіне нық қадаммен аяқ басқан ел болады». Қазақстан кемелденген мемлекет қатарынан көрінуі тиіс. Осы жолда еңбек ететін де, күресетін де – Біз!

Біз, Мен және Менің замандастарым –ХХІ ғасырдың азаматтарымыз, елді ұстар тірегіміз, ел ертеңіміз. Сондықтан да, ХХІ ғасыр бізге сенім артады. Осы орайда Мағжан атамның:

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын арқа жерім дер,

Мен жастарға сенемін! - деген өлең жолдары ойға оралады. Бұл – жалғыз елінің ертеңін жастарға тапсырған ақынның ғана емес, қазіргі қазақ халқының сенімі, жаңа ғасыр сенімі. Міне, сондықтан да, Біз өзімізге мол үміт артқан аманатты ақтауға жан-тәнімізді сала кірісеміз.

Рухани бұлақтың тұнығынан нәр алып жатқан Біздер, ең алдымен, кейінгі лектің саналы да сауатты, білімді де парасатты болуына ат салысуымыз – парыз. Басты байлығымыз – білімімізді келер ғасырдың сан саласына жұмсай отырып, өмірдегі өз орнымызды иелене алатынымызға, «кетігін

тауып қаланған кірпіш» болатындығымызға еш күмән келтірмеймін. Себебі, Біз – халқымыздың маңдайына біткен жарық жұлдызы болсақ екен деп армандайтын жандармыз. Біздің әрқайсымыздың бала жүрегіміз осындай ниеттерге толы.

«Адамға абырой әперетін үш іс бар: құмда қазылған құдық, өзенге салынған көпір, жол жағасына отырғызылған ағаш». Жолсыздан жол табатын, «алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын», «сусыздан сусын ішкізетін», елімізді көркейтетін – Біздер, саналы ұрпақтар. Елбасымыздың 2030 жылға дейінгі айқындап берген стратегиясының нақтылығы мен дұрыстығын бағамдау, оны жүзеге асыру – Біздің еншіміз.

ХХІ ғасыр – тұтас жаңалықтың ғасыры, ХХІ ғасыр – жақсылық жолындағы күрес ғасыры. ХХІ ғасыр – Біздің ғасырымыз. Осынау ұзақ жолда Бізді көптеген қиындықтар күтіп тұр. Бірақ, Біз – күштіміз. «Күштіміз деген сенімнің өзінде күш жатыр», - деген екен Боуви. Кездесер қиындықты жеңу үшін күресудің қамын ойлағанымыз, алтын уақытымызды тиімді пайдаланғанымыз абзал.

Өзіне сен, өзіңді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жақтап, - деген ақын Абай ақылы жадымызда.

Біз өзімізге артылған сенімді арқалай отырып, келер ғасырға аттанып барамыз. Мен ісіміздің нәтижелі болатынына, ХХІ ғасырдың айнасы болатынымызға сенемін! ХХІ ғасыр Маған сенеді!



Інкәр АБЫЛҚАСЫМ, журналистика факультетінің 1-курс студенті

ҰЛЫЛАРДЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ МЕН ІЗІ ҚАЛҒАН - «ЖУРНАЛИСТ»!

Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Римма Серікәліқызы ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА



Кезінде журналистика факультетінің мерзімді баспасөз кафедрасы студенттерінің «Журналист» оқу-тәжірибелік газеті қазақ және орыс тілдерінде ұдайы шығып тұрды. Кафедра оқытушыларының жетекшілігімен студенттер де газеттің шығуына белсенді түрде атсалысып отыратын. Сол жылдары журналистика факультетінің мерзімді баспасөз кафедрасында профессор Темірбек Қожакеев бастаған бірнеше білікті оқытушылар құрамы болды. Атап айтсақ, Дәмегүл Баялиева, Роза Алтынбекова, Нәрбін Кенжеғұлова, Көкен Қамзин, Төрегелді Бекниязов, Айтқазы Байдаулетов, Әйткен Есдәулетов, т.б., тәжірибелі журналистерден Сапар Байжанов, Камал Смайылов, Үмбетбай Уайдин, Шәрібек Есмұрзаев, Жанболат Ауспаевтар дәріс оқыды. Бұл оқытушылар кафедра студенттеріне терең білім берумен қатар, сауатты жазуға да шыңдайтын шеберлік мектебі бола білді. Осындай шеберлік мектептен өзіміз де қанаттанып шыққанымды мақтан тұтамын.

Мерзімді баспасөз кафедрасында профессор Бауыржан Әміржанұлы Жақып, доцент Төрегелді Бекниязов, профессор Шарбан Ысқаққызы Нұрғожиалар менгеруші болған тұста да Ермахан Шайхы, Гүлнар Өзбекова, Светлана Николаевна Велитченко, Бекжан Әшірбаев т.с.с сынды білікті де жас оқытушылар студенттердің «Журналист» оқу-тәжірибелік газетін шығаруға белсенді атсалысты. Кейінгі жылдары үш кафедра бірігіп, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы болып өзгергелі уақытша тоқтап қалған оқу-тәжірибелік газетін бүгінде кафедра менгерушісі Гүлмира Серікбайқызы Сұлтанбаева қайта шығару керектігін айтқан еді. «Игіліктің ерте-кеші жоқ», - демекші, өздеріңізге қайтадан жол тартып отырған сол «Журналистің» қадамына сәттілік тілей отырып, алдағы уақытта тізгінін үзбейді деген сенім білдіреміз.

МЕН ӨЗ ЕЛІМНІҢ ГҮЛДЕНУІ ҮШІН НЕ ІСТЕЙ АЛАМЫН?

Күздің сарала жапырақтары бұтағынан қимастықпен үзіліп түскен сәттерде ақын жаны оны кинала сезеді...

Әкім қолын артына ұстай жапырақтарды сытырлата, қайқая басып күз көрінісін тамашалай жүріп кете барады...

Аспанның тыраулаған тырнаның үні естілді, ақын аспанға телміре ойға шомды. Тізбектелген тырналардың ең соңғы қараты көз ұшынан ғайып болған кезде ақын өз ғұмырының алтын күзінің бір парағы жабылып, құстар тізбегімен бірге келмесе кеткенін сезіп жүрегі сыздай қойын дәптері мен қаламын қолына алған еді...

Әкім тізбектеліп ұшып бара жатқан қоңыр қаздар тізбегін көре сала мылтықты қолына ала жүргірді...

Әбілда Тәжібаев былай деп жырлады:

- Құс аулауға шығамысың?
- Шығамын.
- Атқаныңды жығамысың?
- Жығамын.
- Мә, мылтығым, атамсың?
- Атамын.
- Мен дем алып жатамын.
- Құсың қайда, қарағым - ау?
- Атапдым.
- Таппадың ба тоғайдан құс?
- Таппадым.
- Көп еді ғой көлде құс...
- Көп екен.
- Неге атпадың?
- Түк дәлелім жоқ екен.

- Атуға сен қимадың ба?

- Қимадым.

- Туған жердің құстарын да сыйладым».

Дәл осыны оқыған сәтте жүрегім елең еткені рас. Туған жер құсының өзін қастерлеген ақын жаны мен өскен жерінің ағашының тамыра балта шапқан жас өренді көз алдыма елестеттім. Салыстырдым. Нендей ой түйдім? Әбілдіде ақынның көргені – көп, білгені – мын.

Мүмкін, туған жерді осынша сүю үшін адамға сана-сезім керек болар дедім. Қазірде ойын шетел жаулаған жаста қандай патриоттық сезім болсын дерсіз, бәлкім. Олай ойлауға да негіз бар. Өзіміз ғой кінәлі. Жауапкершілігіміз аз, жалқаулығымыз басым. Осындай артқа тартушылық барда қандай махаббатты айта аламыз Отанға деген? Ұяламыз. «Отанды сүю – иманнан», - дейді. Ал, имандылық – жүректе. Жүрегі таза, көңілі пәк адам ғана туған жеріне шын күйініп, қам жей алады. Кім өзін «патриот» емеспін дей алады? Бәрі шетінен мықты, бәрі шетінен Отан үшін уайымдайды. Сөзге келгенде мықты болғанымызбен, іс жүзінде қуанарлық жәйттар жоқтың қасы.

Республика көлемінде «Ауылдың гүлденуі – еліміздің гүлденуі» атты марафон-эстафета өтеді. Оған көптеген жастар атсалысады. Бәрі белсенді. Осыған қарап қуанып та қаламыз. Сол эстафетаға мен де атсалыстым. Біз секілді айналаны нұрландырған жас аз болмады. Ішінде естісі

бар, есері де бар. Естілері – патриот жастар, еш нәрсе талап етпейтін, жұмысына тиянақты азаматтар. Ессіздері – жалақы үшін жұмыс жасап, жасағандарын бұлдағандар. Осыдан бүгінгі жастардың белсенділік дәрежесін көруге болады. Бұл жерде айтпағымыз, туған жерің, елің үшін жасағаныңды бұлдау адамшылдыққа жатпайды. Құр сөзбен «сүйемін», «күйемін» сынды жасанды сөздерді атойлап ұрандағанша, нақты іс жүзінде дәлелдеген жөн. Мәселен, еліңнің атын жүрген жеріңде шығарып жүруге болады. Түрлі халықаралық фестивальдарға қатысып, Қазақ елін танытуға теңізге қосылған тамшыдай болса да үлес қосқанның өзі неге татиды?

Нағыз махаббатта шекара болмайды. Ол тек екеудің сезімі ғана емес, Отанға деген ыстық ықылас. Өз елімізде сайраң қағып жүрген сон шығар, бізге қадірі білінбейтіні. Нағыз ыстық ықыласты мен өзіммен қатар оқитын Қытайдан келген жігіттен көрдім. Сөзге ағылып тұр, бізден артық білемесе, кем емес. Көзінде сағыныш араласқан мұң. Не үшін мұңаяды? Әрине, қолда бар алтынды бағалай алмай жүргендігіміз үшін мұңаяды. Онысы жөн-ақ.

Бәлкім, шетел асып, сандалып көрмеген бізге Отан онша құнды емес болар?! Ал, оларға «ел» атауы алтын әріппен теріледі. Оралмандар арасында да табылар көзбояушылар, бірақ, басым көпшілігі – керемет патриоттар. Жалындаған сөзі мен

ұшқыр көзқарасы қарағанды қаймықтырады. Олар еліміздің гүлденуіне зор үлес қосып келеді. Бізге де дәрежемізді көтеруге көп мүмкіндік бар. Бұл жерде де мәселе Отанға деген сезімге кетіп тіреледі. Мейлі атағын шығармасын да, жүрегіңмен бірге болғаның да ғанибет. Сол себепті, көк түмен суретке түсіп, әлеуметтік желіге жарияласам, патриот болып шығамын деген ойдан арылған дұрыс. Бұл да – шолақ белсенділік. Қашан да сөзден гөрі іске көп мән беріледі. Сонша көркем шығарма жазғанның бәрі елдің қамын жейді дегенді білдірмесі хақ.

Біз біргеміз! Және сол бірлікті ұстап тұрғанымыз да елге деген махаббатымыздың ұшқынының әсерінен. Әйтпесе, шашыраңқы ұлт болып кетер едік. Аллаға мың да шүкір, жағдайымыз жаман емес. Бізге керекі – бос сөзді қойып, іске көшу. Жалынды жастар барда, ақылшы үлкен барда мемлекет алдыға қарай дамиды. Өз өмірімізді қаншалық қымбат санасақ, еліміздің құны одан қымбат болмаса, төмендемейді тиіс. Себебі, бала кезден санамызға жағалған мақалдағыдай: «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» Тілімді білемін, елімді сүйемін, тарихымды ардақтаймын. Тура жолдан таймай, еліме адал еңбек етуді жазсын. Мен де, сіз де атсалысыңыз. Жұмыла көтерген жүк – жеңіл.

Жадыра АҚАЙЫР,
журналистика факультетінің
1-курс студенті

ӘКЕ – АСҚАР ТАУ

Әке...

Осы сөзді айтсам, бір түрлі қанат біткендей, құс сияқты қалықтайдандай сезімде боламын. Арманға жетелеп, ерлікті білдіріп, алдына күннің бар жарық нұрын өзіне жиып алып, соған қарай тәніп тұрған шынды көргендей боламын. Нұрға бөленген мейірілі де, мейірімді, тірек болар, пана болар, ол көрсетер шың – әке. Иә әке – асқар тау, асқар шың.

Ата-анамыз бізді дүниеге келген күннен еркелетіп, мәпелеп, осы күнге жеткізді. Олар біз үшін ештеңені аяған жоқ, біздің болашақ өмірімізге өнеге болатын көп нәрсені үйретті. Өмірден көптеген сабақтар берді. Әке мен ананың орны біз үшін, бала үшін бір басқа. Әкенің мейірімі, басыңнан сипап күле қарағаны жаныңа жаз самалындай әсер етеді. Құшағына еніп көрші, ол құшақтан босағың келмейді. Әкенің жылы жүрегінен еркелетіп айтқан әр сөзді жүрегіңнің бір бөлігіне барып мәңгілік өнеге болып құйылып жатқандай. Осындай мейірімді, жылы жанды адам мені мына өмірдің кейбір қиыншылығынан қорғап, асқар белдерінен демеп асырып, сылдырап аққан бұлағынан нәр беріп, алып бәйтерегімнен өмірдің аптабынан қорғап тұрған асқар тау сияқты көрінеді.

Әке – әркімге де асқар тау, ана – өмір сыйлап, нәр берер бұлақ, бала-жағасындағы балауса құрақ. Әр өкпенің арманы – құрақтың өсіп қатаюы, шыбықтың шындағы шынар боп өсуі, балапаның өз елінің аспанында қалықтар қыранға айналуы деп білемін. Мен әкемнен үнемі үлгі алып жүремін. Менің қуанышым – әкемнің қуанышы. Әкемді ешқашан ренжіткім келмейді. Мен ерқашан әкеме тек қана қуаныш сыйлап отыратын боламын. Мен дүниедегі ең жақсы тілектерімді, өмірдегі ең қымбат жан әкеме арнағым келеді. Қартайлаңыз, әке, жасай беріңіз, ортамызда сіз аман болыңыз, біз қуанамыз! Бұдан басқа дүниеде не артық?!

Айдана НҰРҒАБЫЛ,
журналистика факультетінің
1 курс студенті

ТӘРБИЕ ДЕ ТӘЛІМ ДЕ – ОТБАСЫНАН

Ақырын ғана жалғыз аяқ жолмен жүріп келемін. Күн салқындау. Күздің сұрғылт тартқан бір кезі еді. Жапырақтар әрбір басқан қадамыңа ілесіп, сықырлап айналаның керемет тыныштығын сол ғана бұзып келе жатқандай. Осы қарқынмен аялдамадаға да жетіп, мінетін көлігімді күтіп тұрдым. Кенет қасыма өзім шамалас бір бойжеткен қыз келіп тұрды. Қолында қымбат ұялы телефон, сәнді киінген... Ол да кезекті автобусты күтіп тұр. Ұзақ күткен автобус та келіп, екеуіміз де ішке ендік. Көлікте адам көп екен. Бірі түсіп, енді бірі кіріп жатқан көліктің дәл есік жанындағы орындық босап еді, сол орынға жаңағы мен шамалас қыз отыра кетті. Оған ешкім қарсылық білдірмеді. Содан келесі бір аялдамадан жас жігіт кіріп, ол да дер кезінде босай қалған орындыққа жайғасты...

Мен ойға шомып келемін. Тағы бір кезекті аялдамадан жасы 50-шамасындағы әйел мінді. Жүзінде шаршаған кейіп байқалатын әйел жаңағы қыз отырған орындықтың жанына барып, ауыр сөмкесін жерге қойып, үнсіз тұра қалды. Отырған жас қыз мүлде елемегендей, тіпті көрмегендей сынай танытып, көзін

терезе жақтан алмай отыра берді. Ал, жас жігіт өтірік пе, әлде, шын ба, қалғып ұйықтап келеді. Міз бақтастан отырған екеуіне қарап, ұяттан өзегің өртене жаздайды екен. Қыз сылтауратып ұялы телефонын қарап, біресе, сөмкесінен бір нәрсе іздегендей, жасандылық жасап отыр. Егер қыз өзге ұлттан болса аса мән бермеген болар едік, әттең, өзіміздің қара домалақ болғаны жаңға батты. Ұйықтағаның келе жатқан жігіттен қайыр болмайтынын түсінген әйел оған қарай беруді де тоқтатты. Осының бәрін байқап келе жатқан орта жастағы орыс әйелі жастардың қылығына ұялса керек, орнын нұсқап: «Садитесь сюда, пожалуйста», - деді.

Міне, осы көрініс тәрбие де, тәлім де отбасына байланысты екенін айқын аңғартқандай. Сондаменің таңқалғаным, жас қыздың үлкенді сыйлау керектігін сезіне де қоймағандығы. Қыздың сол қылығы дұрыс болмады-ау деп іштей күрсіндім. Осындай жағдайлар бүгінде қоғамдық көлікте жиі орын алып бара жатқандығы, тәрбиесіздіктегі түрлі келенсіздіктердің куәсі болып жататынымыз көңілге өкініш ұялатады...

Еңлік ӘБДІҚАДЫР
журналистика факультетінің
1-курс студенті

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар»

Қазақы қалпың...

Жақында бала кезден қос құлындай қатар ойнап өскен жан құрбым қазақтың жалт-дәстүрімен ұзатылды.

Қызын қонағындай құрмет тұтқан қазақпыз ғой, жат жұрттыққа жаралған қыз баланың барған жерінде абыройлы болғанын қалайды. Құрбымның қуанышына ортақтасып, тойына баруды жөн көрдім. Той Алматы облысындағы «Аққайың» мейрамханасында өтті.

Бұл той әдеттегідей мен көріп жүрген өзге тойларға мүлдем ұқсамады. Той былай басталды: асаба жас жұбайларды екіге бөліп алып, ұлдың жағына: «Келін балаларыңыз сіздерге қалай ұнады ма?», - деген сауалды қойып еді, жігіт жағы: «Ұнады, ұнады», - деген келісім берді. Дәл осы сауалды қыз жаққа да қойып, сондай жауапты алды.

Содан екі жасты қайта қосып: «Шашудың да шауы бар: «Күріш шаштым, ақ мол болсын!» - деп, «Шашудан ақша шаштым, дәулетті болсын!» деп, «Шашудан тәтті шаштым, өмірлерің тәтті болсын!» - деген жақсы ниеттегі шашуды шашты. Одан кейін ортаға отта қызып тұрған қазандағы майды әкеліп қойды. Бұл не екен десек, дәл сол жерде жаңа түскен келінге ашытылып, кесілген қамырдан бауырсақ пісіртті. Піскен нанды қайын атасы мен енесіне, одан кейін өзінің ата-анасына ұсынды...

Бүгінде өткізіліп жүрген көптеген тойларда ата-аналарына әдетте үлкен тортты кесіп, жегізіп жатады. Бұл жайт мені таңғалдырмай қоймады. Неде болса бұл өзгеше үрдіс екен. Әрине, жоқ үрдіс емес, бұрынғы нағыз қазақы үрдіс. Енді қазақтың тойы қазақы қалыпта өтетін болса, жастарға дұрыс өнеге болар еді. Тойлар еуропалық стильде емес, нағыз қазақтың дәстүрлі негізінде өткізілсе құба-құл болар еді. Өйткені, қазақтың бай дәстүрінен бүгінгі жастардың алары көп.

Гүлнұр АСАНОВА,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

соң ғана білді. Естіруге ешкімнің батылы жетпеді, ауырып жатқан жанға ауыр соққы боларын барлығы да күні бұрын болжаған.

Айнадағы апат салған таңбаға қарап, кейде әжемді сағынатынын айтады. Өзінің өнеге деген сүйіспеншілігін әжем өмірінің соңында өз тілегімен қайтарып кетті.

Қоғамда туған ана мен әкені, өзегін жарып шыққан баланы да жетімек қып, жылатып жатқандар аз ба?! Елден сондай суркилықты естігенде, анам маған әкеліп берсе аялап бағар ем деп жиі айтады. Өз балалары үшін ғана емес, өзгенің бабасы да, жалпы адамзат баласына оның мейірімі жетеді. Егер де барша ана өз мейірімін, өз аналық махаббатын әлемге төге білсе, көз жасымен өрнектелген ғұмыр иелері әлдеқайда аз болар еді.

Расы керек, таңдағы жұлықлап оятып тіршілік қамы, кешке төсекке жеткізбей де зуре қылады. Қонақ келсе, төрін тосып, бәйке болу да, біз сабақ орындап, кітап оқысақ жанымызда тосып отыратын да анам. «Ұйықтаңыз» дегенді мүлде тыңдамай, керісінше таңға дейін отыра беретін болсам ол да қасыңнан кетпейтін. Анамызды аяғаннан ұйықтауға жататынбыз. Әйтпесе, мазасыз өмір мен бейғам тіршілік кешкен балалар түнде ұйықтаушы ма еді?!

Патша да, ұлы да, дана да аңсаған ана махаббатын сәби жүрек қалай сағынбасын?! Жанымыз жабырқап, жүрегімізге қаяу түссе, орны ойсырайып қалатынын оқуға келгелі сездік қой. Қасында жүргенде кей пікіріне өзіңше наразылық танытып, көңіліне қаяу түсіретін патша көңілдер мен тәкаппарлық құм астына сіңіп жоқ болған. Сол кезде өзімізде өскен, өнген құдіреттей санадық ау. Ана болмаса, кім едік, ана болған соң да сол сөздерді көтерді, өзге болса тамағына кептелген сөзді бері шығарай, ащы запырандай кері қайтарып жіберер еді.

Әкеден бұрын ас алу, әке сөзіне қарсы шығу, сыйламау деген ұғым үшін отбасымызда ең ауыр жаза түрі тағайындалатын. Ол ананың ашулы көзқарасы. Айкайлап тегзе салам демесе де, үндемей жаныңды жейтін. Асқар тауымызға қаратыла айтылған кез келген

пікір мен көзқарастан сәл сыйламаушылық нышанын байқаса, сол қайнар бұлағымыз өз мейіріміне шөлпектеп қоятын. Ол сусыз тамырын суалып, құрғау да оңай. Осылайша отбасымыздағы жазылмаған кодекстің ең басты шарты: әкені сыйлау деген негізгі қағидадан басталады. Қыз болған соң анама қатар тәлім алып, анаға қарап бой түзедік. Отбасында ер мен әйелдің орнын, жігітті сыйлау мен бағындыра білуді де анам білетін. Әкемнің киімін ешқашан біздің киіммен қатар қосып жумайтын. Оның киіндетті түрде өзі қолмен жуып, қалғанымыздың кір қоңымыздың тазалығы кір машинаның мойнына жүктеледі. Теміржолдағы апаттың зардабын бақылап, төтенше жағдайларда қысы жазы дала кезетін әкемнің суық қарыған қара жүзін жадырататын да ана сүйіспеншілігі. Бір ғана жалақы отбасымызда алты жанды өсіру үшін жеткілікті болды, басқалай ақша тауып, байлыққа ұмтылам деген ой мазасын еш алмайтын. Тек қана кей кезде екі бүйірден қысып жіберетін жоқшылық келіп қалмаса, үй ішінде қара су мен нанның барына рахмет айтып өстік. Үйдегі бар қаражатты үйлестіріп, барлығымыздың кереметімізді қамтамасыз ететін де ана ғой. Көк тиын да қалтасына салмай, жарының қолына ұсынатын әкем, оның осы қасиеті үшін сенетін. Өз еңбегінің ақысын, ешқашан өзіне де сеніп тапсырған емес.

Сыйлау арқылы, ана әкенің отбасында тұғырдағы орнын қалады, бірақ отбасында өзінен биік адам жоқ. Ол өз сүйгендерінің орнын биіктеткен сайын, олар да оның орнын сонау көкпен теңдей етіп жасады.

Бұл әйелдің асқан ақылдылығы. Бағына отырып, бағындыру. Кейде өзіміз де күлкім келеді. Әкем ылғи да басқарушы, бірақ анам қорытынды сөзді айтатын. «Әрбір жеңімпаз еркектің артында сүйіспеншілігі мол әйел тұрады» дейді. Ол рас.

Ажырасып кету мен сыйыса алмаушылық, бітпейтін жанжалдың өзегі құрмет пен сыйластықтың аздығында. Сол себепті отбасындағы мамыржай тіршілік тек қана екі адам үшін емес, өскелең ұрпақ психологиясына да әсер ететін ұмытпауымыз керек.

Ана бізге махаббатын төккен сайын, біздің шексіз сүйіспеншілігіміз өрши түсті, әкеге құрметті артқан сайын әке алдындағы кішіпейілділік сезімі қалыптасты. Тағдыр берген ғұмырында ананы сыйлап, анандан үлгі алу кереметтің кереметі. Ойға түспес ештеңе жоқ, анасыз тіршілік кешуден Алла ақтасын. Онсыз өмір кешу, қанаттан қайырылу, жолыңнан жаңылып, биіктен жығылу сынды.

Ол – отбасы тіршілігінің тұтқасы. Бүгінгі күннің ертеңінен айырмашылығы тек қана күнтізбеде болса да, сол өмір ана үшін бәрінен де артық, себебі ол өмірде өзіне ыстық бес жанның жанын қорғап, мейірін төгеді. Тағы бір тұн ауысты... Ол таң ата көзін укалай ұйқысынан оянды, бөз біреулер секілді төсекте қалғып мүлгіп жататын сәт те емес. Далада маңыраған қойы мен мөңірген малы тек осы жанның қолына қарап тұр. Жылы көрпені үстінен серпіп тастап, орнынан тұрды. Көнегің көзіндегі болған енесінің шайнегі газ үстінде тосып тұр. Су құйды да, отқа қоя салды. Аузы мұрны пысылдап, үйдегі төрт баланың пысылына ұласып кетті.

Осылайша тағы бір күннің күйбеңі басталды....

Арайлым ӘКІМ,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

Адамға аз ғұмыр берілген сынайды. Жетіспейтін уақыт, жетімек тіршілік... Ол таң ата көзін укалай ұйқысынан оянды, бөз біреулер секілді төсекте қалғып мүлгіп жататын сәт те емес. Далада маңыраған қойы мен мөңірген малы тек осы жанның қолына қарап тұр. Жылы көрпені үстінен серпіп тастап, орнынан тұрды. Көнегің көзіндегі болған енесінің шайнегі газ үстінде тосып тұр. Су құйды да, отқа қоя салды. Аузы мұрны пысылдап, үйдегі төрт баланың пысылына ұласып кетті.

Газ үстінде есепсіз вагондар жылжып бара жатқандай, «гуу гууу», шайнектің қақпағы сартылдай жөнелді. Қолды аяққа тұрмаған бала сынды, еркілің танытып, оттан ал, деп сабырсыздық танытуда. Ол өшірілген бойда, үй ішінде тек жай есінулер мен қозғалыс нышандары ғана естіліп жатты. Әкемді оятып уақыт та таяп қалды.

Беті қолын жуып, оң көзінің қызарып тұрған тұсынан жай ғана суық сумен сүртті. Шайнектегі ыстық суды алып, ендігі ұйқысынан тұратындар үшін жылы су дайындап қойды. Ең алдымен тоңазытқыштан күйдіріп сақтаған сары майы мен тосабын, әкем үшін тыққан азды көпті қымбат шоколад конфеттерін шығарды.

Дастарханға нанды әкеле жатып, «Иә, Алла, бергеніңе шүкір» деді. Бұл – менің анамның аузынан түспейтін сөзі. Азды-көпті ырзығын нәсіп еткен құдірет иесіне күні түні рахметін айтып отырады. Бізді де жасымыздан осы сөзді жиі айтуға үйретті.

Анамның аты – Анарқұл. Бұл есімнен артық есім бар деп есептемес ем. Көрші ауылдағы Кеңесбай атамның төртінші қызын әкем отыз алты жасында ақ босағасына келін ғып әкеліпті. Араларында он екі жас айырмашылығы бар, себебін сұрасан, аналарың оқу бітіргенше күттім дейді әкем.

Анамның көлбетін сипаттағанда, бейнесін суреттегенде еш суретші оның бетіндегі әжімнің арасына жасырынған ақ сезім мен күлімісируді ашып бере алмас еді. Менің анам – Леонардо До Винчидің «Мона Лизасынан»

Қараша үйдің жанылы

да жұмбақ, Пикассоның әлемді аузына қаратқан картиналарынан да көркем образ. Оның портретін Луврдің төріне қояюға да бермес ем.

Орта жасқа жетпесе де, шашына ақ түсіп, мандайына біткен жеңіл әжімдер өзі қатарлас құрбысынан үлкендеу етіп көрсететін. Жасынан қиындықты көп көріп, тас тағдырдың қамшысы жон қарасын талай рет осып өткеніне қарамастан ол парасат биігінен тұра қойған жоқ ты. Әрдайым қиындық келсе, еңкеймей, жақсылық келсе шалқаймай өмір кешуге тырысты.

Көз жанары қашан да мейірге толып, жан дүниесін сол арқылы танытып отыратын. Алақанының жылуы алып күннің жылуынан да ыстық, таусылмайды, мейірімі көк жүзіндегі шексіз, көңілі көктем күніндегі көркем біткен жан.

Әкемнің ұйықтағаны да қызық болатын. Қашан көрсен де анам оны еркелетіп, тұңғышындай көреді. Жас баладай көрпесін, басына дейін орап, бүктеліп жатқан жарына қарап, анам сол күні де күлімдеп, «жүрегіміңнің жартысы таң атты, тұра ғой!» деп жатты.

Араларындағы жас алшақтығы болар, бәлкім бір біріне үйренісіп қалған жандар болған соң ба әкем анамды анасындай көріп, төргеуіміз жетпегендей бесінші болып «мама» деп жүреді. Әкем әсіресе анам сағаттан үйде жоқ болса, сонша уақыт тамақ ішпей, далаға шығып күтіп тұратын, анам бұрылыстан көрінсе болғаны, алып ұшып алдынан шығып, жүзі жадырап, үйге кіретін. Анам әкемнің осынша асыл махаббаты мен құрметіне бөленуі, өзінің де әкемді соншалық адалдықпен сүйгендігін, сыйлағандығынан, барша баласы мен бауыры алдында құрмет тұтқандығынан еді.

Таң ата елжіреген жылы сөздерден әкем керіліп, еркелей тұрды. Адал асын алдына қойып, жұмысына тамағын салып берген анам әдеттегідей артынан су шашып шығарып салып жатты. Мамандығының қиын екенін білетіндіктен, «әкелерің аман болса екен» деп көп айтатын. Мүмкін, су шашып, тілек тілеп, күліп тұрып аттандырмаса көңілі жайланбайтын да шығар. Қайта үйге кіріп, сауын шелегін алып, қораға қарай аяңдады. Онда жанына анамнан басқаны жолатып, желінен сүт алдырмайтын қара сиыры күтіп тұратын. Күнделікті күйбеңнің басы осылайша басталушы еді.

Түн ұйқысын төрт бөліп өсірген төрт баласын тамақтандырып, қиіндіріп, аялап, сырын ұғып, жанын түсінуді де осы күйбеңнің артына қалдырмай жүретін.

Он үш ағайынды үлкен отбасының ортасында өскен жан үшін, ененің орны төр болды. Әкем о дүние табалдырығын атағанына, бір-біріне сүйеу болып, тоғыз жыл аяқ басып жүре алмаған қартты жуындырып, барша ас суын алдына тосып отырды. Оралханның Атау кересіндегі ене мен келін махаббаты анам мен әкем арасындағы осынау қатынасты еске салады. Осыдан он екі жыл бұрын болған көлік апаты анамның жанары мен басын зақымдап, ауруханадан аяқ басып шыға алмағанда, әкем Алла алдында мұң зарын төгіп, барша тілегімнен өзін алып кетуді қалаған. Кішкентай да болсам, әкемнің төрт баласының қасында аман-есен анамның қалуын тілеп, барша ауруын өзіне беруін сұрағанын көп естідім. Екі аяқтан қалса да, денсаулығы сыр бермеген жан анам апатқа ұшырағаннан кейін бір ай өтпей әкем өзге дүние есігін ашып кете барды. Тіпті, сандық ішінде ақ кебіні мен иіс сулары да дайын тұрған екен-ау. Ауруханада жатқан анам болса, әкемнің өлімі туралы тек үш ай өткен

КИНОНЫҢ СҮЛТАНДАРЫН САҒЫНДЫҚ



Кино – жалпы айналасы бір жарым ғасырға жуық уақыт ішінде ғана қоғамдық өмірге, санаға әсер ететін басты идеологиялық құрал. Өзінің түсіру тарихын ол жай ғана фотоөнердің бір саласы ретінде бастаған. Оның идеологияға алғашқы аяқ басуы деп Чарльз Чаплиннің «Ұлы диктатор» фильмін атауға болар. Тіпті бір кезеңдерде кино елдердің алдағы жоспарларын көрсетіп отырды (Мәселен Ресейдегі Шешенстан оқиғасынан бұрын осы тектес фильмдер өте көп түсірілген. Ол фильмдерде Шешенстан деп анық атамаса да, «Ресейге оңтүстік батыстан үлкен қауіп төнеді. Осы шекараны берік ұстау керек» деген сөздерді жиі-жиі естуге болады). Кино жүлделерді үлестіргенде де назар беріп қарап отырсаңыз. Өз елдерінің тарихына, өз елдерінің саясатына қарсы шығатын фильмдерге жүлде берілмейді (Мысалы, Британияда берілетін «Бафта» кино фестиваліне ағылшын патшайымына қарсы шығатын немесе бір кездері осы елдің боданы болған Индия секілді мемлекеттердің тарихы жайында түсірілген фильмдер қатыстырылмайды). Ал, кейбір елдердің жоғарғы, орта білім беру мекемелерінде кітап оқумен қатар тәрбиелік мәні бар фильмдерді көрсету де міндеттелген.

Бұл – ғаламдық киноның мақсаты. Ал енді өзімізге келейік. «Қазақ киносы» дегенде «Амангелді», «Абай әндері», «Қыз Жібек», «Біздің сүйікті дәрігер», «Атаманның ақыры», «Тақиялы періште», «Менің атым Қожа» деп бір күрсініп аламыз. Күрсінетін себебіміз осы фильмдер шыққан уақыттағы қазақ киносының корифейлерін аңсаймыз, сағынамыз. Тағы бір себебі үшінші ұрпақ болып біз көріп жатқан фильмдерді біздің бала-шағамыз көріп отырама дейміз. Көргеніне қарсы болып жатқан біз жоқ. Тек бұл фильмдердің кейбір тұстарында кеңестік идеологияның иісі мүлкіп тұрады. Өткен ғасырға өтіп оларды жөндеуге шамамыз келмесе де, бүгінгі қазақ киносын жөндеуге халіміз жетер. Сонымен негізгі тақырыпқа ауысайық.

Алғашқы ой. Қайран, «Қыз Жібек»! Қазақ киносының тарихын ақтарып көрсеніз «Қыз Жібек» сынды аса қымбат(рухани жағынан да, материалдық жағынан да) фильмнің барлығына қатты қуанасыз. Сізге «Қыз Жібек» несімен ұнайды? Байқап қарасаңыз қазақ киносының бүгінгі фильмдеріде, бұрынғы фильмдеріде «Ресейлік әріптестерімізбен бірігіп, солардың ықпалымен түсірілген» (К. Смайылов «Фильм осылай түсіріледі» кітабынан). Ал «Қыз Жібекті» түсіргенде 90 пайыз толығымен тек қазақтар жұмыс жасаған. Және осы фильм Грузияда өткен кино фестивалде екі жүлдеге ие болған: Кәукен Кенжатаев – Базарбай рөлі үшін, Гүлфайруз Ысмайылова – фильмнің безендірушісі ретінде. Осы бір деректі естігенде рухым көтеріліп қалады. Осы фильмді көргеннен кейін қазақ қызының бейнесіне айналған Меруерт Өтекешованың жақында ресейлік арналардың біріне «тақырбас» қызын ертіп барып, «қызым «Виа Граға» өтпей қалды» деп жылап тұрғанын көргенде де бұл ойға дақ түскен жоқ. Қайран, «Қыз Жібек» дедім де қойдым.

Екінші ой. Плагиаттан қашан құтылар екенбіз?

Қазақтың алғашқы көркем фильмі «Амангелдіні» көрдіңіз бе? Шығу тарихын

білесіз бе? Білмесеніз мына қызыққа қараңыз. Ресейде «Чапаев» кино картинасы дүниеге келгеннен кейін әр ел өзінің «Чапаевтарына» арнап кино түсіре бастады. Сол сәтте «Ленфильмнің» режисері Марк Левин «Амангелді» фильмін түсірді. Фильм көркемдік кеңеске ұсынылғандағы ең басты тағылған мін – фильмнің «Чапаевтан» аумайтындығы, ұқсастығы соншалық кейбір эпизодтарда екі фильмді бір-бірінен тек әртістері арқылы ажыратуға болған.

Бұл мәселе бүгінде бар. Мәселен, Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың баласындағы» Таймастың Сартайды алға жұмсап өзі оның арқасына жебе қадауы «Қыз Жібекте» кездеседі (Осы бір эпизод «Сардар» фильмінде де бар. Соны көргенде «қазақтар бір-бірінің арқасына пышақ сұққаннан басқа тірлік істемеген бе» деп ойлайтын кездерге болады). Әрине тарихи ұқсастықтар жетерлік. Алайда «Жаужүрек мың баланы» кеңестік дәуірдің «Жас гвардиясымен» ұқсатпағандығы болады. Мұндай мысалдар «ізденгенге іздемей-ақ табылады». Алайда біз нағыз режисерлердің «текті» туындыларын айталық. «Көлденең көк аттылардың» мағынасыз, мәнсіз, «тәрбиесіз» фильмдерін қазбаласақ, «қазақ болғанша «Супер келіні»(кинофильм) бар өзбек болғаным жөн» деп күнәға батып жүрерміз.

Үшінші ой. «Кедей» Қазақстан. Аппақ кеме, қымбат көлік, әдемі үйлер, бума-бума ақша. Шіркін, Түріктердің өмірі өмір ғой. Ол ол ма, үнділерді айтыңызшы кедейлерінің өзі үйінде алтынданған құдайдың мүсінін ұстайды. Өзбектерге көз салсаңыз қаршадай қызы «ламбарджини» мініп, шетелден оқудан келген баласы өзбекшеге судай ағып тұрады. Қит етсе, қырылып жатқан қырғыздарды қараңыз Ыстықкөлін Швециядан әдемі көрсетіп жатады. Ал біз ше? Ермек Тұрсынов дейтін «атақты» режисердің «Бақсы» деген «әйгілі» киносын қараныз. Фильм «Екі дүние есігі, Көк түріктің бесігі» Түркістанда түсірілген. Мен бұрынғы Түркістан десе «қазақилықтың ордасы, ата дініміздің, салт-санамыздың алтын дінгеі» деп ойлайтынмын. «Бақсының» көргеннен кейін Түркістаннан «үш көшкен жұрттай» көңілім қалды. «Түркістанда орыстар қазақша сөйлейді» деп естуші едім, сойтсем қазақша білетін қазақ жоқ екен ғой. Біздің ауылдың бақсысы мен молдасы Түркістандікілерден мың есе артық екен (Ең болмаса сөздері мәнсіз, қимылдары оғаш емес).

«Күлпәш» деген фильмді естуіңіз бар ма? Жоқтықтан не істерін білмей қалаға барып, жұмыс істейтін Күлпәшті айтам. Кешіріңіз бізде сол Күлпәш өмір сүрген заманда туылғанбыз. Аштан қатып, тарлық көргеніміз шамалы. Осы орайда тағы бір ой. Мен бала кезімде Қазақстандағы барлық ауыл, қалалардың ішінде құмар ойын ойнап, әйелінің тапқанын тартып алмайтын, мастыққа салынып, бала-шағасын зарлатпайтын, ақша үшін досын сатып кетпейтін жігіттер тек біздің ауылда ғана деп ойлайтын едім.

Төртінші ой. О, тәубә, мынау кім? Елубай Өмірзақовты білесіз бе? «Амангелдіде» Амангелдінің рөлін ойнаған әртіс. Театрда керемет образдар жасағанымен, киноға аса көп шақырыла бермеген актерді Шәкен Айманов «Алдар көсеге» бақсы рөліне шақырады. Содан бері күллі қазақтың көз алдына бақсы

МӨЛДІР ӘУЕЛБЕКОВА: «ЖЕКЕ КӘСІППЕН АЙНАЛЫСУ ОЙДА БАР».



Өнерге қалай келдіңіз? Қазіргі деңгейге жету жолында қандай кедергілерден өттіңіз?

Өнер жолына түсірген алғашқы баспалдақ – 2004 жылы өткен «Superstar.kz» жобасы. Сол жобаның үздік финалистері қатарында көзге түсіп, ауызға іліндім. Содан бастап сахна тірлігінің дәмін таттым. Ал жолымда осындай кедергілер болды, қиындықтарға кездестім деп айта алмайды екенмін. Шүкіршілік. Өнер жолында барлығы өз ретімен, өз уақытымен келе берді.

Егер сіз әнші болмасаңыз, кім болар едіңіз?

Міндетті түрде спортшы болар едім деп ойлаймын. Алайда, мен туылар алдында анамның түсіне Қара шал кіріп, аяң беріп, атымды Мөлдір қойдырған екен. Содан бері үй-іші, туған-туыстар менің ерекше жолға түсетініме сенімді болған сияқты. Әсіресе, нағашы әпкем үй тірлігіне араластырмай өсірді. «Ыдыс жуу, үй жинау Мөлдірдің тірлігі емес» деп отыратын. Ата-анам да: «Сен біздің қыз емессің, халықтікісің» деп

десе Елубай аға елестейді. Осы фильмдегі Алдар көсені алыңызшы сөзге шебер, тілге шешен, айтқаны сүйектен өтеді. Кедей түгіл байдың өзін «иманына» келтіреді. Ал енді бүгінгі «Алдар көсе» кинофильмімен, мультхикаясын қараңыз. Өңшең домаланған байлар, қабырғасын санауға келетін кедейлер. Бірін-бірі алдап, мазақ еткен өңшең ұсқынсыз «ергежейлілер». Бала-шағаңызға мұны көрсеткенше, басынан ормалын тастамайтын, әр ісі тәп-тәтті көрінетін «Маша-медведтегі» Машаны көрсеткеніңіз жөн болар. Ер Төстік жайлы айтар әңгіме тым бөлек. Ер Төстік Ер Төстікке емес, Джеки Чанға көбірек ұқсайтын секілді.

Эрнст Хемингуэй бұл кісі қазір бізге «Әуезовтенде» «жақын». Тағы сол Ермек Тұрсынов «Шал» кинофильмін түсірді. Хемингуейдің «Шал мен теңіз» шығармасының желісінде. Жаппай мақтадық. Ағайындар-ау, «Абай жолы», «Көшпенділер» трилогиясы, тіпті «Махаббат қызық мол жылдар» тұрғанда Хемингуейде неміз бар еді? Егер хайуанаттар жайлы түсіргенді жақсы көрсеңіз Балуан Шолақтың тұранмен тартысын түсірмедіңіз бе?

«Көшпенділер»... Не жайында айтпағымды ұғынған боларсыз. Бауыржан Момышұлының сөзімен айтқанда: «Өзге елдің сарбазы қанша ақша берсеңде, сенің отаныңды жанын бере қорғамайды».

Мақсат біреуді сынауда, кемшіліктерін көзге шұқып көрсетуде емес. «Бәрі жаман» деудің қажеті жоқ. Егер маған бүгінгі қазақ киносындағы сүйікті фильмдеріңнің үштігін айт десе, бірінші, Қазақстан Ресеймен бірігіп түсірген Қасым Қайсенов жайындағы бес сериялы «Қасым» фильмін атап айтар едім. Бағырдың бір ерлігінің өзі бес серия болса, том-том кітаптары «Ханзада Жумонгтан» кем болмайтыны анық. Екінші, Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың баласы» рухымызды бір көтеріп тастады. Үшінші, Досхан Жолжақсыновтың «Біржан салы» сыр мен сымбаты келіскен тамаша бір туынды болды. Тәлім мен тәрбиені, отанды сүюді, қазақилықты осы фильмдерден үйренгеніміз абзал.

Ақшасы бардың бәрі әнші, продюссер, режиссер, ақшасы жоқтың бәрі сыншы болған бұл заманда біздің пікірге құлақ түретін адамның жоқтығы өкінетеді кейде. Сұлтан Қожықов Ғабит Мүсіреповпен ренжісіп, сөзге келісіп, көркемдік кеңестен талай сын естіп жүріп түсірген дайын «Қыз Жібегінің» 200 метр пленкасын қиып тастағанда, ауруға ұшырап, тіпті фильмнің алғашқы көрсетіліміне бара алмай қалған екен. Себебі өз туындысының, өз «сәбиінің» болашағына аландарған. Оны жұрт жалаң түрде қалай қабылдайды деп күйінген. Ал бүгінде кино түсірушілерді жұрттың пікірі емес, алатын ганарары, атағы аландатады. Сағынбай қайтесің киноның Сұлтандарын!

Ақниет ТӨЛЕНДІ,
Журналистика факультетінің
2-курс студенті

тәрбиеледі. Содан ба екен мен де өзімнің әнші болатыныма күмәнсіз сеніп өстім.

Әншіліктен басқа қандай кәсіппен айналысасыз? Немесе жеке кәсіппен айналысу ойыңызда бар ма?

Жеке кәсіппен айналысу ойда бар. Алғашқы жоспарлар да пайда болды деп айта аламын. Ең бастысы, ұстаздықпен айналысым келеді. Түйген-білгенді үйрететін күнге жетсем деймін. Уақытында ол да бола жатар.

Сіздің тек твиттер мен инстаграмда ғана отыратындығыңызды білеміз. Ал осы және өзге де әлеуметтік желілердегі Мөлдірлерге қалай қарайсыз? Ал фан клубтарыңызға ше?

Фейк деген ғаламдық дерт болғандықтан онымен күресіп жату, оған назар аударып, уақыт бөлу – босқа арамгер болу. Алғашында сенімсіздікпен қарағаным рас, қазір назар аудармайтын болдым. Ал фан-клубтарға алғысым шексіз. Мен үшін арнайы уақыт бөліп, шығармашылығымды насихаттау – үлкен еңбек. Сондықтан оларға үлкен табыстар тілеймін.

Сіздің шығармашылық жаңалықтарыңызды халыққа жариялап отыратын ресми парақшаңыз бар ма?

Осы орайда жақында ғана ойланып жүр едім. Шығармашылығым арналған сайт ашсам деген ой бар. Алайда жоспар күйінде тұр. Маған ең жиі қойылатын сұрақтарға жауап беріп тұратын бір дүние болуы заңдылық. Бұйырған күні ол да болар.

Мен мой мир және вконтакте әлеуметтік желілеріндегі «Фан клуб Мөлдір Ауелбек» парақшасының администраторымын. Сіз туралы бар білген жаңалықтарымызды осы фан клуб арқылы сіздің тыңдармандарыңызға жеткізіп отыратынмын, қазіргі уақытта бұл парақшаларды өзіңіздің тыңдарманыңыз, жанкүйеріңіз, сіңіліңіз Қарағұлова Ақшағала жүргізеді. Бізге адамдардың көпшілігі «Мөлдір сіздің шәкіртіңіз болғым келеді» деген хаттар жазды. Бұған не дейсіз?

«Күтіңіздер, қолға аламын» деймін. Бірақ менен сабақ алуға барлығын топыратып қабылдаймын деп уәде бермеймін. Қатаң іріктеу жүргізіп, шынымен талантты, сенім мен қажыры жетерлік, болашағы бар жастармен ғана жұмыс істеймін.

Жанкүйерлеріңізбен қаншалықты жиі кездесесіз? Олардан алған ең бағалы сыйлығыңыз не?

Жанкүйерлерден алған ең қымбат сыйлық – олардың махаббаты мен сенімі. Одан артық сыйлықтың керегі де жоқ. Мен де дәл солай сыйлық жасауға тырысамын. Қазір олармен кездесу ұйымдастыруға ыңғайлы сәтті күтіп жүрмін.

Басыңыздан өткен ең қызық оқиға?

Қаншалықты қызықты оқиға екенін білмеймін, бірақ мені ұзақ күлдірген бір «хикая» бар. Топта жүрген кезім. Бір азаматпен достасып, сөйлесіп жүрдік. Ол сахна жүлдызының досымын деп мәз. Құшақ-құшақ гүлдер сыйлап, қымбат маркалы көліктермен күтіп алып, бағалы сыйлықтар жасауға құмар еді. Біраз уақыттан соң ол жігіттің менің талғамыма сәйкес келмейтінін, екеуіміздің мүлдем жат адам екенімізді түсінген соң, «қарақатынасты тоқтатсақ, дос болып қалсақ» деп өтініш білдірдім. Өлгі жігіт бұлдан-талқан ашуланып, «мен сен үшін қаншама ақша жұмсадым» деп айтып салмасы бар ма. Сол мезетте-ақ өз шешіміміңді дұрыстығына көз жеткіздім. Азаматтың осынша ұсақтығы мен үшін үлкен кемшілік еді.

Тыңдармандарыңызды қуантатын қандай жаңалықтарыңыз бар? (шығармашылық, жеке өмір)

Жаңалықтар баршылық. Қазір жариялап жатпай-ақ қойсам деймін. Іске асқан күні сүйіншілеп хабарлаймын.

Жеке шығармашылық концертіңізге қашан бара аламыз?

Жеке концерт үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Сонымен қатар ұзақ дайындық, көлемді қаржы. Сондықтан асықпай, жанды дауыста, оркестрмен, заманауи талаптарға сай концерт жасауға дайындаламын.

Бір сұхбатыңызда өзіңізге арнайы домбыра жасатқандығыңызды, сол домбырамен сахнаға шығып ән айту ойыңызда жүргенін айтқан едіңіз. Бұл ой жүзеге асырылып жатыр ма? Қашан көре аламыз?

Домбыраны алып шығу ойда бар. Ол жоспарымды ұмытқан жоқпын. Жүзеге асыруды ойластырып жатырмын. Өзіндік ерекшелігімен, үндестігімен іске асса нұр үстіне нұр.

Сұхбатыңызға рахмет! Шығар биігіңіз, алар асуыңыз көп болсын! Жақсылықта жүздескенше!

Сіздерге де үлкен рахмет. Бар болыңыздар, бірге болыңыздар.

Сұхбаттасқан:
Гүлбану САПАРБАЙ,
журналистика факультетінің
1-курс студенті

«Қазақ әдебиеті» газеті - асылдардың сынығы

1975 жылы шыққан «Қазақ Совет энциклопедиясының» 6-томының 230-бетінде: «Қазақ әдебиеті» - апталық әдеби газет, Қазақстан Жазушылар одағының органы. 1934 жылдың қаңтар айында құрылған. 1940-54 жылдары газеттің шығуы тоқтап қалып, 1955 жылдың қаңтарынан қайта шыға бастады. «Қазақ әдебиеті» өнер сүйгіш оқырман қауымының рухани жан дүниесін байытып, эстетикалық талғамын тәрбиелеуде елеулі роль атқарады...»,-деп анықтама берілген.

Газет турасында тереңірек білу үшін Қазақстан Ұлттық кітапханасының мұрағатынан 1956 жылдан шыққан сандарын қарап шықтық. 1956 жылы Сырбай Мәуленов бас редактор болған екен. Газет атауының жанына «Барлық елдердің протестері, бірігіңдер!» деген ұрансөз жазылыпты. Бүгінде Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті десек, кеңес дәуірінде Қазақ Совет Жазушылары Одағы басқармасының газеті деп көрсетілген екен. Бағасы 40 тиын болған екен.

1956 жылдың алғашқы (№2,3,4) сандарында «Жаңа жыл ойлары» атты айдар тұрақты түрде беріліп отырған. Бұл айдарда белгілі қоғам қайраткерлері өткен жылдағы еңбектерін, келер жылы қандай іс атқармақшы екендігі жөнінде ой бөліседі. Мысалы, Мұхтар Әуезов: «Өткен жыл мен үшін табысты болды. «Абай жолы» романының соңғы редакциясын жасап бітірдім. 2-шіден біздің заманның бүгінгі өміріне- тың тақырыбына бардым. Келер жылы қазақ халқы тарихының советтік кезеңі жайында бірнеше романдар жазбақшымын», - деген бір-екі ауыз сөзі келтірілген.

Сонымен бірге, тұрақты «Редакцияға хат» айдарында халықтың ұсынысы, тілегі, пікірі, арыс-шағымдары жарияланады. «Қазақ әдебиетінің» дабылынан кейін» айдарында газеттің алдыңғы сандарында шыққан мақалалардың дұрыс-бұрыс, қате тұстары пікірлер арқылы беріліп отырған. Байқағаным, сол жылдары Совет кезеңі, партия құрамында болғандығымыздан сол туралы көптеген мақалалар жазылған. Сондай-ақ, дүл-дүл ақын, жас ақын өлең-жырлары әр бетте шашырап берілген.

Газеттің әрбір санында журналдарда, мысалы: «Советский Казахстан» журналының 8 нөмірі» деген секілді айдарлар көрсетіліп, қандай мақалалар жарық көрді, жетістіктері, жаңалықтары туралы қысқаша хабарлама беріліпті. Біраз фельетондар жариялан екен. 1959-1961 жылдары Зейнолла Қабдолов редакторлық етсе, 1970 жылы Нығмет Ғабдуллин басшылық тізгінін ұстағанда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының органы деп көрсетілген. Тұрақты айдарлары: «Толғандырар тақырып» мұнда қоғам қайраткерлерінің мұң-зары, бүгінгі күннің мәселелері айтылады. «Әдебиетіміздің өзекті тақырыбы» - өмірден озған ақын, жазушылардың шығармашылығы туралы естеліктер. Осы жылдың №3(989) санынан бастап редакторлық қызметті Әнуар Әлімжанов атқарады.

1955 жылы 14 қаңтарында Мұхтар Әуезов: «Өмір шындығы мен көркем шындық арасын септейтін аса бағалы очерк жанры газетімізден көп орын алса екен. Фельетон үлгісі дамыса. Жалпы, сықақ, көңіл ашар күлкі түрі де газет үшін, біздің әдебиеттің ескілік қалдығы сияқты әралуан міндермен алысу әрекеті үшін де аса қымбат», - деп жазса, Сәбит Мұқанов: «Сүйікті газетіміз алғашқы жылдары тиражы бір мыңның аржақ-бержағында жүретін, кейін 1969 жылдары 50 мыңға жетті», - дейді.

1979 жылы газет редакторы Сайын Мұратбеков, 1994 жылы Ахат Жақсыбаев, 2003 жылдары Ұлықбек Есдәулет редакторлық еткен. Қазіргі күні Жұмабай Шаштайұлы редакторлық тізгінін ұстағалы газетте өнер мен мәдениетке қатысты «Театр», «Өнер», «Қолөнер», «Руханият», «Тірілермен тірімін», «Рух бостандығы» және тағы басқа көптеген айдарлар бар.

Назерке СӘНДІБЕК, журналистика факультетінің 2-курс студенті

«Көңілдің сыры» Махаббат – мәңгі жыр

Махаббатсыз дүние бос, Хайуанға оны қосыңдар!

Абай

Дүниеде өзгелерден бағалырақ үш нәрсе бар. Ол – махаббат, сенім, достық. Махаббат. Осы бір ауыз сөз адам өмірінің ажырамас бір бөлшегі іспетті. Бұл дүниенің шыр етіп шарана болып есігін ашқаннан бастап ана махаббатына бөленеміз. Ана махаббаты сәби үшін ең қажетті азамат болып қалыптасуына үлкен үлес қосатын өмір баспалдағы. Біздің қоғамда ана махаббатына құштар қаншама сәби бар, қаншама тағдыр бар...

Махаббат – өте ауқымды тақырып. Оны жырлап, оның құдіреттілігін қағазға түсірген жан жоқ шығар, сірә! Махаббат десек, көз алдымызға қыз бен жігіт арасындағы сезім үшін ең қажетті азамат болып қалыптасуына үлкен үлес қосатын өмір баспалдағы. Біздің қоғамда ана махаббатына құштар қаншама сәби бар, қаншама тағдыр бар... Махаббат – өте ауқымды тақырып. Оны жырлап, оның құдіреттілігін қағазға түсірген жан жоқ шығар, сірә! Махаббат десек, көз алдымызға қыз бен жігіт арасындағы сезім үшін ең қажетті азамат болып қалыптасуына үлкен үлес қосатын өмір баспалдағы. Біздің қоғамда ана махаббатына құштар қаншама сәби бар, қаншама тағдыр бар...

Қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегі бар, шоктығы биік майталман ақындардың махаббатты жырға қоспағаны кем де кем. Қазақ поэзиясының бастауында тұратын хакім Абай шығармашылығында сұлу кыздың бейнесін:

Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сыдыр қағып жүрсе ақырын. Кәмішат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін? - деп нанымды етіп сипаттайды.

Қазақ поэзиясының ірі өкілдерінің бірі лирик ақын Мағжан Жұмабаев шығармашылығының негізгі арқауы махаббатпен үндесіп жатыр.

«Жандым, күйдім сені ойлап дамыл көрмей, Еш жанға сенен басқа көңіл бөлмей. Сен – бір жақ, жалған – бір жақ, қатар қойып, Сені іздедім жалғаннан қолым сермін», - деп ғашығын жырға қосса, қара өлеңнің құлагері, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев:

«О, махаббат! Сен әлі тірі ме едің, Тірі ме едің, менде онда тірілемін. Ақ періште алдыға жүгінемін, Қолдай көр ғашықтардың пірі мені!» - деп

тіл қатса, енді бірде жан досы Шәмілге жазған хаттарында: «Махаббат бүгін және қарамады, Қарамады, жанымды жсаралады. Шәміл-ау білесің бе шын махаббат, Осылай қарамаудан жсаралады...» деп мұның шағады. Ақын жүректі осынша әуре сарсаңға салған махаббат құдіреттілігін түйсінбеу мүмкін емес. Иә, махаббат – ұлы сезім.

Қазақ поэзиясының тағы бір көрнекті өкілдерінің бірі, халқының қадірлі ұлы Қадыр Мырзалиев:

Тағдыр саған жолықтырып, саған ғашық болғалы Таныс пенен бейтанысты – бәрін туыс көремін.

Бір қолымда ғашық жүрек, бір қолымда гүл тұрып,

Бұл өмірге қараймын мен мойнымды мың бұрып.

Жұрттың бәрі мына менше сүймейтұғын сияқты,

Менше сүйсе, бүкіл дүние кетер еді құлтырып!,- деп жырлайды. Қанша тақаппар пенде де махаббаттың алдында дәрменсіз көрінеді.

Біз аға буын өкілдерінің поэзиясына зер салдық. Ал қазіргі поэзияның жарқын өкілдерінің бірі, замандастарынан көш ілгері жүрген жас ақын Қалқаман Сарин шығармашылығына көз жүгіртсек:

Қош! дедің неге? Қолыңды неге бұлғадың? Күндердің санап келемін үмітпен бәрін. Мен деп мынау мөп- мөлдір мұңлық сезімнің, Сен едің, жаным, иесі сен едің жаным!

Қалқаманның жырларынан мөлдір мұң, тұңғыш сезімді көруге болады.

Махаббат – мәңгі жыр. Адамзаттың өткеніне көз жүгіртсек, оның өнері мен өмірінде махаббат пен ғашықтықтан асқан тақырып болмапты. Махаббатты көне заманда өздерінің ұғұмына, дініне, дәуіріне сәйкес әртүрлі түсінген тәрізді. Бірақ, бәрі келіп бір арнаға тоғысады. Ол – жүректің әмірі. «Махаббат өмірдің керемет көркі» деп жазды Луначарский. Ол табиғатты гүлдендіріп, неше түрлі бояулармен құбылтады, ғажайып би билетеді. Әр адам өз өмірінің суретшісі. Өмірін мәнді де баянды етіп өткізу үшін көп еңбектенуі керек. Махаббатпен өмір мәнді таңғажайып болып көрінеді.

Сөз соңын: «Ғашық болу келсе кімнің қолынан, Әлем соған сенеді,

Құлай сую ерікпен тең себебі», - деп сүюді бақыт деп санаған, махаббаты өзгеден биік қойған ақын Мұхтар Шахановтың өлең жолдарымен аяқтағанды жөн көрдік.

Берікбол ТӨЛЕГЕН, журналистика факультетінің 1-курс студенті

Қаншайымның асуы

Өнер мен мәдениет төңірегінде ойлари мен ұтымды мақалалары дәлел. қалам тербеп жүрген жас журналистерді зерттеу барысында, бірден көзіме санында Қаншайым Бақдәулеттің іліккен журналистің бірі – «Айқын» осы өнер мен мәдениетке қатысты әр

Нағыз шашбау Ару Алматы 2011: мини фоторепортаж Брелок: кілт "Кектем – №1 қолөнер" Көршілер Диханбаев Айдын Мәлікүлі Еркекыздың ермегі Қолөнершілерге Aid to Artisans ШЕБЕР Ілмектер АРУ АЛМАТЫ 2011 Атакент Джандр Дүкеннен Сырғалар Таразқызы Тоқыма Шарипа Калпынова айна ақша қыстырғыш бақалшақ бисер биссер бояу брелок білезік бұрым жол жоқ жәрмеңке жажим для денег кардиган кеңсе аксессуары күз күлгін қиял күнделік көпшік көрпе майлықтарға мастер-класс моншақ мүсінші мәдениет орындық ОЮ пайетка подставка реконструкция саз

Нағыз шашбау Сейсенбі, Apr 19 2011 әшекейлер and Қазақи шашбау, Қаншайым Байдаулет balgyrgan 8:42 am

Қолдан жасаған шашбау бар еді. Енді міне, нағыз шашбауды назарларыңызға ұсынбақпын. Нұрғиса Тілендиев ағамыздың кітаптарының тұсау кесеріне барғанда "Айқын" газетінің тілшісі Қаншайым Байдаулетованың шашбауына көзім түсіп, артынан қалмай жүріп, суретке түсіріп алдым. Блогқа жариялауға рұқсатын бергені үшін Қаншайым ханшайымға алғысым шексіз.



8 жауап: »

Ару Алматы 2011: мини фоторепортаж Сейсенбі, Apr 19 2011

газетінде «Руханият» бөлімінің редакторы Қаншайым Бақдәулет болды. Қаншайым Бақдәулет – өнер мен мәдениетке көп көңіл бөліп жүрген жас журналистердің бірі. Оған ұшқыр

де кенінен тоқталып өтеді. Өмірде де ұлттық құндылығымызға бей-жай қарамайтындығы айқын білінеді. Оған дәлел төмендегідей:

2012 жылы 29 маусымда «Айқын» газетінде «Қазақтың жүз күйі нотаға түсті» мақалада, ұлттық құндылығымыздың биік дәрежеге жеткені тұрғысында жазылса, осы басылымның 2012 жылы №45 санында Қаншайым Бақдәулеттің «Менің аңсарым XIX ғасырға ауады да тұрады» атты сұхбатында: «Әділетсіздікке төзбеу, күшті мен жуанды халыққа жығып беру, елдің аяулы адамын дәріптеу, сұлулықты ардақтау, ең бастысы, бойындағы жарқын өнерін қарапайым жұртқа паш ету – сал-серілердің өнерпаздық ұстанымы, серті еді. Сол сал-серілер заманы қазақтың басынан әлдеқашан өтіп кетті ме?» - деген сауалына Ерлан Төлеутай былай деп жауап береді: «Атақты Құлтума деген серінің: «Алысып би-болыспен күнім өтті, Болған соң, өзім сері көнбедім де» деген өлеңі бар. Өйткені ол заманда серінің сөзін сөйлейтін, оған ара түсетін халқы болды. Сері мен халық ол заманда бір-біріне сүйенді. Бұл ғасырлар бойы қалыптасқан үлкен елдіктің бір нышаны еді. Атақты «Біржан сал» фильмінде Поштабайдан таяқ жеп, құсаланып қорланған Біржан салдың «Қазақ қартайды» деп налитын сөзі бар. Киноның осы жерінде көзіме жас келді. Маған қазақ қартаймақ

түгілі, алжыған сияқты көрінеді осы күні. Қазақты қазір кім көрінген, оның ішінде өз баласы қорлайды, оның тілін менсінбей, өнерін мазақтайды. Осының бәрін қазақ сезбейді, сезсе де қайрат көрсете алмайтын пеш түбіндегі алжыған қария сынды боп қалды. Сондықтан жалғыздыққа қашпағанда, қайда қашасың? Айналадағы болып жатқан сұмдықтарға қарап, көзіңнің жасын жұтып, іштен тынғаннан басқа дәрмен жоқ... Сексенінші жылдары халық домбыра десе, ішкен асын жерге қоюшы еді. Қазір ешкім тындамайды, жатсынып қалды. Өйткені мемлекеттің қамқорлығымен домбырамен ән айтатындардың бірде-бірінің дискісі шыққан емес...»,- дейді.

Қ.Бақдәулеттің мақалаларындағы басты үш артықшылықты атап өтсек, олар: 1. нақты дәлел, дерек көздеріне сүйене отырып, оқиға орнын дәл, анық жазатындығы; 2. мақалалары арқылы қоғамдық пікір тудыра алатындығы; 3. қай жанрда болмасын көсіле отырып жазу шеберлігінің басымдылығы дер едік. Қ. Бақдәулет «Айқында» тұрақты түрде «Қазақстан» ұлттық арнасындағы «Телқоңыр» бағдарламасының жазбаша нұсқасын дайындап, жариялап отырады.

Маржан СӘБЕТ, журналистика факультетінің 2-курс студенті



Мәулен
ӘНЕРБАЕВ,
журналистика
факультетінің
3-курс студенті

ЖҮРЕГІМ САБЫР ЕТШІ...

Ұнатты жүріп, сүйіп қалдым ба?
Үндемей қалдың тұйықталдыңда.
Мендегі сезім сарғайған күздеі,
Әлі сөнбеген күйік бар мұнда.

Сезбейді деп, ем сезіп қалдың ба?
Кері шегіндім кезіп бардымда,
Аттанып кеттің бақшаға басқа,
Сүймейтініңді, тез ұқтырдыңда.

Амал жоқ басқа бақыт тілеуден,
Көтере алмай уақытты кеудем.
Арманым асқақ аласұрғанмен,
Іздеймін сені басқа біреуден.

Күтемін күтқарар бір жанды

Қосылмас жандармыз біздеген,
Сабылып бақытын іздеген.
Шын сүйген ғашықтар қаниама?
Көр соқыр үмітін үзбеген.

Біздеген бақытты жандармыз,
Сарғайып күтсе де алдан күз.
Алыстан қол бұлғап барасын,
Бақшама қонбаған арман қыз.

Шынайы жырладым сырымды,
Түсінер жан барма мұңымды.
Мені де біреу кеп күтқарар,
Әдемі қыз көп қой бұрымды.

Қылықтыма

Жалынды жанарыңа,
Сыйғызып сый талабын.
Сызылып сыңғырлайды,
Үні де гитарамның.

Елеңдеп елесіңе,
Қарайлап қор боламын.
Екеуміз бірге жүрген,
Қимаймын жол торабын.

Сүйікімді сұлу бейнең,
Сәт сайын мазалайды.
Жақындап келгеніммен,
Алысқып жазалайды.

Өткенге өкпе артпай,
Білінді нақ тілегім.
Өзімді қоя тұрып,
Өзіңе бақ тіледім.



Орынбасар
БАҚЫТБЕКОВ,
журналистика
факультетінің
3-курс студенті

Тас қала...

Қапаста қалдым..тас қала..күмән!
Ей өмір қалмай басқа мағынаң!
Жымысқы салты салтанат құрған.
Тірліктен көзді жасқана бұрам
Жанарды талай жасқа малығам..

Алдау да арбау арамза тірлік,
Қыла алмай келед маған тәңірлік.
Безбүйрек бауыр бүйірден соқса,
Құдіретті әмір саған табындық.

Сұлулық сырын сұқтана жерлеп,
Қайғыға шығар нық табан өрлеп.
Дос душар болса дүбәра күйге,
Қашамыз содан құтқара гөр деп.

Жүрекке жайсыз жара бөккесін!
Жылпостың жүрміз жалап өкшесін
Басқаға қорлық қыламыз біздер
Тасқала соны талап еткесін..
Мейірім жүзін талақ еткесін!

Көз алдымызда көсілді дәуір
Көз жасым қылып төсімді жауыр..
Тасқала тәртіп,тасбауыр болсам..
Кешіріші АЛЛАМ,кешіріші бауыр..

Үміт

Толғаныс..
Түн..
Жаңбырдың тамшылары,
Іштегі толғанысқа қарсы бәрі.
Мендегі қайғы менен қуанышқа,
Білмеймін қандай ғана жан шыдары.

Жарар осы..
Уайым,азап,қайғыда!
Мұңнан артық жолықпады-ау бай
мұра!
Сүйген сылқым сырт айналып кетсе
де,
Сую деген құдіреттен айныма!

Күмән,күдік толтырғанда көзге
шел,
Жүрегіңе жайсыз тиер сөзде есер!
Қапаланба,өмір дейтін қыратта,
Әлі талай қызғалдақтар кездесер

Қара бұлтпен,қайғы мұңым
қосылып,
Жанарымды көз жасының досы ғып,
Мен өлімге бас тіккенде сан мәрте!
Мені өмірге қуып шыққан осы үміт!!



Гүлмира
ЛІТМҰҚАЛШ,
журналистика
факультетінің
3-курс студенті

Ақиқат

Тұрсамдағы бір тілсімді сезіне,
Қарсы тұрам жүрегімнің сөзіне,
Қарамайым деп ғашық көзбен көзіңе,
Махаббатпен қарайтыным – ақиқат.

Жүргендеймін өз-өзімнен кек алып,
Жүргендеймін жасандылықпен дем алып.
Енді сені сағынбаймын деп алып,
Көргім келіп жататыным – ақиқат.

Бір масыл дерт кетпей-ақ жүр денемнен,
Тапшы амалын, оны қалай жеңем мен,
Сен туралы естігім келмейт дегенмен,
Көрінгеннен сұрайтыным – ақиқат.

Көз жүгіртіп айналама шет тұрып,
Сен жүретін маңай осы деп тұрып,
Көргім келмейт, көргім келмейт деп тұрып,
Көп ішінен сені іздейтінім – ақиқат.

Ішіме үңіл, тағдырыммен егестім,
Сыртыма қарап шын айтыпты демессің,
Дегеніммен саған ғашық емеспін,
Қызғаныштан өлетінім – ақиқат.

Мақсатың не? Жүрегімді жару ма?
Мені осылай азаптап бір қалу ма?
Ұқсаймын деп қиялыңдағы аруға,
Өз-өзімді өзгерткенім – ақиқат.

Албырттықтың дегеніне жүгініп,
Махаббаттың шырғауына жығылып,
Лекцияда апайлардан тығылып,
Сен туралы өлең жазатыным – ақиқат.

Есімің сенің

Сырыңды ақтар, ақтарма,
Жүрегім менің бір сенде.
Атыңды жаздым ақ қарға,
Еріп кететінін білсем де.

Жолдар ем саған хатымды,
Сезімді сақтар бастапқы.
Қайыңға жазғам атыңды,
Оны да шауып тастапты.

Сырыңды кімдер аша алған,
Күндер мен түндер оздырып.
Атыңды тасқа қашалған,
Жауын шайыпты тоздырып.

Барлығы, бәрі жойылған.
Откен күндерді білдіңбе?
Сенің атың ойылған,
Партада сынып бұл күнде...

Кезекші қыздар бастайтын,
Ерігіп және есіріп.
Тақтадан ылғый тастайтын,
Атыңды сенің өшіріп.

Өмірдің тәтті сәттерін,
Есіне кімдер алыпты.
Есімің толы дәптерім,
Жыртылып бүгін қалыпты.

Аспаннын жаза алмай бетіне,
Сезімді қойған тұндырып.
Тақтайдын сосын шетіне,
Айнекпен жаздым күйдіріп.

Сүйрейді мені көштей бір,
Өткен күн ашып есігін.
Тек қана жалғыз өшіпей тур,
Жүректе қалған есімің!!



Нұрболат
ДОСЖАН,
журналистика
факультетінің
2-курс студенті

Сіз осы мені сағынбайсыз

Толғана қарап-
(Таңымда,ай-сызба!...)
Шалына берді-ау жаным жайсызға,
Мен неге сізді сағына берем,
Сіз осы мені сағынбайсыз ба?!...

Жауапсыз ойлар..
Жаралады-ай, мұң..
Өзімді-өзім қалай алдаймын.
Сіз маған үнсіз,қарасаңыз да,
Мен сізге мүлдем қарай алмаймын.

Жанымды ессіз жылатардайсыз,
Жылатып алып,жұбатардайсыз.
Мен сізді қатты жақсы көремін,
Сіз, мені білем ұната алмайсыз.

Амал не?...
Іште- (түздеі өлеңім),
Мен оның атын «сіз» дей беремін.
Жаныңыз тапса да іздей керегін,
Үмітімді үзбеймін іздей беремін...

Жатар деп-бір күн жаным қай құзда,
Шалына берді-ау жаным жайсызға,
Мен неге сізді сағына берем,
Сіз осы мені сағынбайсыз ба?!...м

Сол арудың күлкісі жанарымда

Мені ессіз елітіп қала мұнда,
Сан шомылып малынды-ау сана
мұңға..
Күніреңген көңілді қайтем налып
Сол арудың күлкісі жанарымда...

Жырлап іштей қайтейін
жасқанамын,
Реңінен қорқамын тас қаланың..
Жүрегімді жылатсың сол бір ару,
Жылатпасын бір-ақта басқаларын.

Уын тағы ішейін сағыныштың,
Ойран етсең ,ойран ет сағыныш
мұң..
Көкірегімді-ақ сыйлайын сол аруға ,
Құрбаны-ақ болайын жарылыстың.

Ішкі ойларын мұң налып сәл
тыңбаған,
Қарай берсін сол ару салқын маған..
Айыптауға тиісті кінәлімін,
Кешіріші деп айтуға талпынбаған.

Тамшы үмітті қалдырып
жырасында,
Қайтейің ,қайран көңіл шыда
сыңға..
Менсіз-ақ тартысқан асау қала,
Мен үшін жасың төгіп жыласын
ба.

Таразысын теңгермей қалыпты
ойдың..
Қу өмірдің заңынан налып,тойдым.
Көз жасыма қалды деп ойлағанмен,
Көз жасына мен оның қалып
қойдым...

Соңғы сөзді айтқым келмейді

Қыстың қақаған суығында бір елі мұз қатпайтын, ми қайнаған шілдігір шілде мен сарша тамыздың қапырық ыстығында да тартылмайтын Қарасу бар болатын. Әйгілі Боранқұл жайлауынан бастау алатын Шақпы өзеніне келіп құйылып, одан Іленің арнасымен толқып, соңғы тынысын Балқаш көлінен бірақ алатын. Бұл Қарасу күніне қаншама жанға сусын болып, таңдайының қаңсығын басқаны маған беймәлім. Ауыл қариялары: «Шіркін, қасиетіңнен айналайын қара су. Сыртта жүрсек су ішкендей болмаймыз. Бір қасық суыңды ғұмыр бойы армандап өткен жандар қаншама. Тартылма да тоқтама. Аға бер, аға бар...», - деп ақ сақалын тарамыс саусақтарымен салалап қойып, қара суын хауып ұрттап, қауқарын жинайтын.

Ал біздің үй осы Қарасуға етене, өте жақын болатын-ды. Буалдыр мұнарға бүркеніп, қара кидың түтіні ақшулан бұлттың қойнына сіңіп жататын ауылды еске алып, белгісіз сезімдер жетегінде, белгісіз ойларға берілетінмін. Табылмас асылдың сынығындай болып көрінетін, құстардың қанатына байланып жеткендей, ауылдан келген хаттарды қайта-қайта оқып көзайым болып, көңілденуші едім. Үкілі үміттер де, қиялмас сезімдер де хат жанарынан домалап, кеудеме сыңып жататын. Мен тағы да хат оқып отырмын. Бұл ауыл қызынан келген хат еді.

Аға!

Мен сізбен тек қиял әлемімде ғана кездесемін. Сонда сіз арғымақ атыңыздың ақ көбігін ағызып, сайын дала төсінде сағымдай сырғып, белден асып кете барасыз. Ал бірде сонау шың басында, қанша қарасам да көзім жетпес асқар тауларда тояттап отырған хас қыран бейнесінде отырасыз да мен қолымды созғанда, қомдана ұшып құз басынан шырқау көкке бірақ көтерілесіз... мен сізді таңғы арай құшағында, түс пен елес арасында құшырлана құшағыма қысамын. Сол кезде сізге кеудемнің бар дүрсілін сездіргім, сырымды шертіп, мұндасқым келеді. Тіпті кейде, сізбен бірге болып жайнаған жаз құшағында, көгілдір көктем қойнауында Абайға өлең оқытып, елжіреп отырған Тоғжан сияқты, ал кейде ән тыңдаған Қорлан күнін кешемін. Ал бірде тәтті түс пен елестен айырылып, Ақжайықтың бойынан ақбоз атты Төлегенді күтіп, қарай-қарай көзі талып, көңілі қалған Жібек тағдырымен талықсып тоғысамын.

Аға!

Ақ шағылдар арасындағы ақ сағым көздің жауын алып, бірте-бірте ынталандырып, құмарландырып, өзіне баурап, мынау бүкіл әлемді ұмыттырып, шым-шымдап өнбойына тарап, қаныңмен бірге буын арнада толқып, тулап келіп жүрек өзеніне құйылады екен. Сіз де сол сағымдар іспетті денеме енген сияқтысыз, кеудем бұрқ-сарқ қайнайды. Кейде менің биікке шығып алып айғайлағым келеді. Бейшара тағдырға пәлсәпәмді айтып, қызыл кеңірдек керіліп біткенше айғайлап, байбалам саламын. Қайда? Неге? Кімге? керегі барын білмеймін. Бәлкім, айғайсыз өмір тұл жататындықтан тұлдыр тірлікке тіл бітіргім келген шығар? Бірақ, ол айғай кім үшін, не үшін екенін түсіне

алмай сарсаңмын. Қара тастанда қатал күндерім түксиген қабағын ашпастан бәрін нарау, үнсіз қабылдайды. Содан жаңғырық болған даусымнан жаңылыс басқанымды сезінемін. Үрейлі дыбыстан өзім қорқамын. Мүмкін, бұл да тағдырымнан маған бұйырған несібе шығар? Мүмкін, жалынсыз жан даусым сізге жетер ме деген үмітім болар. Кейде менің құлағыма алыстан талықсып, талып бір үн жетеді. Оны сіздің тау басындағы айғайыңыздың сарыны ма деп де ойлаймын. Қалайда, мынау мылқау әлемге тіл бітірейікші. Кел, аға, біз бірлікте қосылып айғайлайық!

Аға!

Арман жетегінде мен де ауыл құшағынан алыстағалы сартап сағыныш сарынына көп түсіп жүрмін. Ақжарма ауыл адамдарын, ақпейіл өзіңізді сағындым. Кілегейдей кілкіген балшығын кешетін, қара суын хауып ұрттайтын ауылға деген сағыныштан сізге деген сағыныш туды ма, әлде сізге деген сағыныштан ауылға деген сағыныш туды ма білмеймін. Бұл жағы жұмбақ. Мүмкін, сағынышты аксиомаластыруға келмейтіндігенде шығар. Бетімді самал келіп сипаса да денемді белгісіз ағыс толқыны дірілдетеді. Денеме тиген әрбір жылы нәрсенің бәрін ауыл иісі, ауыл сәлемі деп сезінгендігімнен болар.

Өмір-алданыш. Ал біз көшпелі құмға айғайлаған азаншыл пенделер екенімізді, асыл тұлғаларымызды жер жастандырғанда ғана сезетін, сезіп барып бармағын қырш шайнайтын тесік қалталы тағдырдың тіленшісі екенімізге назаланмын. Осы күндері тек сізге деген аңсау, сағыныш, арман, тілек жүрегімді жиі-жиі тербетеді. Аға біздің ауыл биік еді ғой... Кең дала құшағына, ішіне сырын бүккен қара ормандарға, ақ толқын асау өзендерге тек қыран көзбен ғана қарау әдемі. Өйткені, сондай асқақ далаға асқан тақаппарлықпен қарау ғана жарасады. Қыран биікте ғой...

Аға!

Мен нені армандасам тағдыр соны сыйға тартты. Тағдырыма сол үшін де ризамын. Асқақ махаббат тіледім соны сыйлады. Асқан адамгершілік іздедім, оны таптым. Жапыраққа тұнар шықтай сұлулық армандадым, шөлімді қандырдым. Мен сізді қаншалықты түсінсем, өзімдісүйген жандарды да соншалықты түсіндім. Өзгені маған, мені сізге ынтызар еткен кереғар күндерге қайранмын. Бәлкім, жүрек талғамдары солайда. Оған не шара бар?! Менің сіз туралы жазарым да, айтарым да әлі де көп секілді. Сондықтан, соңғы сөзді айтқым келмейді.

Қуанәлі АЛМАСБЕКҰЛЫ,
журналистика факультетінің
3-курс студенті



ТӨБЕДЕГІ ТҮЛІКТІҢ МОНОЛОГІ

Осы күні төрт аяқты жануарлардың екі аяқты адамзатқа деген айтары көп секілді, егер біз тек оларға адамдық сезіммен қарар болсақ. Өттең, біз адамзатқа сол сезімді түсінер түйсік берілмеген ғой...

болса сор бізге туады. «Еркек тоқты құрбандық», - дегендей шетімізден пышаққа ілінеміз.

Біз үшін табиғат жауыздары Қасқыр, Қабылан, Қорқау қауіпті емес, қайта сендерсіңдер. Екі көздеріңнен жауыздық ұшқындап



* * *

Ойпырым-ай, бұлар біз секілді күшті болса бізге күн жоқ еді. Екі аяқты бұлардың болып шөп жемейтіні бізге қандай бақыт болды. Екі аяқты болса да, бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ. Төрт аяқты болған біздерді осылар біледі. Бұлардың сәнді сарайлары анау көк тіреген. Тағы оларды місе тұтқан бірде-біреуі жоқ. Бұлар бір жерде біздей топтасып көп жүре алмайды. Біздей бірігіп жата алмайды. Біз бір қорада елуден, алпыстан, жүзден, мыңнан жатамыз. Бұлар секілді қырылып, соғысып, қызыл қанға батып жатпаймыз. Тіпті бір-бірімізге жау көзбен қарап та көрген емеспіз. Біздің балаларымыз бір-біріне адал әрі сондай мейірбан, тату ойнайды. Ойын үстінде соғыс, ұрыс-керіс болмайды. Екі аяқтылардың балалары ойынның бірінде ұрыс-соғыс шығып, тұқымының өн бойынан ауызға алынбаған жері қалмайды. Жерде жатқан жеті атасын да бір аунатып шығады.

Үлкендерінің қылығы – бұдан да сорақы. Бірін-бірі көре алмай, күндестік, бақталастық, қызғаншақтық деген дертке шалдыққан. Аты жаман аурудан жазылғандарын көрсек те, мына дерттен айыққандарын әлі күнге дейін көрмедік. Бәлкім, өмірі тартысып өтер бұл жалғаннан. Жер бетін қойып, көкке де көз тіге бастаған бұлар, алты қат аспан үшін қолқа кенірдектесіп, көз алартып, өзіне меншіктеуге жанталасуда. Сөзге келіспей ұрса қалса, бір-біріне есе бермейді. Алмағайып күн

тұрады. Екі беттеріңнен сайқалдықтың ызғары есіп тұрады. Біз абайламай жаза бассaq, сені сүзіп яки жығып қойсақ болды, бізге жамандық ойлаумен көзімізді құртуға асығасыңдар.

Ей, екі аяқтылар, сендер бәрін білеміз, мықтымыз дейсіңдер. Мықтылықтарың қайсы? Жауыздық, арамдық, пайдакүнемдік пе? Сендер ақша, пайда десе ұйқы көрмеуге де пейілсіңдер. Тойдық, болдық деген түрлеріңнен білінбейді. «Қанағат қарын тойғызар», - деген қағида Қырымға ұшып кеткендей.

Бізді қанша тойымсыз, ашкөз дегендеріңмен, түн баласы тыным аламыз. Сендердің тыным тапқан күндерің бар ма? Қуғандарың пайда. Біздің тағдырымыз сендердің өткір қанжар тілеген қолдарыңда қанымыздың төгілумен тынады.

Мал деген атымыз болмаса, біз де тіршілік иесіміз ғой. Біз қанша күшті болсақ та әлсізді басынбаймыз. Біріміздің желкемізге біріміз мінбейміз. Біріңді-бірің күндеп, жүріп жатқан, екі аяқтылар-ай!

Нұрлан МАНАШ
химия факультетінің
2-курс студенті



ОРАНҒАЙ

Киелі жер, болдың сен маған мекен
Сені бала жүректен сүйіп өтем...

Алматы- Ақтөбе пойызы. Гүлдеген вагон дыбысы. Сағат тілі түскі он екі. Бір-біріне жүр дегендей тартқылаған вагон Түркістан бекетіне кірді... Дүрсілдеген жүрек. Ауылға деген сағыныш. Туған жерге деген махаббат.

Пойыздан түсе бере ақ кепкісін бастыра киген, жетінші вагонның есігіне көз алмай карап, іздеген адамынан бір мезет көз жазса адасып қалардай, кірпік қақпай карап тұрған орта бойлы кісі - менің қадірлі әкем. Іркес-тіркес адамдар арасынан ентелей сыртқа ұмтылған менің көзіме, асыл әкенің бейнесі оттай басылды. Иә, мен жүгіре басып оның жанына жеткенде, ол мені маңдайымнан сүйді.

Түркістан күннің қызын енді сезгендеймін. Дәл төбеннен карап тұрған сүйісіміз аяна, бар жылуын осы жерге төгетіндей. Тіпті, жаз мезгілінде бізде жаңбыр деген атымен болмайды. Бекеттегі саудагерлер амалсыздан күн көріс қамы үшін ми қайнатар ыстыққа шыдайтын. Бала-шағаның қамы деп жүрген жандар шығып тұрған күнге де, қаһарлы қыстың ызғарлы аязына да шағымданып көрген емес. Олар нәпақасын адал тауып жесе болғаны, жайбарақат күй кешуден жалыққан емес-ті. Соларға карап келе жатып, әкемнен жағдай сұрастым. Сыртта тұрған көк жигулидің артқы орындығына жайғасқан менен әкем сабағымның мән-жайын сұрады. Мен жақсы деп қысқа қайырдым. Әкемнен көп әңгіме айта бермейтінін, бұл - бала кезден қалған әдет.

Әсем әуенмен тербеліп он бес минуттың ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жеттік. Алдымен, бабамыздың басына құран бағыштамай тұрып ауылға жол тартпайтын әкемің ежелгі - әдеті. Көк күмбезді үлкен кесене - барша Түркі әлемінің тәу етер жері. Биік қорғанды қар ортадан жарып үлкен есік тұр. Сыртындағы ерекше өрнектерге қарасаң, жаныңа рухани демалыс сыйлайды. Сан ғасырдың куәсі болып келе жатқан көне жердің топырақ иесінің өзі қандай десеңші, жергілікті жұрт бұл жерді Әзірет Сұлтан деп атап кеткен. Мұнда үш жүздің басын қосқан Ұлы Абылайдың мүрдесі жатыр, сонымен бірге қазақтың атақты төре билерінің біразы да осы жердің қойнауында.

Әкем табалдырықтан биссимиласын айтып ішке енді, мен де артыңша бас сұқтым. Кереметті қарашы сырттағы ыстақтан терлеген маңдайыма самала жел соқты көп... Қандай керемет ортадағы бөлменің төбесіне қарасаң, шикылдап ұшқан қарлығаштың әсем дауыстары, құтты бір-бірімен жарыса Түркістан жеріне мадақ айтып тұрғандай. Біздің ауыл қаланың шетінде болғандықтан, онша алыс емес-тін, шамамен жиырма минуттық жер. Ауылдымыз, ата-әжемді, бауырларымды сағынғаным сонша, жеткенше тағат таба алар емеспін. Біз бірден үлкен үйге тарттық. Міне, мынау баяғыда бізді ұрысса да шығара алмайтын өзен, суы бұрынғыдай емес таяздап қалыпты. Есіме бала кездегі көріністер орала кетті. Ауылдың барлық кішкентай балалары осы өзенге жиналып, шомылатын. Үлкен төбелерден жүгіріп келіп, осы суға секіретін едік...

Бұл өзен Шобанак арығы деп аталады. Суының түсі қоңыр тартып тұратын. Осындағы егіншілер бұрып алып егінін суаратын еді. Қашанда аузы-мұрнынан шығып қатты ағыспен ағатын. Қазір бұл өзен де ондай қарқын қалмаған, қартайған қарттай бейберекет күйде, баяғыдай жүгіріп, асыр салған бала да көрінбейді жағасынан. Өзіне күштар жандардың азайғандығы жанына батқан ба, суы да тартылып көңілсіздік орнаған. Ойыммен алысып үйге қалай келгенімді де байқамай қалдым. Аулаңның кішкентай ағаш есігін ашып, үйді беттедік. Үйдің алдында менің жеңгем жүр. Ол мені көріп сәлем салды. Үлкен шөбере әлде кемпірдің қызы болғандықтан ба, білмеймін, әйтеуір осы әулеттің үлкенді-кіші келіндері маған түгел сәлем салады.

Мен әкемді көргім келіп үйге қарай асықтым, жүрісімді тездетіп босағадан басымды көрсеткенде, тоқсандағы кемпірдің жүрегі жарыла қуанды. Мені көріп алдымнан жүргіргісі келген кемпірдің тек тұруға ғана шамасы жетті. Онда да төрт аяқтап, бір қадам басуға оның қауқары қалмапты, мен жүгіріп оның қойнына кірдім.

Қайран қара әкем сенің де қартайғаның ба? Студент екенімді ұмытып мен оның алдында сәбилей назданам, тіпті қойнынан шыққым келмейді. Ол келініне маған салқын көше әкелуді тапсырды. Қайнатылған сары бидай мен жүгеріге, салқын айран қосылған көжені жеңгем, сыртында мақта гүлі бар үлкендеу кесеге құйып ұсынды. Мұндай көжені ішпегеніме қанша... Ол - ыстық шөлдің басады, әрі тойымды тағам.

Ауылдың сары бидайы - дикандар біз жақта мұны екі мезгіл өсіреді, ал жүгері әрбір үйдің бақшасынан табылады. Айран, сүтті де әр отбасы өзі дайындайтын. Қайнаған ыстықта бұл ауылдың қай үйіне кірсеңіз де, осы сусынды ұсынатын әдеті бар.

Үлкен үйден шығып өз ата-әжемнің үйіне аяндадық. Үй арасы оншалықты алыс емес-ті. Ата-әжемнің үйі үлкен баудың ішінде, қақпадан кіре сол жағында қаз-қатар тізілген теректер жап-жасыл жайқалып тұр. Он екі қатар теректен сон, жеміс ағаштары басталады: өрік, алма, шие, сарғалы жемісті молынан беретін...

Міне, ақ үйдің жанында отбасын күтіп тұр, ана тұрған менің атам, бір аяғы ағаштан болғандықтан, сол жанына қисайып карап тұрған атамды ерекше жақсы көруші едім. Қайда барса да мені тастамайтын, ол маған анамнан да артық мейірім көрсететін, тамағымға дейін аузыма өзі салып беретін. Сондықтан ба, мен басқаны көп іздей қоймайтынмын. Оқуда жүргенде де атамды бірінші сағынатынымын, мен жүгіріп бірінші оның мойнына асылдым. Ол менің екпінімнен құлай жаздап, сау аяғын нық басып тұрып қалды. Ол да мені сағынғаны сонша, искелип өбіп жатты, мен оның исің сағынып қалыппын. Мауқымды басқан соң әкеме барып сәлем бердім, ол көп сөйлемейтін момын жан еді, құлыным деп құшақтап сүйіп бауырына қысып, көз жасына еріп берген еді...

Мұнда мені күтіп анам мен жеңгем тұр. Анам көк көзді денелі әйел, мені өмірге алып келгенімнен еркелетіп, айналып-толғанған кісі емес. Бәлкім, оған екі кемпір мен мына шал мүмкіндік бермеген де болар. Сол себепті мен де оған еркелей бермейтінмін. Шуылдаған бала-шаға мені айналшықтап, қаумалап жатыр.

Бәріміз үйге кіріп, дастарханға отырдық. Өз үйіңнің дәмі қандай десеңші, таба нанды мен өте жақсы көремін. Ауылдың келіндері жұмысы көп деп қынжылмайтын, таба, тандыр, пәтір нанды өздері дайындап үйренген, қаладағыдай дүкеннен нан сатып алу деген біздің ауылға жат нәрсе.

Күннің ыстығы қайтып, мал өрістен келе бастаған шақта мен егістікке тарттым. Астымда көк есек, ер тоқымын да өзім жасақтап алдым. Бала күнімде даладан есектер көрсек, кімдікі екенің де назар аудармай, жайдақ мініп алып, мектепке шауып баратынбыз. Мектеп ауласына жақын жерге тоқтап түсемізге жібере саламыз, олар өз үйлерін адаспай тауып алатын. Құрбыларымызбен жарысып отырып үйге де сол көліктен қайтамыз... Еті арам болса да, күші адал ғой бұл жануардың.

Ауылдың сырт жағына шығып шауып отырып өзеннің жанына жеттім, үлкен аңғар бұл манағы Шобанак арығының жалғасы. Бұл жерде арықтың бір жақ төбесі биік төбешік, ол жерде бір бұлақ бар. Қиыршық тастардан құралған жер қабатын жарып мөлдір, салқын су сарқырап жатыр. Бетімді жуып, ол суды қанып ішіп алдым. Тұнық суға карап, тағыда бір көрініс жалт берді.

Мен оны алғаш көрген жер... Ең алғаш сезімді ұққан жер... Бүгін маған ол кездер, өткен күннің естелігі ғана.

Арманым жарқырап алдымнан, Өткенім қол бұлған тұр артта. Мен сені шығармай жалдыман, Сақтаймын кетсем де жыраққа...

Өзеннен өтіп егістікке бардым. Аппақ болып сазарған жерде, жап-жасыл боп жайқалған, оңтүстік жұртының мақтанышы-ақ алтын! Мен оның арасымен жаяу жүріп келемін. Бойлары ұзын-ұзын бұл шөптің ісі де ерекше. Бір бұтадан енді өніп келе жатқан қоректі жұлып алдым, аз ұстап тұрып батып бара жатқан күн жаққа лақтырып жібердім, домалақтанған жасыл, қатты доп онша ұзамай жерге топ етті. Қазір қатты тастай тіресіп тұрған мұны күзде мамық мақта жарып шығады.

Күз түсе ауылда мақта терім кезеңі басталады, оған үлкенді кішілі бәріміз атсалысамыз. Бізге мақта теру тек қызық үшін. Бір-бірімізге қорек лақтырып, қыз-жігіт болып, бөлініп ойнап кетеміз. Кешке дейін әйтеуір бір қапты толтырып өткіземіз де тракторға жалғанған, жартылай мақта төгілген телешкіге мініміз, жасыл жәшікке отыруға ешкімнің құлқы болмайтын. Түспей ойнап жатқан бізді жасыл автобус трактордан қызғанып, бізге өкпелі жандай ала бұрғып тез жүріп көзден ғайып болады. Кішкене төмпешіктерден түскенде бәріміз тұрып алып орамалдарымызды желбіретіп «Атамеке» әнін айтатын едік. Мен ол кезеңдерді қалай сағындым десеңші...

Балғын балалық... Өткен күннің тәтті шағын еске алғанде еріксіз езу тартып, мөз боласың. Қызықты еске алу жанына ләззат береді... Осылай екі ай зымырап өте шықты... Алматы-Ақтөбе пойызы. Гүлдеген вагон дыбысы. Сағат тілі түскі үш. Бірін -бірі жүр деп тартқылаған вагон Түркістан бекетінен шықты... Дүрсілдеген жүрек. Ауылға деген сағыныш.

Туған жерге деген махаббат. Бұл жолғы пойыздың бақыты ару қала Алматы еді...



Қараш ЕСЕНБАЙ, журналистика факультетінің 3-курс студенті

Кешегі ұлылардың мекені Абайдай хакім, Шәкәрімдай ақын, Мұхтардай ұлы жазушы, Әлихандай отансүйгіш ұлылардың мекені Семей өлкесіне, қойнауы құпияға толы қасиетті мекен адамзат қоғамының тарихи үлкен мұражайы деп атауға тұрарлық Мырзағұлұлы пір бекеттің мекені Маңғыстау өлкесіне, ақ маржанын астанасы Мұстафа Шоқайдай ұлыларды дүниеге әкелген ұлы Қорқыт бабамыздың қаны тамған Қызылорда мекеніне және барша қазақ ауылына сәлем хат жолдаймын!

Елім деп егеулі найза қолға алып, ереуіл атқа ер салар намысы мен ер жігері мықты барша ұл-қыздарымызға, отандастарымызға ой салғым келеді. Кешегі кеңес өкіметінің әкімшіл-әміршіл жүйесін сонша сынға алып едік. Әрине, кеңес үкіметінің кереғар саясаты ұлттық мүддені тұншықтырып бас көтерер ұландарымызды халық

Ауылға хат

жауы етіп, жойып жібергені рас. Бірақ, әлеуметтік жағдайымыз әсіресе, сол кезде бірлігі мен берекесі жарасқан, төрт түлікке сай, азық-түлікке бай ауылдардың жағдайы ерекше еді. Мысалы Семей өлкесі мыңғыраған төрт түлікті де, керемет техникалық дақылдарды да өсіріп, бүкіл одақты етпен, малмен қамтамасыз етіп отырғаны белгі. Сол сияқты Қызылорда өлкесі аққуіршепн әлемге танылып, Аралдың балығымен елді қамтып, Барсақалмес аралы арқылы табиғат байлықтарын да сақтап отырды. Ал, Маңғыстау өлкесі өзінің ерекше табиғаты мен жануарларымен елге танылып Қаракөл елітірісімен-ақ айды аспанға шығарған болатын.

Ал сол ауылдардың қазіргі жағдайы қандай? Семей өңірінің мыңғыраған малы келмеске кетті. Өз мәртебесінен айырылып Өскеменнен бірікті. Маңғыстау өлкесінің негізгі мұнайлы ауданынан басқалары тоқырауға ұшырады. Қызылорда өлкесі күн санап қуаңшылыққа айналып, аспандап тұрған Аралдың мәртебесі бүгінде бастың ауруына айналды. Тіпті кейбір ауылдардың жайын баяндауға аузымыз бармайды. Себебі, бірінде ауыз су, бірінде жарық, тағы бірінде өзге де өзекті мәселелер әсерінен әл-ауқаты нашарлап, күн сайын күн көріс қамы қиындап барады. Осындай әлеуметтік және табиғи қолайсыздықтар әсерінен ауылдың болашағы бұлыңғырланып, ауыл халқының саны күн санап азайып бара жатыр.

Кеңес үкіметі қарсаңында қарқындап тұрған ауылшаруашылығы тәуелсіздік алғанан кейін неге қанат қағып қарыштап ұшып кетпейді? Енді осы мәселеге тоқталайық. Сонда кешегі мыңғыраған мал, жайқалған жасыл егістік, ауылшаруашылық шикізаттарын әңдейтін кәсіпорындармен фирмалар қайда? Бәрі де жегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті. Бұның себебі, нарықтық экономиканы дұрыс түсінбе алмағанымызда. Нарық ұғымын өзім деп түсініп, өзгені көрмейтін көр соқырға айналдық. Өзгенің қолындағысын өзімдікі деп айтудан арланбайтын болдық. Нарық деген өз шаруашылығынды өркендетіп, өзіндегі барды өзгемен

айырбас жасау. Осы арқылы бір-біріндегі жоғынды түгендеп, бөлісу. Өткен іске өкініш көп. Өкінгенмен пайда жоқ.

Енді болашағымызды нақты бағдарлап, мақсатымызды айқындап алайық. Ең бірінші, өмірлік ұстанымымызды өзгертейік. Ішсем, жесем, ойнасам, күлсем деген жануарлық ойдан арылып, адам болып өмірге келгеннен кейін адамша еңбек етіп, артымызға игі іс қалдыруға тырысайық. Екінші, өзімізді өзіміз дұрыс танып білейік. Жоғарығы мәнсапқа, дүние байлыққа емес біліммен, ғылымға жүгінейік. Себебі, адам - адамнан, дүние - мансаптан емес, біліммен адамгершіліктен озатынына күмән келтірмейік. Үшінші, мамандықты атақ мансапқа емес, елге тигізер пайдасынан таңдайық. «Ел болам десең, бесігінді түзе» дейді,- дана халықымыз. Елім, жерім дейтін есті азамат болсақ еліміздің ертеңі, болашығы, тәрбиенің қайнар көзі

ауылдың жайын өркендетейік. Өйткені рухани болыс, материалдық болыс болсын барша құндылық бастауы ауылдан басталыды.

Ал енді мен ақыл айтам, ақыл айтам таңданба, Қорлық үшін келген жоқсын мына өмірге жалғанға.

Мына өмірде жүрегінде, бойында ыстық қан барда,

Болмысты да, болмасты да болады деп ақиқат, - деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай жалындап тұрған жас шағымызда асқақ армандарымыз бен биік мақсаттарға ұмытылудан талмайық. Адамның қолынан екі-ақ нәрсе келмейді. Ол жоқтан бар жасау, жансызға жан бітіру. Қалған істің бәрі адамның қолынан келеді. Оның дәлелі құс болып аспанға да ұшамыз, суға да сүңгіміз, жердің терең қойнауына да ене аламыз. Егер әрбір саналы жас өмір жолын жоғарғы мәнсаптан емес, төменгі сатыдан бастаса ертең ол белсенді азамат, беделді адам, кәсіпқой маман болар еді. Орыстың ұлы қолбасшысы Жуков: «Соғысқа дайындық қаншылықты шынайы қиын болса, соғыс соншалықты оңай болады» деген екен. Мұндағы айтпағым өмір жолыңызды ауылдық фермерден бастасақ, ертең ауылшаруашылық министріне, дәрігерден бастасақ денсаулық министріне, ұстаздан бастасақ білім министріне, әкімшіліктен бастасақ президентке айналуымыз ғажап емес. Өмірлік басты мақсат атақ, мансап емес, ел үшін еңбек етейік. Еліміздің еңсесін биіктетіп, босағасын биіктете түсу үшін ауылдың жағдайын жақсартайық. Ол үшін әрбір есті де жігерлі жас Мырзақып Дулатовтың мына өлең жолдарын жадымыздан шығармайық.

Жапанға мен бір біткен алса ағаш, Демеймін жемісі мол тамаша ағаш.

Соңғы жаңқам қалғанша мен сендікпін, Пайдалан қасиетіңе жараса Алаш!

Мархабат ІЛИЯС, журналистика факультетінің 1-курс студенті

«Қарап тұрсаң бұл дүние шолақ екен, Бір-біріне адамзат қонақ екен...»

«Өмір – бір-ақ тұтам...». Өтпелі өмірде өткізген саналы ғұмырың ел аузында жүрсе, елдің ұмытпағаны, ел жадында мәңгілік қалғаны.

Адам атаулы бәріміз бір алып кемеңнің жолаушысымыз... Осы өмірде әркімнің еншісінде қабілет-қарымына қарай сүйікті кәсібі болатыны рас. Біз де өз мамандығымызға орай, ұстаздық жолда сан тарау оқиғаларға кездесіп, түрлі шәкірттерге жолығып жатамыз. Солардың ішінде ең ауыры – кешегі көз алдында отырған шәкірттеріңнен бір-ақ күнде айырылып қалу екен.

Әлі есімде. 2013 жылдың 20 қаңтарында «Журналист этикасы» пәнінің алғашқы дәрісі 3-курс студенттеріне 3 залда өтті. Дәрістен кейін артынша 217-аудиторияда осы пәннің семинар сабағы басталып та кетті. Барлық студентпен жақынырақ танысу мақсатында журналдың басынан аты-жөндеріне көз жүгірте бастадым. Кезек орта бойлы, қара торы, ат жақты, кішілктен гөрі кісілігі басымдау, өте салмақты балаға келгенде өзін Әріпбаев Айдос деп таныстырды. Мен: «Айдос, алғашқы тәжірибенді қайда өткіздің? Баспасөзде ме, әлде, телевизия, радио ма? Баспасөзге мақала жазып, жариялап тұрасың ба? Журналистердің саяси сараптамалық ойларына көңілдерің тола ма? т.с.с.» - сұрақтарды қойғанымда, Айдос: «Ия, апай, мен «Айқын» газетінде жұмыс істеймін. Сол газеттің веб-сайтын жасаймын. Арасында өзім де материал беріп тұрамын... Мен көптеген журналистердің саяси астары бар дүниелерін оқып отырамын. Алайда көпшілігі көңілімнен шыға бермейді. Ұдайы көңілімнен шығып жүретіні – саясаткер Мәулен Әшімбаевтың ой-пікірлері...», - деп жүйрік аттай шаба жөнелді. Алдыңғы айтқан ұл-қыздарға көңілім толықырамай отырған мені мына шәкірттің алғырлығы, зейінділігі, білімділігі ең бастысы, өзім жоғары бағалайтын жаза білетіндігі қатты қуантты. Ішім жылып сала берді. Осы күннен бастап Айдос осы топтағы ең үздік шәкірттерімің алды бола бастады.

Кезекті кафедра мәжілісінде кезінде ұдайы шығып тұрған студенттердің «Журналист» газетін қайта шығару керек деген ұсыныс айтылды. Міндет жүгін аркалап, студенттердің мақалаларын жинай бастадым. Сонда Айдос осы газеттің шығуына көмектесетіндігін айтқанда, талабы мен жауапкершілігіне сондай разы болдым.

Алайда, аяқ астынан келген ажалға араша бар ма? Енді осы газетке өзі туралы естелік жазылатынын сол кезде мен де, өзі де білмеді-ау?! Жалған, дүние-ай десеңші!

Тапсырмаларды уақытында орындап, әр сабаққа тыңғылықты дайындықпен келетін Айдосың электронды поштама салып жіберген мына СӨЖ-ін ешқандай өзгертусіз жариялағанды жөн көрдік.

СӨЖ

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ МЕН

ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ



Айдос Әріпбаев, 3 курс студенті

Қазақстан Республикасының БАҚ туралы Заңы еліміздегі барлық заңдар мен заңнамалар тәрізді ҚР Конституциясынан тікелей тамыр алған. Ол журналистердің міндеттері мен құқықтарын көрсететін негізгі заң болып табылады. Яғни, Ата Заңымыз елдегі әрбір азаматқа қаншалықты маңызды болса, Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңның журналистер үшін маңыздылығы да соншалықты.

Ақпарат таратушы маман иелеріне арналған Заңның көп бөлігі Конституциямызда берілген баптардан негіз алады. Дәлірек айтқанда, Кодекстер мен басқа да заңдар сияқты БАҚ туралы Заң да Конституцияның толығырақ түсіндірлімі іспетті. Осы тұста айта кету керек, қандай да бір заңның Ата Заңмен қайшылығы анықталған жағдайда, ол заң күшін жояды. Конституцияның ең басты күші де – осы. Ел Парламенті қандай да бір заң не ережені дайындағанда міндетті түрде оның Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтіндігін анықтауы қажет.

Онымен қоса, Конституцияға қатысты барлық мәселелерді қарайтын Конституциялық Кеңес те бар. Заң жүзінде елдегі ең құзіреті жоғары орган осы Конституциялық Кеңес. Мұның өзі Ең басты құжаттымызды қалай қастерлеп, құрметтейтініміздің бір нышаны.

Конституциялық Кеңес кей жағдайда Парламент мақұлдаған Заңдардың да заңдық күшін жоя алады. Мысалы, 2004 жылдың 21 сәуірінде жарияланған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі тұрғысында тексеру туралы» ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулысында сол кезде Елбасының қол қоюына жіберілген БАҚ туралы Заңның Конституцияға сәйкессіздігі анықталып, Заң күшіне енгізілмеді.

Енді, бүгінгі қолданыстағы БАҚ туралы Заңды Конституцияның байланыстыра қастырайық. Журналистке, ақпаратқа қатысты сөз болғанда ең бірінші тілге тиек болатыны – сөз бостандығы. Бұл туралы Ата Заңның 20 бабының бірінші, екінші тармақтарында былай делінген: «Сөз бен шығармашылық бостандығына кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар». Ал, БАҚ туралы Заңның 3, 14, 25 баптарында да айтылған. Осыларға сүйеніп, журналист ақпарат көздеріне сүйенсе, отырып, кез келген тақырыптағы ақпараттарды алуға, жазуға, таратуға құқылы. Бұл Заңның елімізде дұрыс қолданылып келе жатқандығын әртүрлі бағыттағы «Жас Алаш», «ДАТ», «Азаттық радиосы» сияқты ақпарат құралдарының болуымен дәлелдеуге болады. Бұл туралы «Қазақ әдебиеті» газетіндегі «Басты талап – сөз бостандығы» деген мақалада да таратып жазылған. Мақалаға Сол кездегі Ақпарат министрі Алтынбек Сәрсенбайұлы өткізген баспасөз маслахаты негіз болған. Онда журналист қауымының сөз бостандығын пайдалана отырып, ақпаратты еркін таратуы тиістігі айтылып, журналист қателескен жағдайда оған салынатын айыппұл көлемі азайтылатындығы хабарланған. Сонымен қатар, Ақпарат министрі кит етсе, миллиондап моральдық шығын сұрауға

шектеу қойылатындығын хабарлаған.

Ал, Қуандық Шамаханұлының «Біздің сөз бостандығы – қай бостандық?» деген тақырыппен жарияланған сараптамасында бүгінгі баспасөздің келбеті анық көрсетілген. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарының көбі осы мақалада берілген «бостандықтардан» әрі аса алмай жүр. Бірі билікті мақтаудан, бірі тырнақтың астынан кір іздеп, бірі өз қожайындарының көкке көтеруден босамайды. Әрқайсысының өзінше бостандық. Осы тұста автор АҚШ тәжірибесін мысалға келтіре отырып, былайша қорытынды жасайды: «Әлемнің көптеген елдеріне ортақ журналистика бостандығының стандарты іспетті ұғым бар. Оның мағынасы – журналистикада дерек пен көзқарастың әртүрлі тәсілмен берілуі және іс-өзімет бостандығы нормасының аясы мейлінше кең болуы. Сондай-ақ, қоғамдық және ұлттық мүдде тұрғысынан зор жауапкершілікті сезіне отырып, оң шешім қабылдау журналистиканың басты сипаты болуға тиіс».

Әйтсе де, кейде сөз бостандығын сылтауратып елді зорлық-зомбылыққа, терроризмге үгіттеп ел бірлігіне нұқсан келтіруге тырысатындар кездеседі. Бұл мәселе де аталған екі заңда жақсы қастырылған. Конституциямыздың 20 бабының 3 тармағында мұндай сипаттағы материалдарды таратуға тыйым салынады айтылған. БАҚ туралы Заңның 2 бабы 3 тармағы да осы жайлы. Аталған Заңның 13 бабы 3 тармағында көрсетілгендей Конституциямен тыйым салынған мұндай ақпараттарды тарататын бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері тоқтатылады. Аталған заңдарды бұзғаны үшін осыдан біраз уақыт бұрын «РеспубликаК3» газеті мен «Стан.ТВ» интернет арнасының Қазақстанда таратуға тыйым салынды.

Онымен қоса, БАҚ туралы Заңға енгізілген соңғы өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес интернет-сайттар да бұқаралық ақпарат құралына жатқызылады. Сондықтан, 2011 жылы БАҚ туралы Заңның 2 бабы 3 тармағына сай «Экстремизм мен терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ, қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттау» деген айыппен бұзған кейбір сайттарға Қазақстан аумағында кіруге тыйым салынған болатын. Мысалы, «LiveJournal» блогплатформасы.

Жалпы, БАҚ туралы Заң бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу, олардың қызметін ұйымдастыру, журналистердің азаматтармен және ұйымдармен қатынасы, журналистің құқықтары мен міндеттері, БАҚ туралы Заңды бұзған жағдайдағы жауапкершілік секілді бөлімдерге бөлінген. Оның әрқайсысында БАҚ өкілі мен бұқаралық ақпарат құралының жұмысына қатысты баптар берілген.

Жоғарыда атап өткендей, БАҚ туралы Заң – Қазақстан Республикасының Конституциясында берілген баптардың түсіндірлілігі. Яғни, ондағы әр бап, әр тармақ Конституцияға негізделген.

Ол бір ұмтылыс үстінде жүретін...

Осы уақытқа дейін, дәлірек қалам алып, «қалай жазасың а?» дейтін «комплимент» алатын шимайларымды жаза бастағаннан кейін портреттік очерк деген жанрға жалғыз рет қана қалам тартыпшы. «Айналайыны» құлағымнан кетпейтін апам туралы. Қанша тәулік зымырап өте шықты. Оны оқуға жүрегім, тағы біреуін жазуға қолым дауалаған емес.

Осы уақытқа дейін, дәлірек қалам алып, «қалай жазасың а?» дейтін «комплимент» алатын шимайларымды жаза бастағанға дейін ұлы тұлғалар туралы талай болмаса бір алақанның саусағын ойланбай бүгетін шығармаларды оқығанмын. Алғашқысы Сапарғали Бегалинның «Бала Шоқаның» туралы. Қанша тәулік зымырап өте шықты.

Ол жатақханада тегін жатса да талан-таражға түсе қоймайтын, бірақ «республикалық басылым» деген дардай дәрежесі бар «Болашақ» газетіне шыққанды және қоныр шафартың ішінде қатталып жатқан мақтау қағаздарын санамасаныз, көшеде көрген жұрт «е, анау Айдос қой» дейтіндей танымал да емес. Оның есімі фейсбуктің сансыз аккаунттеріне таныс. Бұл туралы сәл кейінірек.

Бірінші курста алғаш көргенімде деп өткенге орағытылып, бүгіннің қадірі мен тыңдаушы құлақтың тынымын кетірмей-ақ қояйын. Бастысы – осы уақыт. Менің жазбағым да осы жайында.

«Қайда барасың, бізге де берсейші» дейтін қағытпаға арнайтын ұзын емес, бөкене бойлы. Өзі жазғандай «мүскілісті» де емес. Шымкенттік деп шекара салмай, қазақтың қара баласы дейтін анықтамаға лайық жігіт. Қой көзді, күлгенде алдыңғы тістері жарқырамаса да аппақ екендігінен хабардар етеді. Қалқан құлақ пен қолағаштай мұрын да жоқ, бойына өлшеп бере қойғандай. Жарасымды киім, қара сөмке. Иә, ол сайқымазақша киініп келсе де таңқалмас едім, бірақ қара сөмкесіз елестету қиын. Қара сөмкедегі қара ноутбук оны түсінетін жалғыз жан тәрізді көрініп кетеді кейде. Техниканың тылсымына бой ұрған адам деп ойламаңыз, кімсің Айдос қылған сол темір. Барлығымыз ғаламатордың құрсауында екендігіміз ақиқат. Оның артықшылығы құрсауда жүріп-ақ керегін алды. Өзге жұрт «Вю» мен «Фейсбукте» сурет ауыстырудың қамымен жүргенде, ол «Блендер» «Уордпресспен» дос болды. Сіз бен біз үшін таныс емес сөздер оның лексикасындағы үйреншікті терминдерге айналды. Дәл осы жерден-ақ, оның бойында өзгелерде сирек кездесетін қабілетті байқайсыз.

Ол – адамның есін алатындай еңбеккер әрі еріксіз таң қалдыратындай ұмтылыс. Жаңашылдықтың бәрине. Жаксы музыканы тыңдаудан бастап шет тілін меңгеруге дейін. Өз кәсібінін басаптан маманы болуға ұмтылады. Мұғалім жоқ 50 минут шымшып алар әзіл мен іліп алары жоқ қалжыңға ұласатыны жасырын емес. Ал ол күле отырып, көзі ноутбукте отырады. Білімді немесе көпфункционалды. Сабақ ортасында қызыл кеңірдек болатын талай диспут өтті. Қандай да бір тақырып болмасын, ол аргумент таба біледі. Көкжиегі кең.

Осы Айдоста сезім жоқ-ау деп қалжындайды жиі. Демек «Жалынның жазбаларын» оқымағандар-ау дедім ішімнен. Бұл кейінірек сол жазбаларды өзім қарағаннан кейінгі ой. Ал оған дейін кім-кімге болсын, өзге дүние өртенсе де тапсырмады бітірейінге саятын адамның ролінде көрінері анық. Оның жазбалары – айсберттің бір бөлігіндей Айдостың ішкі сарайының бір көрінісі. «Алапат сезімді ансандым» дейтін, поэзияға шатысы бар жігіттің көңіл қатпарында не жатқаны өзіне ғана аян-ау. Ол әрбір құбылысқа объективті түрде, эмоцияны жиып қойып баға бере алады. Сезімсіз деген сипатқа ие болғаны да сондықтан шығар. Өзгелерден таппаған музыканы Айдостың телефонынан табасыз. Музыка – барлығына ортақ тіл. Әркім өзінше түсінеді. Ол үшін музыканың қандай орын алары белгісіз, бірақ дыбыс құдіретін түсіне біледі. Жаксы музыканы сараптай алады. Жаксы фильмге деген қатынасы да сондай. Өзірге мультфильм туралы сұраған жоқпын, бірақ ең күлкілі деген комедия мен ой саларлық киноны тауып бере алады.

Ал маған аян болғаны, ол тағы бір ұмтылыстың үстінде жүр. Ол ортаға деген қатынас. Айдосты оппозиционер деп айтпайсың, бірақ скептик пен пессимистің ортақ қасиеттерін аңғарып қалатынымын. Біздің салаға келгенде, жұрфактың әр студенті үшін қадірлі Кәкен ағай айтқандай, «скептик болу қажет». Ал екіншісіне уақыт та, орайы да табылар. Бірақ қазіргі Айдос бұл сипаттан ада. Қуаналыше айтсақ, ол бізге қайта келді.

Сабақта сабырлы қалпынан айнымайтын ол әлеуметтік желінің ар жағында сіз танымайтындай болып өзгереді. Фейсбук оның ғаламторлық өміріндегі бір бейнесі. Жоғарыда айтылған фейсбуктегі танымалдылық осыған саяды. Тапқыр сөз бен өткір әзіл де осыдан табылады.

Қазіргі студенттік кез мүмкіндік тәрізді. Ересек өмірге қадам басуға дайындық жасайсың. Адамзат игілігі үшін болған ерен еңбектің барлығы осы кезде туындаған қарапайым идеялардан бастау алады.

Ақсәуле ӘБІТҰЙ, журналистика факультетінің 3-курс студенті



Ақжол Ешмат, 3 курс студенті

Егер адамды телеарна деп қарасақ, ал телеарнаны адам деп елестетсек, қызық болар еді деп ойлаймын...

Арна «арландарының» яғни, журналист қауымын көз бен құлақ деп қарасақ: күні бойы естіген, көргендерін жиып, саралап, ой елегінен өткізіп, қарапайым халыққа ұсынады. Бір орында отырып бәрін білу мүмкін емес әрине, сондықтан, уақытқа қарамастан зымырап желдей ұшырып, керек жерде дер кезінде болуға көмек қылатын «шоппыр» ағайындарды екі аяқ деп білейік.

Тарату жолдары: ауыз, қол болсын. Бас, ми, сана-сезім – даусыз телеарна басшылары. (Немесе желкенде тұратын жетекші.) Бірақ ең маңызды мүше жүректі бөліп бір адам демей, төбеде айтылғандардың арасындағы сыйластық деп ұғынайық. «Өзіңді өзің сыйламансаң, өзгенден сый күтпе» дейді. Сол себепті де әрқашан сыйласып жүрген тиімді...

Батыр елдің баласы бір- бірін жағадан алып жатса жарамас. Сыйластық кілті – әдеп!

«Көп сөйлеп созбайық, әдептен озбайық».

Бұл Ақжолдың өз қолымен жазған жазбасы екен. Осы газет шығар алдында топта бірге оқыған, жақын досы Карл Сымбат бізге әкеліп тапсырған еді. Оқып шығып, Ақжолдың көңіл түкпірінде не жатқанын аңғара алмадық...

Ақжолтай жігіт!

Ақжолмен үш жылда араласып кете алмаппыз. Соңғы 16 күнде ғана ерекше араласып жүр ек. Екеуміз алғаш рет бірге шай ішкенде «Арамызда Арай отыр, ей, жақсылап сөйлейік» деген еді. Сенің сондағы сыйластығыңа ерекше разы болғам.

Ерке жігіт, еркелеп кеттің... Ең соңғы күні телефон нөміріңді сақтап алған едім, сонда «төртінші курста жазып алмадың ба?!» дегенсің... Білмедім ғой...

Абайсызда қосылып қалған веб камера сенің бейнеңді сақтап қалды. Ешқашан жақын араласпаған екеуміз, осы жолы бірге видеоға түсіппіз... алғашқы және соңғы рет...

Сенің ғұмырыңның қысқалығын білгенде, естілігіңді ұзағырақ сақтауға тырысар ем... тани алмадым, жақсы адамның жақсылығын сыртынан көрсем де, өзіңе тамаша жігіт екеніңді айтпадым...

Түргенге бара жатқан жолда айтқан бір сөзің есте қалыпты. «Білесің бе, Алматыдан шығып бара жатқан жолда «Ақжол» деген дүкен көп» деп ең. Енді сол дүкен атаулары сені сансыз рет ойға оралтып, сенің ешкімде жоқ қылықтарың мен жұрфактың мәдени шекарасына сыймайтын сөздеріңді еске түсере беретін болды...

Сен біздің жүрегіміздесің, ақжолтай жігіт... Жаның пейіште болсын, АҚЖОЛ!!!

Арайлым ӘКІМ журналистика факультетінің 3-курс студенті

Бүгінгі сапалық журналистиканың бір көрінісі

Журналистік зерттеу деген атау біздерге жақын жылдарда келіп қосылғанымен, шын мәнінде, БАҚ миссиясының түп негізі болып табылады. Елімізде журналистиканың бір салалық түйіні болғанмен, шетелдерде әрбір мақала, репортаждардың барлығы дерлік осы журналистік зерттеудің жемісімен келеді. Адам құқықтары мен демократиялық заң аспектілері барынша сақталатын елдер қоғамға тарайтын дүниенің дүмпу тудыру қуатын барынша қадағалайды, осы бағытта олар журналистік зерттеуді өзі жасауға тиісті жұмыстың айырылмас бір бөлігі деп қарайды. Ал бізде керісінше, журналистік зерттеу барынша кенже қалғанын мойындаған ләзім. Журналистер қауымында шетелдегідей оны өз жұмысының құрамдас бөлігіне балау сезімі де кемшін. Осыдан барып үстірттік, шалағайлық келіп шығады. Әрине, бізде журналистік зерттеу жасайтын ешбір журналист жоқ деп айтудан аулақпыз, ондай бастаған ісін «инемне құдық қазғандай» етіп тындыратын азаматтар арамызда жүр. Солардың бірі – Өркен Кенжебек.

Өркен алғашқы журналистік жұмысын «Жас қазақ» газетінен бастады, іле телеарнада ел мен жер туралы тұщымды ой айтатын «Таразы» бағдарламасында жұмыс жасады. Оның тікелей араласуымен эфирге шыққан нағыз ізденіс пен талапты қажет еткен «Ақиқат» деректі фильмі, ел арасында Исмутулла аталған зікіршілердің рухани көсемі және ол құрған Қазақстандағы кішігірім «Халифат» турасындағы журналистік зерттеуі еді. Елде төрт жүз мың мұриті бар топты әшкерелеу журналистің батылдығы демесе амалың жоқ. Оның осы көктем айларында ғана ауысынан оқ пен снаряд жарқыштың иісі аңқып тұратын қасап Ауған еліне барып жасап қайтқан «Фауст теориясы» деп аталатын журналистік зерттеуін де атап өтуімізге болады. Ауған халқын бүге-шігесіне дейін зерттесен осылай зертте, тарыдай шашыраған қазақтың бір дәнегіндей боп алыса түскен, қысалаң заманда ауған жерін паналаған бір ауыл қазақты (анығын айтқанда оншақты үй Найманды) тауып келді.

Журналистік зерттеудің осылай көрініс табуы салалық журналистиканың қалыптасуын тездетеді. Бұл дегеніміз - журналист бір салаға маманданған, меңгерген саласын бес саусағындай біледі деген сөз, ал, екінші жағынан, журналистердің бойкүйездігін тудыратын жаман әдет, бір салаға ғана маманданған журналист ертең өзіндегі жан-жақтылық, бәрін біліп алуға құштарлық деген сезімді өзінен ада етіп қоюы бек мүмкін.

Қоғамдағы қордаланған, шешуді қажет ететін немесе өзгеріске түсіретін мәселелерді тілге тиек ете отырып, аудиторияны тура бағытқа үндеу журналистика саласында публицистиканың ғана көтеретін жүгі. Осы арада салалық журналистиканың қажеттілігі айқын көрінеді. Қазақ журналистикасының болашағына сенсек, ол белеске де жетеріміз хақ.

Ақтанберді НАЗЫМ,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

Мұхтар Шаханов пен Мырзан Кенжебай шығармашылығындағы үндестік

«Асылдың бірі – адалдық» демекші, халқына да, ісіне де берік қазақ журналистерінің арасында Мұхтар Шахановтың орны бөлек. Ұлт, тіл мәселесін бәрінен жоғары қоятын қаламгердің шығармашылығының алыстан-ақ бойы зыяқ екендігі байқалады. Осы жағынан келгенде, ел мұратын көксейтіндердің шағын қатарында Мырзан Кенжебайдың да еңбегі орасан. Біздің мақсатымыз – екі көсемсөзшінің шығармашылығын жіті зерттеп, ортақ үндестіктерін анықтап, айырмашылықтарын айқындау.

Екі журналистің жазу үлгісін салыстырар болсақ, Шахановтың қарасөз бен поэзияны бір-біріне жалғап, ұштастыратын өзіндік ерекшелігі бар. Өлең жолдары мен прозаны қатар алып жүру екінші көсемсөзші Мырзан Кенжебайға да тән. Мәселен, Мұхтар Шаханов «Тілсіздендіру анатомиясы» деген еңбегінде адамдар пікірлерінен кейін, қара сөзді қысқа келтіріп, соңын өлең жолдарымен аяқтаған. Сегіз бөлімнің барлығы да осындай үлгіде жазылған.

Ал, Мырзан Кенжебай стилін ұғыну үшін мына мысалға көңіл аударайық: «Еңіремегенде қайтесің, егер өз еліңде, өз жерінде өзін егіп, өзің суарып, өзің өсірген, өзің пісірген наныңды да «Московский», «Полтавский», «Бородинский» деп орыстың нанын жеп отырғандай болсаң. Қазір қазақтар алдағы уақытта бірнәрсені болатынын, болуы мүмкін екенін, немесе үміттеніп отырғанын айтқысы келсе «деп күтілуде» дейтін болды», - деп келтіреді. Ол оқырман қауымға ашынып отырғанын немесе ерекше толқып отырғанын білдіру мақсатымен поэзиядан үзінділер келтіріп отырады.

Алайда, Шаханов ақын болғандықтан, өлең сөзді Кенжебайға қарағанда көбірек қосады. Бұл тәсілді қолдану жағынан екеуі ұқсас болғанымен, айырмашылықтары – Мұхтар көп жағдайда өз өлеңдерін жазса, Мырзан басқа ақындардың сөзін жиі келтіреді. Алайда, екіншісі поэзиядан құралақан деген сөз емес. Мырзан Кенжебайдың «Жоғалған өлең», «Жазым өтіп барады» деген жыр жинақтары жарық көрген.

Екі көсемсөзшінің тағы бір ұқсастығы – тақырып үндестігі. Екеуі де тіл, ұлт мәселелерін жоғары деңгейде көтерген. Мұхтар Шаханов, мысалға, «Мемлекеттік тіл» ұйымының төрағасы, бұл қызметін ол тек сөзбен емес, ісімен қызметін дәлелдеп жүрген адам. Ал, Мырзан Кенжебай өз кезегінде «Ана тілі» газетінде бірнеше жыл бойы «Ашық айту – ардың ісі», «Қайнайды қаның», «Тіл кеспек жоқ» деген айдарларды үзбей жүргізіп, ұлттық тақырыпқа қалам тербеген. Бұл жерде Мырзан Кенжебайдың Шахановтан айырмашылығы – қазақ тілінің жайын сөз еткенде, мәселеге әрі журналист,

әрі тіл маманы ретінде келуінде. Бір мысал келтірейік, «Ана тілінде» бірінен соң бірі жарық көрген «Телеарналар тілбұзарға айналды», «Бағындырды», «құрады», «тоғытылды»... Тілбұзарларға неге тосқауыл қоя алмай жүрміз?» атты мақалаларында телеарна журналистерінің жаңалықтарда жіберетін стилдік әрі аударма қателерін тізіп, соңында дұрыс нұсқасын келтірген. «Біліксіз бидің ақылында» термин сөздер туралы ой қозғайды. Мәселен: «Біз термин сөз деп жүрген бірнеше сөзге ғана мысал келтірейікші. Мысалы, біз қазір биологияны баяғыда бабаларымыз – әхия дегені туралы толып жатқан дерек бар. Араб, парсы тілділер әлі де солай дейді. Біз ұлттық намысымызды, тілдік намысымызды жоғалтып алғандықтан, күнделікті аузымыз үйреніп кеткен ванная-тұсылхана, веранда-айбан, область, штат-уэлаят, инспекция-нэээррат, шанс-мұрсат, пұрсат, функция-уэзипа, уэзифат, аристократ-асылзада, элегия-мэрзия, администрация-әкимият дейікші десең Зекебай ақсақал сияқты терминқұмарлар тағы да баж ете қалуы мүмкін. Біз қазір орыстарға еліктеп «казначей» дейтін болдық. Ол өзіміздің қазынашы деген сөзіміз екенін де ойлаудан қалдық...», - деген ойын білдіреді.

Екі қаламгердің де қазақ тілі мәселесі туралы ойлары бір арнадан шығады. Мырзан Кенжебай: «Ал ұлттың бұзылуы мен ұрпақтың бұзылуы, ең алдымен, осы тілбұзарлықтан басталады. Ондай ұлт біртіндеп өзінің бүкіл ұлттық белгілерінен, ерекшеліктерінен, өзгешеліктерінен айырылып, аты да, заты да жоқ, әйтеуір қарнын тойғызып, киім кигеніне маз, аузынан «елімізде тыныштық» деген сөзді тастамайтын мәңгірт бір тірі жанға айналады. Қазір «айналайын-ау, қазақша сөйлесейші» десең, «какая разница?» дейтін бейшара қазақ жастары сол қасіреттің басы ғана» десе, Мұхтар Шаханов «Тамырсыздану қаупінің тұжырымдамасы» өлеңінде:

«Жаһандану рухсыздығы өз жеңісін тойлауда.

Содан қазір қаншама адам бейім былай ойлауға:

«Мен қай тілде еркін сөйлеп, оқи алам, жаза алам,

Білім, жұмыс, нан таба алам, сол тіл – менің өз анам», - дейді.

Яғни, екеуі де бүгінгі қазақ жастарының, жалпы, қазақ халқының өз ана тілі ретінде өзге тілді мойындап отырғанын қынжыла отырып айтады.

Әсемгүл СЫЗДЫҚОВА,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

Мен танытын тележурналистика

Мен тележурналистика саласымен қалай таныстым. Кішкентай күнімде тележурналист болсам деп армандаушы едім. Теледидардың алдына шығуды қай бала армандамасын. Бірақ, өсе келе тележурналист болудың үлкен жауапты екендігін түсіне бастадым.

Алып-ұшып журналист болуды армандап Алматыға келген кезім. Қаладағы туыс ағайым: «Қане, Айгүлжан, қай журналистерді танысың?» - деп сұраққа алып жатыр. Ұят-ай. Сол кезде тілімнің ұшына бір адамның аты-жөні келе қойсашы. Дана Нұржігіт пен Нұртілеу Иманғалиұлынан басқасы есіме түспей тұрғаны...

Ағайым қоғамдағы өзекті мәселелерді жиі газет не сайт бетінен оқып тұрушы еді. Маған газет журналистерін айтпағаныма көңілі түсіп, басын шайқады да: «Қарағым, көптің бірі болма!», - деді. Сол кез әлі есімде. Алғаш рет менің сағым сыңғандай болды. Алғаш рет өзімді журналист бола алмайтындай сенімсіз күй кештім. Сөйтіп жүріп, тек газет оқуды, газет-журнал ақтарып, әйгілі журналистердің аты-жөні мен стилін, тақырыбын жаттап алуға тырыстым. Сол ағайымның сөзінен кейін мен теледидардан қалай алшақтап кеткенімді білмей де қалыппын...

Шетелдік бір журналист: «Телевизия адамды атаққа да шығарады, апанға да құлатады». Себебі, тележурналисттің жұмысы миллиондардың көз алдында тым жария түрде ашық өтеді. Сәтті шықса – мақаласың, сапасың жасалса – датталасың. 80-ші жылдардың басында сыныс Сағат Әшімбаев қазақ теледидарында «Жүректен

қозғайық» атты бірнеше жылға созылған тізбекті бағдарлама жүргізді. Өзі теледидарға қызметке келген соң, осы хабарлардың өзектес заңды жалғасы ретінде «Парыз бен қарыз» атты авторлық бағдарлама енгізіп, оны бірнеше жыл тұрақты түрде жүргізіп отырды. Қазақстаннан тыс тұратын қандастарымыз арасында түсіріп қайтқан «Қауышу» хабары да кезінде өте жоғары бағаланды. Тақырыптарының өзі ерекше. Оның қандай шығармаларын қарап отырсаң да, тақырыпты керемет тауып қоя білгеніне таңырқайсың. «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық», «Ақиқатқа іңкәрлік», «Азаматтыққа адалдық», «Шындыққа сүйіспеншілік» еңбектерінің орны бір төбе.

Осындай тұлғалардың бірі, қазақ тележурналистикасының санлағы – Бейбіт Құсанбек. Мыңдаған көрермен оны «Хабар» арнасының «Тіл», «Ел ағалары», «Бір сот және бүкіл ғұмыр» жобалары арқылы таныды. Оның «Тіл» бағдарламасы 2005 жылдың үздік ток-шоуы деп танылса, 2006 жылы журналиске Елбасымыз алғыс жариялады. Жыл сайын журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында республикалық деңгейде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті және «Хабар», «Қазақстан» телеарналары бірлесіп ұйымдастыратын Бейбіт Құсанбек атындағы қазақ тележурналистерінің байқауы өткізіліп келеді.

Айгүл ДӘДЕН,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

Қазақ әзілінің құны қай деңгейде?

Күндіз естен, түнде түстен кетпей жүретін қыжырпа қалқындар болады. Тіпті жалпыхалықтық сипат алып, жылдар бойы өлмей жүретін әзілдер шоғыры да бар. Себебі, шынайылығы басым. Күнделікті күйбең тірліктен ауаша кетпеген, астары, бағыты түзу, әлденені меңзеген – сықақтар. Өйткені, қазіргі әзіл-сықақ театрлары әртістерінің көпшілігі бос күлкі шақыратын бұралқы сөз бен жеңіл-желпі көріністерді қайталаудан әріге аса алмай жүр. Әжуалайтындары – баяғы сол ерлі-зайыптылардың салғыласы мен шал-кемпірдің текетіресі, ары кетсе, базар, несие, сауна төңірегіндегі өсек-аяңдар.

Өкінішке орай, сатираның баға-сын түсіретін осындай жайттар азаймай отыр. Бір анығы соңғы уақытта әзіл-сықақ театрларының қарасы көбейді. Баяғыдағы бір ғана «Тамашадан» «Бауыржан-шоу», «Терісқақпай», «Күлкі керуені», «Шаншар» балалап, оның соңы «Ақку-Гәкку», «Алда-трас-пан», «Екі езулерге» ұласты. Мүмкін осы-ның нәтижесінде өзара бәсеке ұлғайып, сатира айдынына ең таңдаулылар мен нағыз лайықтылар ғана сұрыпталып шығар деген үміт басым. Соңғы кездері «Жайдарман көңілді тапқыштар» клубында Қазақстандық бүкіл аймағынан келген командалар жиналып, өз аймақтарындағы ең мықты деген әзілдерін ойнап отырған көрермендерді қыран-топан күлдіреді. Шындығына келсек, олардың әзілдерінің тереңдігі мен салмағы жоқ деп айтсақ қате емес. «Вечердегі оқиға», «Көшедегі жағдай», «Қыз бен жігіт», «Қарны аш студент» деген әзілдердің барлығы ендігі жерде халыққа өтуі екіталай.

Алғаш құрылғаннан бастап, әзілдерінің құнын анау айтқандай түсіре қоймаған «Шаншар» әзіл-сықақ театрының директоры Уәлибек Әбдірайымов «Алаш айнасы» газетіне берген сұхбатында: «Жалпы алғанда, сатира, әзіл тілдің дамыған жерінде жүреді. Тіл қаншалықты дамыса, сатира да соншалықты дамиды, сонша-лықты түсініледі, қабылданады. Бізде әзіл түгіл, сөздің астарын түсінбейтіндер көп. Көрерменді күлдіру дәрежесіміздің төмендеуі болып жататыны содан. Астарлы күлкі қалып бара жатыр. Сондықтан тілді дамытсақ, сатирамыздың да салмағы, көр-кемдік жағы артар еді, - деген еді.

«Әр әзілде – бір шындық бар», - дейді. Айтқан әзілдерінен кейін, бір шындығын айтып, халыққа ерекше бір көңіл сыйлап кетеді. Қоғамдағы өзекті мәселелерді, болып жатқан дүниелерді, әзілмен ерекше жеткізудің өзі оңай дүние емес. Халық арзан дүниелерге көп күлуді демейік. Сапалы әзілдерге күлдіртуге икемдейік. Өйткені, оның бәрінен күллі халықтың элитасы мен мұңдалап тұрады.

Әли БИТОРЕ,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

ҚАЛИ СӘРСЕНБАЙ БЕЛЕСІ

Журналистік жолын «Лениншіл жастан» (қазіргі «Жас Алаш») бастаған Қали Сәрсенбай бүгінде көбіне мәдени тақырыптарда қалам тербеп жүр. Өнердегі тұлғалар тағдыры тұрғысында жазылған әр мақаласын оқығанда бір кітап тауысқандай әсер аласың. Себебі, тақырыпқа таңдап алынған тұлғаны сенен жақсы ешкім білмейтіндей күйге түсіретіндігі, ішкі-сыртқы әлемінен мол мағлұмат бере алатындығы. Мәселен, «Естен кетпес Есболған», «Шешемді шығарып салған «Құстар әні», «Сембинді сағынғанда», «Қалыпқа сыймаған Қалжан», «Даниярдың әні», «Сахнаның еденін сүйіп еді» т.с.с. мақалаларынан қаламындағы тазалықты, ерекше бір жылылықты сезбей қалуға болмайды. Қаламгердің өзгелерден ерекшелігі де сонда шығар.

Одан бөлек, мақалалары мен әр-әр жердегі пікірлерінің көпшілігінде өзі білім алған журналистика факультеті тұрғысында: «ҚазГУ-дің журналистика факультетінің өзі университет ішіндегі университет болатын. Белгілі тұлғалар, қаламгерлер жұрфактан шықпайтын. Ол кісілер өңгіме түйінін тарқатып, өмір тәжірибесімен бөлісетін. Одан кейін, үшінші курстан «Журналистік шеберлік» сабағы жүретін. «Сен журналист боласың ба, болмайсың ба?», - деп тағдырың шешілетін», - дейді.

Қали Сәрсенбайды ұстаз тұтып,

өздерін шәкірті сезінетіндер қатары да аз емес. Олардың көбі – Қали басқаратын «Алматы ақшамы» газетінде азды-көпті жұмыс жасаған, өндірістік тәжірибеден өтуге келген немесе мақалалары арқылы тәлімін түйсінген жана журналистер буыны. Солардың бірі Әсия Бағдаулетқызы өзінің «Зиялы қалам» атты мақаласында былай дейді: «Қали Сәрсенбай деген – сырбаздық, тазалық, дегдарлық қой. Айналаңның бәрі ұсақталып бара жатқанда Қали ағаны оқып биіктегің келеді. Айналаңның бәрі былғанып бара жатқанда Қали ағаны оқып тазарғың келеді...».

«Талантты тану үшін де талант керек», - деп өзі жазатындай, Қали аға таланттар табиғатына көп үніледі. Қали Сәрсенбай қалам ұстамағанда қазақ руханиятының бір бүйірі олқы тартып тұратындай көрінетіні сондықтан. «Журналистикада «Шерханның шек-пешінінен шыққанбыз» деген нақыл сөз бар. Ендігі сәтте «Қалидың қайрағына қайрал-ғандар» деген нақыл сөздің тілдік қорымызға енуі мүмкін», - деп, бірер жыл бұрын сол Қалекеннің қайрағына қайралғандардың бірі Ержан Байтілес жазып еді. Біз де осы пікірге толығымен қосыламыз.

Маржан ӘЖІБЕК,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

ЖУРНАЛИСТИКА – жауапкершілікті талап ететін мамандық

Журналистика жан-жақтылықты талап ететін мамандық. Бұл саладағы қызметкерлер – шығармашылықты жанына серік еткендер, қаламының қарымы бар жандар. Әрбір журналистің мақала жазуда өзіндік стилі, жазу шеберлігі болады. Бұл салада тәжірибесі толысқан майталман журналистермен қатар, қаламы ұшталмаса да, өз саласына ерте сіңісіп, жазу мәнерін енді-енді қалыптастырып келе жатқан жас журналистеріміз де бар. Жас та болса, қоғамға бас бола білетін кей журналистердің өз ойын қоғамға жеткізе білуі де сан түрлі. Мақала жазуда журналистердің бір-бірінен басты айырмашылығы – қызығушылықтарында. Яғни, қай салаға деген қызығушылығы басымырақ, сол бағытта тақырыпты өрбіте білу қабілетінде.

Өркімнің тақырыпқа деген талғамы әрқалай. Мәселен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің 2-курс студенті Файзолла Алпамыстың мақала жазудағы шеберлігі өте жоғары. Мектеп кезінен қолына қаламын алып, ерте бастан болашақ мамандығына қарай қамдана бастаған ол көбінесе діни тақырыпта ой қозғайды. Кейде өлең шумақтарымен, кейде жай қара сөздермен өз ойын қағазға түсіреді. Ақындық өнер әркімге беріле бермейтін қасиет, сондықтан бұл да болса өзіндік қалыптасқан стиль.

Газет-журналда қызмет ететін кей әріптестеріміздің мықтылығына шүбәміз жоқ, әрине. Алайда, журналистер, тілшілер үшін ең маңызды алаңдатын жайт – халықтың жазылған материалдарды ұғынуында. Осы жағдайды басты нысанға жеткізу тәсілі – сәл өзгешелеу. Мақалаларының көбісі сұхбат түрінде. Ал, мақала тақырыбын таңдауда талғамы өте жоғары. Тақырып – мақала жазуда басты рөл атқарады, мақаланың өзегі десек те болады. Мысалы, «Айқын» газетіндегі (№221) «Біреу ерте, біреу кеш бір құлайды...» тақырыптағы мақаласы күллі мазмұнын ашып-ақ тұр.

Әрине, білген адамға журналистика оңай сала емес. Қызығы мен қиындығы мол, зор жауапкершілікті қажеттететін кәсіп. Журналистің өз ойы, үні болып, бүкіл әлемді қаламына бағындыра білуі керек. Түрлі саладағы тұлғалармен сұхбаттасып, сөйлете білу де – өнер. Қазақтың біртуар ұлдарының бірі Міржақып Дулатұлы: «Қай ұлттың баспасөзі мықты болса, сол ұлттың өзі де мықты», - деген екен. Демек, халық баспасөзді биліктің төртінші тармағы деп тектен-текке айтып жүрген жоқ. Қалам ұстаған қауымның қызметіне, іскерлігіне мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Біз елдің жағдайын көбірек ойлауымыз керек. Оқырманға мақаланы нақты әрі түсінікті жеткізген журналист – нағыз журналист. Журналист үшін ең бастысы – осы.

Сардарбек НУРАТДИНОВ,
журналистика факультетінің
2 курс студенті

КӘСІБІҢ – АДАМ БОЛУЫҢНЫҢ КЕПІЛІ



Мамандықтың оңайы жоқ, білген сайын, зерттеген сайын қиындай түседі. Ғылым, шіркін, шексіз терен ғой. Адам екі нәрседен қателеспеуі керек: бірі – жар таңдауда, екіншісі – мамандық таңдауда. Өткені, екеуі де сенің өмірінде елеулі орын алады, өмір бойына сәттілігіңнің, қуанышыңның кепілі болады.

Өз басым мамандық таңдауды 11 сыныпқа дейін ойланбай, әлі «ерте» деп жүре беріппін. Қазір ойлап қарасам, алтын уақытымды өткізіп алыппын. Мамандық таңдауға бас қатырмасам да, әдебиетті сүйетінмін. Кез келген көркем туындыны оқығанда құдды бір әдеби әлемге еніп кеткендей боламын. Сол кезде оқығандарымды әжептәуір көп деп ойлаушы едім. Сөйтсем, ол тек бір бөлігі «Білетінім біреу, білмейтінім тоқсан тоғыз» болып шықты.

Дегенмен, журналист болуға бел буып, білім мен ғылымның қайнаған ордасы, тек ұстаздар ұжымы ғана емес, студенттер бір-бірін өмірге үйрететін қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға оқуға түстім. Бұл

киелі шаңыраққа оқуға түскеніме, дәл осы мамандықты таңдағанымға еш өкінбеймін. Өйткені, менің түсінгенім, журналист болу – дербес болу, биік болу.

Дана Абай айтқандай: «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес». Бұл жолда талай адамды танысың, өзінді танысың, зерттейсің, айналаңа көз тастап, істің ақ пен қарасын ажырата бастайсың. Құлап бара жатып күлетін, өмірдің сенімен ойнайтын кездері болады. Осы орайда Әділ Ботпановтың:

«Мен сені сүйемін өмір,

Қосы бұрым ерке қыз болып,

Сыңғырлап күлгенің үшін» - дегені еріксіз еске оралады. Өмірден түңілесің, жылайсың, сонда да сүйесің. Айтқым келгені, өмірім қиын деме, тағдырыңды жазғырма! Өмірді сүй, өмірді сұр, кәсібіне жауапкершілікпен қара! Себебі, кәсібің – адам болуыңның кепілі.

РЫСҚҰЛОВА Гүлім,
журналистика факультетінің
1-курс студенті

Біздің ертеңіміз – ел болашағы

Туғаннан жүрегі елім деп тулап, жаны жерім дейтін әрбір жас азамат «Елім менің болашағым үшін не істей алады?» деп емес, «Мен елімнің болашағы үшін не істей аламын?» деп ойлайды. Себебі, мемлекет, тұтас бір ел халықтан, ішкі қоғамнан құралса, қоғам дегеніңіз – сіз бен біз. Сондықтан, әрқайсымыз өз болашағымыздың іргесін ел болашағымен ұштастыра отырып қалауымыз керек. Себебі, біз ұлттан бөлініп кете алмаймыз. «Бөлінгенді бөрі жейді».

Қазіргі күні мен «Ел болашағы үшін осындай іс істедім!» деп айтарлықтай болмасам да, алдағы күні өз елімнің ертеңіне, жақын болашағына үлес қосарым ақиқат. Бүгінде

менің мақсатым – білімі мен тәжірибесі егіз, білікті де білгір маман атанудың сара жолындағы білім алу. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы: «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар, қалан», - деп жазғандай, өмірден өз орнымды табу арқылы қоғамның «кетігіне» қалану – басты мұратым. Осы жолда маған көп көмегін беріп, арманға жету жолында шыңдап жатқан оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Журналист болу деген арман менің санамда бала күнімде оянған. Ал сүйікті «газетім, ақыл-шым, сырласым» «Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер газеті ұйымдастырған «Ақын

Өтепберген Ақыпбекұлы атындағы Республикалық «Жас тілшісі» атанған сәттен бастап, жүрегімнің түкпіріндегі арманға деген талпыныс, алаулып жанып, сөнбес жалынға ұласты.

Кезінде Міржақып Дулатов айтпақшы: «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы зор» екенін жүрегіммен түсінемін. Сол үшін де халқымның жоғын жоқтай алатын, әділдікті арына серік еткен журналист болып, адасып бара жатқан, еліктеушілікке салынып бара жатқан қоғам санасын туралыққа салып, қазақы менталитеттің қорғаны болғым келеді.

Менің ел болашағына қосар үлесімнің өзегі осы болмақ.

Міне осы мақсат, менің ел болашағына қосар үлесім мені арман қудырып, үлкен мегаполис БАҚ орталығы Алматыға, журналистиканың қара шаңырағы Қазақ Ұлттық университетіне алып келді. Қысқа сөзбен қайырсам:

Мақсат билеп, өзегімді, санамды,

Елге деген махаббатым үдер шын.

Осы болар өмірдегі санаулы

Болашаққа қосар менің үлесім!

Әсел САРҚЫТОВА,
журналистика факультетінің
1 курс студенті

Белгілі әнші Нұрлан ЕСПАНОВ: «Менің өмірімнің тең жартысы «студент» болып өтті десем қателеспесін. Өйткені, Д.А. Қонаев атындағы көлік және құқық гуманитарлық университетін құқықтану мамандығы бойынша, «Тұран» университетінің экономика факультетін және музыка мектебін аяқтадым. Бірақ, мен жатақханада тұратын студенттердің қатарынан болмадым. Өмірім өнермен байланысты болғандықтан, кешқұрым мейрамханаларда өлең айтатынмын. Өмірдің қызығы мен қиындығы қатар жүрді. Біраз дүниелерді көрдім. Қазіргі студенттерге барлығы оңай-ау деп ойлаймын, себебі, ойда еркіндік бар. Біздің уақытымызда барлығы бір нәрсеге тиесілі болатын, сәннің өзі бірдей еді.

Кенес уақытында, білесіздер, жатақхана сағат 10-нан кейін жабылатын. Өйткені, сондай темірдей қатал тәртіп болатын. Бүгінде түсіндіріп, жағдайыңды айтып кіруге мүмкіндік бар. Студенттік қызықтар өте көп болды: жатақханаға таныс қыздарға барамыз, өрмелеп балконға шығып, терезеден кірген күндеріміз де болды. Менің ойымша, студенттердің өмірі, көрген қызығы – бір.

Бірде, жатақханадағы апайымыздың айқайлағаны бар. Бір жерден тегін түскен ғой, «селедка»



деген балықты алып келген жолдас баламыз. Ішіміздегі біреуі: «Тұрып қалған балық» демесі бар ма! «Аштан өлеміз бе? Алып кел, қуырып жейік», - деді екіншісі. Негізі, бұл балықты қуырмайды ғой, біз оны майға салып қуырайық келіп. Бір жағы, уланып қаламыз ба, деп қорықтық. Қуырылған балықты жеп алдық. Құдайға шүкір өлген жоқпыз ғой. Алайда, ісі жатақханадан екі апта бойы кетпей тұрды. Сол балықтың кесірінен жолдас баламыз жатақханадан шығарылды.

Шыны керек, студент үшін ең қиыны – емтихан. Музыкалық мектепте оқып жүргенімізде «Мемлекеттік емтихан комиссиясынан» сынақ алуға бір кісі келді. Емтихан алатын болды. Арамызда бас домбырада ойнайтын жігітіміз сол жексенбі күні ауылынан келмей қалды. Қатыспаса ендігі жылға қалып кетеді. Ол кезде телефонның жоқ кезі. Мемлекеттік емтихан комиссиясына келген кісі: «Араларыңдағы жігіт қайда?», - демесі бар ма? Біз болсақ: «Оның ағасы қайтыс болып еді», - деп қайғыра түсеміз. Енді барлығымыз да өнер адамы болғаннан кейін әртіспіз ғой. «Онда емтиханды ертеңге қалдырайық, айтыңдар таңертеңгісін тоғыздан кешікпесін», - деп мананғы сол жағдайға түсіністікпен қарағаны болды.

Ал, дүйсенбі күні таңертең Құдай жарылқап оның өзі келе қалды. Біз досымызға ағасы жайлы айтқанымызды ескертуді есімізден шығарып алыптық. Барлығымыз аудиторияда тұрсақ, комиссия мүшесі кіре салғаннан досымызға көңіл айтып жатыр. Біз күлейік десек күле алмаймыз, ол да түсінбей тұр «қандай аға» деп. Сонымен не керек, арамыздағы ең нашар ойнайтыны сол еді. Бірақ, барлығымызға төрт, жаңағы жолдасымызға бес қойды. Шыққаннан кейін досымыздың: «Неге маған айтпадыңдар?», - деп ренжігені бар.

Айта берсек, қызықтар көп. Бүгінгі студенттерге айтар кеңесім: «Бос өткізген уақыт – қылмыс». Өмір деген қызық қой, бір профессор көйлек тіксе, соған елу студент диссертация қорғайды. Бірақ, ол көйлек болып қала береді. Сонымен қатар, өмірде теория емес, практика өзгереді. Сендерге тілейтінім, тек сәттілік. Қанаттарың талмасын!

ҚазҰУ-дың оқытушысы Құдиярбек АҒЫБАЕВ: ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне 1971 жылы түсіп, 1976 жылы бітірдім. Университеттің 2-3 курсына оқып жүргенімізде бізді үнемі Солтүстік Қазақстан облысына жазғы тәжірибеге алып баратын. СМУ дейді: комбайн айдайтынбыз, астық түсіруге қырманға жұмыс жасайтынбыз.

Сондай бір кезекті сапарда Торғай облысының Жаңақорған ауданына бардық. Белгілі қазақтың көрнекті ақыны деп айтамыз



Фабиден Құлахметовты қазіргі таңда бүкіл Қазақстан халқы біледі. Күні бойы егін алқабында боламыз, кешке қарай клубқа барамыз, жастармен ән айтып, жергілікті қыздармен қыдырамыз. Тамаша кештердің бірінде, Фабиден мырзамыз оныншы сыныпта оқитын Инга деген орыстың қызымен танысып қалды. Екеуі керемет: ынтымақ, балалық махаббат... Біз айттық: «Фабиден, қазақтың қыздары жүргенде орыстың қызында нең бар?» - деп. Қазақтың қызына ұқсайды екен деп екеуінің тіл табысқаны сонша, соңы махаббатқа ұласты. Мен де жаспын. Сол кездерде бойымда бұлбұл болып сайрап, құстың дауысын салатын қасиет болатын.

Жазып алған: Ғазиза КІШБАЕВА, журналистика факультетінің 3-курс студенті

ҚазҰУ-дың түлегі, белгілі тележурналист, спорт комментаторы Амангелді СЕЙІТХАН: Біздің кезімізде романтика көп болған шығар. Сіздерге күлкілі көрінуі мүмкін, бірақ біздер сабаққа тыңғылықты дайындалатынбыз. Сыйладық



па, қорықтық па, ұстаздардан қаймығып жүретінбіз. Сондай бір сақтық, қорқыныш үнемі болып тұратын.

Ол кезде студент атану – бақыт, оқу орнын бітіру – ғанибет шаруа секілденетін. Оқу орындары аз болды, қабылданатын студенттер саны шектеулі болатын. Сондықтан, кез-келген оқу орнына қабылданған студент өзін бақытты адам ретінде сезінетін. Бұл бақыттан айырылып қалмас үшін, үнемі бақытты бола беруі үшін сабаққа дайындалуға тура келетін. Оқудан шығып қалу өте оңай еді. Екі-үш сабақ жіберсең, бір-екі сынақтан сүрінсең, студент атана алмайсың. Басқаша айтқанда, шығарып жібереді. Дәл қазіргі кафедра меңгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева, Сандуғаш Серікқалиева бір бөлмеде тұрды. Солармен бірге сабаққа дайындалатынбыз. Кәдімгі жайма базар сияқты кітапты, өзге де тиімді тиісті оқулықтарды жайып салып шетінен сабақтарды қарастыратынбыз. Сондықтан да біздің сабаққа дайындалуымыз – «үлкен бір романтикаға толы оқиға» деп айтсақ қателеспейміз.

Дидар Төлеуіш деген группаласымыз болатын. Бүгінде арамызда жоқ. Екеуіміз дос едік. Бір күні мұнайып отыр.

– Не болды?
– Өөй, көкен жоқ болса, көрген күнің осы! Мына деканат қызық. Білесің, мен Түлкібаста тұрамын. Сол Түлкібастан күнде қатынап оқиды дейді ма? «Сенің жерің жақын екен» - деп, маған жатақханадан орын бермей қойды.

Мен сол кезде кішкене пысықтауым ба? Бір күні правкомда жиналыс болды.

КТК телеарнасының тілшісі, тележурналист Нартай АРАЛБАЙҰЛЫ:

Қазыналы қара шаңырық Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультеті - жүздеген, тіпті мыңдаған мамандарды тәрбиелеп шыққан орта. Қазақта: «Жүйрікте де жүйрік бар, әліне қарай шабатын», - деген қанатты сөз бар. Ішінде оза шыққан шәкірттер бар, сол секілді өзіміз сүйіп, жақсы көріп, жақсы оқып, сыйлап кеткен оқытушыларымыз бар. Әрине, маған тәлім берген оқытушылар: Айгүл Рамазанова, Жидегүл Әбдіжәділқызы, Кәкен Қамзин, Мұрат Шаймаран, Бекболат Жетпісбайұлы т.б. болды. Аты аталғаны, аталмай қалғаны бар, барлық ұстаздарды жақсы көреміз, сыйлаймыз.

Мектептен кейін осы әсем қала Алматыға келіп, абдырап жүргенде қомқорлықына алған ұстаздарымызға алғыс айтамыз. Соның ішінде өзіме ең жақыны, балама мағынасында айтатын болсақ: «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық», - дегендей Орынтай апайым еді. Өйткені, мынау есімде. Алғаш оқуға Батыс Қазақстан облысы, Бөкей Ордасы ауданы, Бөрілі ауылынан келген мен тіпті маршрут көрмеген баламын. Азуымыз ашылып, абдырап отырған кезде Орынтай апайымыз кіріп: «Әдеби кітаптар оқыдыңдар ма?», - деген мазмұнда т.б. сұрады. Бәріміз «иә» дейміз ғой, кім «жоқ» деп айтады. Содан шетімізден өзімізді таныстыра кеттік. Сөйтсек, бәрі шеттерінен жеңімпаздар екен: дипломат, бірнеше жарыстардан орын алған шетінен сен тұр, мен атайыңдар екен.

Апайымыз жазушы Оралхан Бөкейдің «Атау кересін», жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кім оқыды? - деп сұрай кетті. Осы екі кітап – жұрпаққа келген студенттің кез келгені міндетті түрде білуге тиіс кітаптар. Мен ол кезде өлеңдерде көп оқитынмын да прозаны аздау оқитынмын шыны керек. Кейіннен біраз проза оқыдық қой, енді Аллаға шүкір дейміз. Бірақ ол бай қазақ әдебиетінің қасында теңізге тамған тамшыдай. Содан сол екі кітаптан шатаспасам білгенімді айтып бердім. Міне, сондай бір тамаша кезең болған.

Уақыт өтіп енді диплом қорғайтын да кез келді. Содан апаймен ақылдаса келіп «КТК телеарнасындағы ақпараттық бағдарламалардың жаңашылдығы» деген тақырыпты алдым. Таңғалғаным, дұрыс сабаққа келмей, шала шәкірт болғанымды біледі, сонда апай бәрін біліп тұр. Дипломды әйтіп-бүйтіп жазып беремін, апай түзеп жібереді. Кәдімгідей менің емес, апайдың міндеті сияқты. Сөйтіп, арпалысып жүріп, диплом жұмысы да бітті. Сонда апай маған 100 балл сұраған екен, комиссия 98 балл қойыпты. Орынтай апайыма өте ризамын. Ол кісінің соншалықты шәкіртке деген сүйіспеншілігі мені таңғалдырды. Ешқашан қабағын кірбің шалмасын деймін, жақсылық болсын! Осындай ұлағатты ұстазымының болғанына, шынайы қамқоршым болғанына мен мың алғыс айтамын.

Жазып алған: Ақтолқын ЖҰМАҒАЛИ, журналистика факультетінің 3-курс студенті

СЕНІҢ ОРНЫҢ ТӨРДЕ ҒОЙ, ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ!

Сәби дүние есігін ашқаннан бастап, ата-ана оның бойында сыртқы факторлар әсерінен бүлінбейтін берік қамал іспетті тірек қалыптастыра бастайды. Сенің құдды аузынан түсіп қалғандай түріңмен бірге, сөзің, танымың, ойлау қабілетің, тіпті бір нәрсеге деген көзқарасыңа дейін сендей туындыда ата-анаңның қолтаңбасы айқын көрініп тұрады, яғни сендегі тәрбиенің көрінісі – ата-анаңның өзіндік стилі деген сөз.



Мені өсірген үйдегі ата-анам үнемі: «Бізді жаман атты етпе, қызым! Өзгелер, сен не істесең де, әке-шешесінен көргені сол деп қабылдайды!» деп айтады. Жалпы, әрбір қадамың – отбасыда көрген тәрбиенің көрінісі болмақ. Ал әлгі қадам қыз баланың болса ше? Онда тәрбиенің рөлі тіптен бөлек, тіптен маңызды, себебі бүгінгі қыз – ертенгі ана. Ал ана – бүкіл тіршіліктің күре тамыры. Бірақ, ата-ана тәрбиені беруін береді ғой. Перзентіне жамандық тілеп, кері қылықты үйрететін ата-ана жоқ шарғар жаһанда. Десе де, сол тәрбиені ата-ана тарапынан беру – бір бөлек те, есті қыздың тарапынан қабылдап, бойға сіңіру – тағы бөлек құбылыс. Айтпағым, шын өмірмен бетпе-бет келгенде тәрбие, жанбырдың суы ұқсап, буланып кетпеуі керек-ті. Осы жөнінде: «Сүйекке сіңбеген тәрбие – тәрбие емес!» деп жазды Әзілхан Нұршайықов баршамыздың сан рет қайталап оқыған «Махаббат, қызық, мол жылдарында».

Халқымыз, оларға төрден орын беріп, тіл-көзден сақтау мақсатында түрлі әшекей бұйымдар, көз моншақтар таққан. Қыз бала болса, сол ханшайымға көрсетілгендей қошеметке лайық болып өсуге міндетті болған.

Анам, бізге, яғни үш қызына үнемі айтып отыратыны бар: «Өмірдің қыз бала алдына міндеттеп қойған өз ережелері бар. Соларды сақтасандар қор болмайсыңдар!» деп. Мұның анасы қайдағы жоқта қандай ереже тауып алды тағы деп сөкпеңіз тек. Ырымдардан бастау алатын бұл ережелердің сыр-құпиялы түгі жоқ. Мәселен, жуылған қазанды төңкеріп қойма, көршілердің ыдысын бос қайтарма, қонаққа шытынаған кесеге шай құйма, ас ішіп болған соң, «тойдым» деме, «қанағат» де, кәрі жілік ұстама, пышақ жүзін көкке қаратпа, бос бесікті тербетпе, көрпешенің тұйығын төрге қаратпа деген сияқты бірқатар қағидалар біз үшеуіміздің Конституциямызға айналғалы қашан. Еріншектікке я салғырттыққа беріліп, бұл ережелерді назардан тыс қалдырып, орындамасам, анамның оқты көзіңді куәсі болатынымды білетінім. Ол оқты көзің соны немен аяқталатыны да біз үшеуімізге ғана аян болар еді. Кішкентайыма бұл нәрселерге нәліктен тыйым салынғанын сұрауды үнемі қызық көретін мен, «Мама, неге бұлай?» деп, не істеп жүрсе де, соңынан қалмайтынмын. Сонда, анам, мендей кішкене жүгермектің әрбір сұрағына ерінбестен, тура бір үлкен адамға сөйлегендей, толық жауап қайтаратынына таным бар. Қайран қалам... Менің тәрбиеме және менің өзіме танытқан дәл сол сабырлығы үшін мен оған бүгінде мың қайтара басымды иіп, алғысымды білдіремін.

Бір күні бала-бақшада «үш қызы бар әке – жәннатқа кіреді» дегенді естіп алған мен, әкеме келіп, «Папа, сіз жұмаққа кіретін болдыңыз, біздің арқамызда!» деп, міндетсініп, мақтанып қоймай, ол кісіні біраз қуанып-құлдірткенім бар. Сонда ол «Періштелер әуімің десін, қызым! Кірсем кейірім, сендердің арқаларында!» деген еді. Біраздан соң, 5 жасар мені үлкенім ғой деп шақырып алып, қыз тәрбиесі туралы Пайғамбардың (с.ғ.с) айтқан әлгі сөзін толық айтып-жеткізгісі келіп: «Қызым, кімде-кім үш қыз өсіріп, оларға жақсы қарап, ішіп-жегізіп, жақсы киіндіріп, жақсы тәрбие берсе және оларды (жақсы жерге) тұрмысқа ұзатса, жақсылық жасаса, Аллаһ тағала ол кісіні жәннатна кіргізеді», - деп айтып, бітіргені сол еді, мен: «Енді жақсылық жасап, әпермейсіз ба маған көйлек, не істеп жүрсіз?!» дептім. Иә, бес жасар ақылды ақымқ болған менің бар түсіңгенім сонда көйлек болар еді, бірақ жылдар өте «екі дүние сардарының» бұл сөзін мен тереңнен ұқтым. Әке деген, сол баяғы мен айтпақшы, қызының арқасында ғана жәннатқа кіретінін түсіндім. Айтпағым, әке ішіп-жегізсін, киіндірсін, барын салып тәрбие де берсін, бірақ перзенті ақылсыз, санасыз болса не ғайбыл? Тәрбиені соңғы тамшысына дейін бойыма сіңіріп, ол тәрбиенің дұрыстығын ісіммен дәлелдегенде ғана әкем жұмақ табалдырығын аттауға мүмкіндік алатынын ұқтым.

«Шіркін, сол кездің әйелдері-ай! Азамат орнына азамат та болды. Ақыл-ес айтар ақылман да болды. Отқа да түсті, суға да түсті. Бірақ бүк түсіп, белі сынбады. Егер олар сынғанда, елде ешкім қалмас еді», - деп жазады Шер аға, қазақ әйелі тақырыбы егжей-тегжейіне дейін ашылған «Ай мен Айшасында».

Қыз баланы тәрбиелеу – бүкіл ұлтты тәрбиелеу деген сөз екен. Ұлттың игі өмірінің кілті қыздыңана қолында. Қыз деген әдемілік пен сүйкімділіктің, әсемдік пен әдептіліктің, сыйпайлық пен инабаттылықтың, мейірбандылық пен мейірімділіктің символы деп біледі асыл халқымыз. Ендеше, ғасырлар бойы жинақтаған, ешбір өзге тәлім тең келмес қазақтың тәрбиесінен бір елі ауытқымай, шалыс баспай, жұлдызымыздың биікте, орнымыздың төрде екенін дәлелдейік, қазақтың асыл қыздары!

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰРПАҚҚА ҚАЛҒАН МОЛ МҰРА



Спорт – белгілі ережелер немесе дәстүрлерге сай көбінесе жарыс күйінде өтетін әрекет. Спорт жалпы алғанда, физикалық мығымдығы өте маңызды болатын (жеңіске немесе жеңіліске әкелетін) әрекетті сипаттағанымен, ақыл-ой немесе құрал-жабдық сапасы да маңызды рөл атқаратын ақыл-ой спорты және мотор спортына қатысты айтылады. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, моральді және затты қанағаттану үшін, өзін-өзі дамыту үшін шұғылданады.

Ал, қазақ жеріндегі спорт түрлері қалайша қалыптасты? Осы сұраққа жауап табу үшін қалың тарихты парақтай отырып, ұлан-байтақ жерімізде спорттың дамуына түрткі болған оқиғалардың хронологиясын құрастырып көрдік.

Қазақ жерінде спорттың алғашқы белгілері VII ғасырда пайда болды деген болжамды Араб халифатының Орта Азия елдеріне ислам дінін уағыздаумен қатар, шахматты тарату мен дамуына ықпал еткеніне қарап отырып, айта аламыз. Көне заманнан бастап, халқымыз садақ тарту, бәйге, күрес, сайыс сияқты көптеген спорт түрлерімен айналысып, өздерінің рухани байлықтарын толықтырып отырған. Ата-бабаларымыз әрдайым ұлттық спорт түрлерін, дене жаттығуларын жетілдіріп, оларды кейінгі ұрпаққа насихаттаған. Әр елдің, жүз бен болыстың өз бауыры, балуаны мен аты шыққан мықты спортшысы, мергені болатын. Олар өз руының намысын қорғап, қарсыласын жеңу үшін барлық күштерін аямайтын.

Қазақ спортының дамуына әр түрлі ұлт өкілдер арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың нығаюы айтарлықтай үлес қосты. 1918 жылдың бірінші жартысында шаруалар клубтарында жеңіл атлетика мен гимнастика үйірмелері ұйымдастырылып, жастарға спортты насихаттау жұмыстары жүргізілетін. Халық ағарту органдары мен комсомол ұйымдары қыруар жұмыс атқарып, халық күшімен әр түрлі спорт алаңдары мен жарыстарды өткізуге арналған ғимараттарды салған. Орынборда 1920 жылы I қазанда әскерге аттанатын жастарды спортқа баулу мақсатымен дене тәрбиесі нұсқаушылары мен тәрбиешілердің құрамынан арнайы ұйым құрылды. Бұл іске қатысқан адамдардың жартысы қазақ жастары еді. Бұдан кейін Ақтөбе, Гурьев (қазіргі Атырау), Орал, Верный (қазіргі Алматы), Орынбор, Петропавл, Қызылорда, Семей қалаларында ірі спорттық жарыстарды өткізуге арналған орталықтар бой көтереді. Дәл сол кезден бастап, Қостанай, Жетісу, Семей губернияларында спартакиадалар ұйымдастырылып, бұл жарыстарға елдің түкпір-түкпірінен келген мықты спортшылар қатысатын.

1925 жылы Семей қаласында әйелдер арасында спортты насихаттау мақсатында арнайы спартакиада ұйымдастырылған болатын. Дәл сондай спартакиадалар Орал, Петропавл, Алматы қалаларында ұйымдастырылып, қазақ спортының дамуына үлкен септігін тигізген. 1928 жылы Петропавл қаласында Бүкіл Қазақстандық бірінші спартакиада өз жалауын көтерген болатын. Осы спартакиадада футбол, жеңіл атлетика, қалашық (городки), қазақша күрес, баскетбол және нысана көздеу спорт түрлері ұйымдастырылған. Еліміздің спорт өнерінің дамуына 1931 жылы енгізілген «КСРО-ны қорғауға, еңбек етуге дайын бол» атты жарыс та өз септігін қосқан. Сол кезден бастап дене тәрбиесінен ұлттық кадрлар даярлауға көңіл бөліне бастады.

Қазақ спортының қалыптасуы айтарлықтай ұзақ кезеңді бастап өткері отырып, өз нәтижесін бүгінгі күні беріп келеді. Әр халықтың мықтылығы мен тектілігін, мәдениеті мен мінез-құлқын танытатын ұлттық ойындар болатыны белгілі. Соның ішінде жалпы ережесі қалыптасып, жарыс күнтізбесіне еніп, спорт түріне айналғандары да бар.

Негізі қазақ халқында ел арасына кеңінен тараған 200-ден астам ойындар бар. Оның көбінің қазіргі хәлі мүшкіл. Тіпті құрып кетудің алдында. Тек, ішінде кейбірі ғана ұлттық спорт түріне айналып, дамып келеді. Олардың қатарына қазақша күрес, тоғызқұмалақ, көкпар секілді ойындарды жатқызуға болар. Ал, мүлдем ұмытылып кеткен түрлерін қайтпекпіз.

Ұлттық спорт – ұлылығымыздың белгісі. Ұлттық ойындар әр түрлі тарихи кезеңдерде халық тұрмысының және мәдениетінің нақты және объективті көрінісі болған. Қазақтың ұлттық ойындары біріншіден біздің рухани байлығымыз болса, одан кейін келешек ұрпағымыздың денсаулығының кепілі. Ұлттық ойын түрлерін дене тәрбиесінің құралы ретінде пайдалануымыз қажет.

Бұл – атадан бізге қалған үлкен мұра. Сол мұраны дұрыс қолдану, келешек ұрпағымыздың рухани тәрбиесіне өзіндік септігін тигізетіні хақ. Өйткені, бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттығымыз бен кешегі келбетімізді жоғалтқымыз келмесе, ұлттық спорттың шетте қалуына жол бермеуіміз керек. Ол үшін де жұмыла-жұдырықтаса іске кіріскеніміз жөн.

Назгүл НАЗАР,
журналистика факультетінің
3-курс студенті

Әсел ҚОШАНБЕКОВА,
журналистика факультетінің
4-курс студенті

Пайдалы кеңес

Интернетке тәуелдісің бе, әлде интернет саған тәуелді ме?

Сіз интернетте ұзақ отырғанды жақсы көресіз бе? Таңертең тұра салысымен ноутбүгінді қосып поштаңызды тексеремісіз әлде өзіңіз ұнатқан сайттарды аша жөнелесіз бе? Құттықтаймыз, сізде интернетке тәуелділіктің алғашқы белгілері бар. Жо-жок, бұл психикалық ауытқу емес, бұл жай ғана жаман әдет.



Белгілері:

Сіздегі интернетке тәуелділіктің маңызды белгісі ол интернет ресурстарына деген тым қатты қызығушылықтың болуы. Тіпті сіз өзіңізге маңызы жоқ сайттарды еш себепсіз шұқылай бересіз. Мысалы делік, сіз поштаңызды маңызды хат келгені себепті ғана ашпай, жәй ғана хат келді ме екен деп тексересіз. Сізге пошта жәшігін ашып қарау процесі ұнағандығы себепті ғана ашуыңыз мүмкін.

Интернетке тым берілгеніңізді айналаңыздағы адамдардың жиі-жиі ескертпесінен де байқауға болады. Олардың «Сен интернетте көп отырасың!» деген алаңдаулы сөздерінен-ақ сіздің агенттегі мылжыңыңыз сіздің бар болғаны алтын уақытыңызды ұрлап жатқанын, жақын достарыңыз бен достарыңызбен реалды қарым-қатынас жасаудан қалыс қалдырып жатқандығын білермісіз?

Сондай-ақ интернетке тәуелділік пайда болғанын Интернетке және электр шоттарына қарыздың таудай үйілгенінен-ақ, сондай-ақ достарыңызбен кафеге барғанда алдымен «Мұнда вай-фай бар ма?» деп сұрағаныңыздан-ақ, және де таңертең шай мен тамағыңызды жеудің орнына компьютерге жүгіргендігіңізден білуге болады.

Бұл қауіпті ме?

Егер осы сұраққа сәл бас қатырсаңыз, аздап болса да виртуалды тордан алшақтайсыз. Еуропа өңірінде осы проблеманы белсенді түрде талқылап, тіпті арнайы интернетке тәуелділікке қарсы орталықтар құруда. Ал енді, менің ойымша Қазақстанда бұл мұндай бас қатырарлық проблема бар дегенге көбісі келісе қоймас. Дегенмен де, интернетке тәуелділік адам денсаулығына әсері бары сөзсіз.

Әрине, алдымен жанарыңызға әсері бар. Тіпті қандай да бір жаңа заманғы қорғаныс көзілдіргін киіп, жаңа модалы мониторды пайдалансаң да, ол сізін көзіңізді шаршау мен күш түсруден сақтай алмас. Көз бұлшық еттеріне үнемі күш түсетіндіктен, олар өз икемділігін (эластичность) жоғалтады. Көздегі нәруыз тартылған тамырлар әсерінен қызарып кетеді, ал көз маңайында әжімдер пайда болады. Көз алмасын босансыту үшін өзіңізді әр компьютер алдынан тұрған сайын көзіңізбен алысқа қарап тұруды үйреніңіз. Сондай-ақ Офтагель тәрізді көз тамшылары да жақсы әсер береді.

Интернетке тәуелділіктен туындайтын тағы бір жағымсыз жағдай — арканың жауырынның ауыруы, сколиоз, бүкірлік. Бұлар отырықшы өмірден туындайды және оларды емдеу соншалықты оңай емес. Бұндай келеңсіздіктерден құтылу үшін дәріханадан арнайы бандаж сатып алыңыз. Арқа ауырғанынан, сондай-ақ йогамен айналысу, суда жүзу көмектеседі.

Интернетке тәуелділіктің жағымсыз бір факторы — қоғамнан оқшаулану (асоциальность). Яғни, достарыңызбен кездеспей-ақ скайппен сөйлесесіз, ешкіммен де телефон арқылы хабарласып, уәдесудің керегі болмай қалады, себебі сіз е-майлмен хат жіберсеңіз, дүкенге де барудың қажеті жоқ, себебі интернет-дүкенмен тапсырыс бере салсаңыз. Интернетте неғұрлым ұзақ отырсаңыз, соғұрлым реалды қарым-қатынастан алшақтай бастайсыз, демек жаңа бейтаныстармен танысу барысында күйзеліске тап болу мүмкіндігі бар...

Мәлімет aitaiber.kz сайтынан алынды

Билл Тейтстің кеңестері



1. Өмір-әділетсіз. Тек оған үйрену керек
2. Қоғамға сіздің менмендігіңіз емес, ең алдымен жетістіңіз қажет
3. Мектеп бітірісімен бірден 50 доллар таба алмайсыз. Жетістікке жетпегенше ешкім сізге жеке жүргізушісі бар лимузин мінгізбейді.
4. Қазір сіз мұғалімдер тым талап қойғыш және өте қатал деп ренжисіз. Болашақта бастығыңыз болғанда көресіз!
5. Аспазшы болу-арыңыздың төмен дегені емес. Мұндай жұмыстың өзін әке-шешеніз немесе ата-бабаларыңыз тамаша мүмкіндік деп ескертер еді
6. Жеке сәтсіздіктеріңіз үшін ата-ананы кінәлаудың қажеті жоқ. Кесірінше, сол қателіктерге қарап дұрыс шешім

- шығара біліңіз.
7. Өмірде үздік атану мектепте озат болудан әлдеқайда жоғары. Кейбір мектептерде үздіктер мен нашарларды бөлмеу үшін баға қоймаса, шынайы өмірде мүлдем олай емес..
8. Алдағы өмірлеріңіз семестрлерге, демалыс күндерге бөлінбейтін болады.
9. Шынайы өмірді кинодан көретін уайымсыз өмірмен шатастырудың қажеті жоқ. Шынайы өмірде уақытыңыздың бәрін кофеханада емес, жұмыста өткізуге тура келеді.

(Жұлдыздар отбасы, №11 (149) маусым 2013.

Самал Әдігенқызының мақаласынан қысқартылып алынды).

ХАДИСТЕР

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар хадистері

Мұсылман — мұсылманның бауыры. Шынайы мұсылман бауырына опасыздық жасамайды, өтірік айтып алдамайды және тарыққанда қолдаусыз қалдырмайды. Мұсылманның арнамысы, дүние-мүлкі және қаны өзге мұсылмандарға харам.

Мұсылман адам отырғызған ағаштың жемісінен адамдар, жан-жануарлар немесе құстар жеген сайын қиямет қайымға дейін әлгі мұсылманға садақа есебінде сауап жазылып тұрады.

Аллаһ тағала мұсылман құлының басына келетін шаршап-шалдығу, ұзаққа созылған ауру-сырқау, уайым, құса-мұң, күйініш және қайғы-қасірет секілді қандай да бір ауыртпалық үшін, тіпті қолына немесе аяғына кірген кішкене тікен үшін де күнәларын жарылқап кешіреді.

Кімде-кім харамнан тыйылып арын таза ұстауға тырысса, Аллаһ оны арлы қылады. Ал, кімде-кім қолда барға қанағат қылып, ешкімнен тіленбесе, Аллаһ оны көңілі тоқ қанағатшыл етеді. Сондай-ақ, кімде-кім сабырлы болуға тырысса, Аллаһ оған терең сабыр береді. Ешбір жанға сабырлықтан үлкен әрі қайырлы сый бұйырмаған.

Қызғы қырлық үйден тыйу

1. Ешкімді жамандама. Ең жаман деген адамның да өз жақсылығы болады.
2. Есті қыз етегін қымтап ұстайды.
3. Әйелдің жалаңаш денесі еркектің ойын өзіне бөлгізеді. Жинақы жүр. Сонда еркек елендемейді.
4. Ешкіммен барқылдап ұрыспа, бағанды жоясың. Қарқылдап күлу, тарқылдап сөйлеу — дарақыллықтың белгісі.
5. Кісі кемшілігін көруге емес, түзеуге әуестен.
6. Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігітке оның жымығаны да жетеді.
7. Ауыз шешендік әркімде бар. Қыздың көп сөйлемегені абзал. Қыздың күлкісі, жымыюы, бас изеуі, көзқарасы, жүріс-тұрысы-сайрап тұрған сөз. Шошаңдаған қыз шешенің атына кір келтіреді.
8. Баласы арақ ішсе, шешесі у ішеді. Маскүнем — жақсы ананы ажалдан бұрын көрге кіргізеді.
9. Жақсы дос-жаман әкеден артық.

(Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық, мол жылдар» романынан үзінді).

Қазақы тыұымқар мен ырымқар

1. Белді таянбайды. Себебі жақын адам қайтыс болғанда жоқтау айтып жылаған әйел ғана белін таянады.
2. Жақты таянбайды. Қайғы-қасіреттен әбден қажыған адам ғана жағын демеу етіп, таянады.
3. Бетті басуға болмайды. Қайғы-қасіреттен қажыған адам ғана бетін басады.
4. Қолды тарақтауға, артқа қусырып жүруге болмайды. Бұл-қолы байланған тұтқынды еске салатын жаман ырым.
5. Белді босқа буынбайды. Өмірінде перзент көрмеген адам ғана белін босқа буынады.
6. Тізені, табанды тартуға болмайды. Ауруға шалдыққанда ғана тізе мен табанды тартады.
7. Тізені құшақтамайды. Бұл-«ұрпақсыз қалдым», «қу тіземнен басқа құшақтар қалмады» деген жаман ырымды білдіреді.
8. Жуған қолды сілкісе, ырыс-несібе кетеді.
9. Адамға қарап қолды шошайту әдепсіздік болып саналады.
10. Жүкті әйел шашын кеспейді. Өйткені мұндай қылықтан бақ таяды, іштегі баланың бақыты кемиді, кемтар туылады, қол-аяғы қысқа болады.
11. Екі қолды төбеге қойып отыруға болмайды. Басына қайғы-қасірет түскен адам ғана төбесіне қолын қойып отырады.

Бетті дайындаған: Мәулен ӘНЕРБАЕВ, журналистика факультетінің 3-курс студенті